

83.3/5(2) 4679/3  
С-31

С. Сейітов

ПУШКИН  
ЛИРИКАСЫН  
ҚАЗАҚ  
ТІЛІНЕ  
АУДАРУ  
ДӘСТҮРІ

ҚАЗАҚ ССР ФЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ  
М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

САҒЫНҒАЛИ СЕЙІТОВ

ПУШКИН  
ЛИРИКАСЫН  
ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ  
АУДАРУ ДӘСТҮРІ



Қазақ ССР-інің «ФЫЛЫМ» баспасы  
АЛМАТА — 1985

**Сейітов С.** Пушкин лирикасын қазақ тіліне аудару дәстүрі. — Алматы: Ғылым, 1985. — 169 б.

Еліміздегі туысқан әдебиеттердің тубегейлі творчестволық байланыстары мен ынтымағы, интернационалдық бірлігі жайындағы мәселемен көптен бері шұғылданып келе жаткан белгілі әдебиет зерттеуші, филология ғылымының кандидаты С. Сейітовтың бұл еңбегінде орыстың ұлы ақыны А. С. Пушкиннің лирикалық шығармаларын ана тілімізге аударудың бір ғасырдай уақыт ішінде қалыптасқан, дамыған дәстүрлері ғылыми тұрғыдан қарастырылады, бірсыныра өлеңдердің тәржімалары түпнұсқамен салыстырылады, көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері сөз болады. Монография әдебиетке ынтызар қауымға, студенттер мен аспирантарға ариалады.

Жауапты редактор  
филология ғылымының докторы  
М. БАЗАРБАЕВ

Рецензент  
филология ғылымының докторы  
Э. НАРЫМБЕТОВ

C 4603000000—128  
407(05)—85 89.85

© Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1985

## ҰЛТТАР ЫНТЫМАҒЫНЫҢ ҮЙТҚЫСЫ

**Т**арихтың тасқа таңба бас-  
кандай талассыз тағлымы

мынаны үйретті: жер бетін мекендерген ұлылы-кішілі халықтар мен ұлттар ешқашан томаға-түйік қалпында қалмай, өзге жүрттардың мәдениеті мен өнерінен нәрленуді үнемі мұрат тұтып отырған. Сөйтіп, олардың арасындағы рухани алмасу процесі үздіксіз жүріп, барған сайын даму, бірін-бірі байыту бағытында өрістеген. Ұлтық шектелушілік шеңберінен шығуға үмтүлу, өзінде барды өзгеге ұсыну, өзгенің өнегесін бойға дарыту — мәдениет тарихындағы прогресшіл дәстүр осылай орнықкан, өркен жайып, тамырын тереңге жіберген.

Адамзат қоғамы бір ұлттан ғана құралмай, жүздеген, тіпті мындаған ұлттардан тұратыны әркімге аян нәрсе. Қазіргі уақытта дүниеде екі мындей ұлттар, халықтар, тайпалар өмір сүреді екен. Оларды бір-бірімен экономикалық байланыссыз, рухани қарым-қатынассыз тіршілік кешеді деуге бола ма? Әлбетте, капитализм билеп-төстеген елдерде ұлт мәселесі дұрыс шешілмек емес, оларда, қайта, ұлт араздығын қоздыру, адамдарды бір-біріне алакөз ету сияқты дертер асқына түспек.

Ұлттардың, халықтардың қарым-қатынасындағы жаңа заманды — пролетарлық интернационализм достық, туысқандық, теңдік заманын бастаған Октябрь елінде ғана ұлт мәселесі бірден-бір әділ шешімін тапты. Қазіргі уақытта кемелденген социалистік қоғам жағдайында еліміздегі барша ұлттар мен халықтардың гүлденіп, көркеюі және рухани жағынан туыстасып, бауырласуы, етene жақындасуы өміріміздің түбегейлі заңына айналды.

Халықтар ынтымағын нығайту жолында көркем аударма елеулі қызмет атқарады. Континенттер мен мем-

лекеттер арасындағы мәдени, әдеби байланыстардың жаңа кезеңі басталған бүгінгі дәуірде прогрессіл әдебиет нұсқаларын жалпыға ортақ рухани қазынаға айналдырудың мәні де, маңызы да зор.

Аударма не үшін жасалады?

Орыстың ұлы ойшыл сыншысы В. Г. Белинский 1844 жылғы бір мақаласында көркем аударма мәселесіне тоқтала келіп, мынадай пікір түйген: «...аударма көбінесе түпнұсқаны оқымағандарға және оқуға мүмкіншілігі жоқтарға арналып жасалады, ең бастысы, бір халықтың тіліндегі әдеби шығармаларды екінші халықтың тіліне аудару ісіне халықтардың өзара таныстыры, идеялардың өзара ауыс-түйістігі, сонан келіп әдебиеттің көркеюі және ақыл-ой еңбегінің дамуы негізделеді»<sup>1</sup>.

Ол осы рецензиясында «поэзиялық шығарманы аудару логикаға, табигатқа және дене күшінің мүмкіншілігіне қайыш келетін іс» деп байбалам салған О. И. Сенковскийді батыл айыптайды.

Көркем аударма мәселесінің XIX ғасырдағы қойылысын аңғартатын осынау ой-пікір аринасы XX ғасырда, оның соңғы жиырма жылының табалдырығын аттаған кезеңдерде қалай кеңейіп, дамып, қандай деңгейге көтерілгенін дәлелдеп жатудың қажеттігі бола қояр маекен?

Аударма ахуалын әңгімеге арқау еткенімізде біз елімізде көркем аударма мектебі жасалғанын алдымен ауызға аламыз да, мұны совет өкіметі жылдарындағы зор жетістігіміз деп бағалаймыз.

Көп ұлтты әдебиетіміздің тарихына көз жіберсек, біз социалистік реализмнің дарынды шығармаларын бүкіл-одақтық оқырманның рухани игілігіне айналдыру жолында әр кезде иғі қадамдар жасалып отырғанын байқаймыз. Әсіресе, орыстың классикалық және советтік әдебиетінің үздік үлгілерінің ұлт тілдеріне тәржімалануы — мәдени өміріміздегі айтарлықтай құбылыс саналды, өйткені орыс әдебиеті қашанда рухани, эстетикалық, идеялық-адамгершілік байлықтардың асыл қазынасы, орыс халқының өнерпаздық кеменгерлігінің шыны болып көрінді, бүгін де солай және бұдан былай да солай бола бермек.

<sup>1</sup> Белинский В. Г. В. Шекспирдің «Гамлет» трагедиясының А. Кроноберг жасаған аудармасына рецензия.—Шығармаларының толық жинағы. М., 1948, 13-т., 163-б.

Әдебиеттердің өзара байланысының, ықпалының, бірін-бірі байтыуының маңызды шарттарының ішінде елеулі қызмет атқаратын көркем аударманың теориялық және практикалық мәселелері күн тәртібінен түсіп көрген емес. Бұл ретте, әсіресе, Алексей Максимович Горькийдің ролі ерекше аталуға тиіс. Ол совет жазушыларының Бүкілодактық бірінші съезіндегі (1934) сөзінде қаламгерлер бірін-бірі аударуға тиіс екенін ескертіп, үлкен де күрделі іске жұмыла ат салысуға шақырды. Ұлы ұстаздың осынау үндеуіне туысқан республика өкілдері қызу үн қосып, сол съезде сөйлеген сөздерінде ұлт жазушыларының шығармаларын насиҳаттау, аударма жұмысын жолға қою жайында пікірлер қозғады. Мәселен, Қазақстан делегаттары С. Сейфуллин мен І. Жансүгіров өлкे өмірін шыншылдықпен суреттеу, қаламгерлердің творчестволық қарым-қатынасын күшету жөніндегі толғыстыарын ортаға салды.

Горький 1934 жылы Азербайжанның «Колхозная газетасының» редакторына жолдаған хатында: «Одакқа енген әрбір халықтың әрбір шығармасы Одақтағы барлық ұлттар тіліне аударылып отыруын» қалайтынын білдірді.

Сөйтіп, отзынышы жылдардың бірінші жартысында ақ әдеби тәржіма ісі үйымдық-творчестволық маңызға ие бола бастады.

Совет жазушыларының Бүкілодактық екінші съезінде (1954) СССР халықтар әдебиеттерінің көркем аудармасы жөнінде арнаулы қосымша баяндама тыңдалуы, оның кеңінен талқылануы еліміздегі ұлттардың ынтымалын арттыру, олардың арасындағы рухани алмасуға молынан мүмкіндік жасау бағытында көркем аудармаға айрықша мән берілетінін абайлattы. Социалистік реализм әдебиетінің көрнекті өкілдері, аударма ісінің беделді теоретиктері мен практиктері П. Г. Антокольскийдің, М. О. Әуезовтің, М. Ф. Рыльскийдің тың тұжырымдар мен пайымдауларға толы баяндамаларында сөз өнерінің бір саласы көркем аударманың толғағы жеткен аса маңызды, актуальды мәселелері егжей-тегжейлі әнгімеленді. СССР халықтары әдебиеттерінің өзара аудармасы мемлекетімізді мекендеген бауырлас халықтар достығының жанды да нақты көрінісі екенін айта келіп, баянда машылар кітап бастырып шығару ісінде аударма әдебиеттің салмағы артып отырғанын атап өтті. Олардың

түйіндеуінше, аударма дегеніміз жазушылар арасындағы ең ұлы достықтың көрінісі. Дүние жүзіндегі тілдердің әр түрлі болып келетіні тәрізді ойды білдіру де әралуан, алайда ойлану заңдары ортақ. Сондықтан кез келген бір тілден кез келген екінші бір тілге аудару әбден мүмкін нәрсе. Баса айтылатын жәйт: ұлт жазушылары шығармаларының орыс тіліне аударылуы олар үшін дүниеге ашылған қақпа тәрізді. Қосымша баяндамада осындаі қағидалар мен тұжырымдар ұсынылды.

Советтік аударма мектебінің теориялық, практикалық проблемалары жөнінде арнаулы зерттеулер, мақалалар жарияласап, аса құнды пікір айтқан жазушылар мен ғалымдар қатары ондап саналады (К. Чуковский, М. Рыльский, А. Федоров, И. Кашкин, М. Эузов, А. Кундзич, Г. Гачечиладзе т. т.).

Одақтың әдеби басылымдар бетінде дүркін-дүркін айтыстар өткізіліп, онда не аударамыз және қалай аударрамыз деген тақырыпта әлденеше мақалалар жарияланды. «Литературная газета» алпысыншы жылдардың аяқ кезінде «Поэзия аудармасы және аударма поэзиясы» деген арнаулы айдар тағып, белгілі қалам қайраткерлерінің (Я. Смеляковтың, И. Абашидзенің, К. Кулиевтің, Вс. Рождественскийдің, А. Кулешовтың, Ж. Молдағалиевтің т. б.) газет редакциясы койған бес сұракқа қайтарған жауаптарын оқырмандардың назарына ұсынды. Аудармашының жауапкершілігі, ұлттық рухты, нәр-нақыстарды сактау, тіл бедеріне, бейнелеу жүйесіне адалдық, тұннұсқа топырағын, оның тарихы мен мәдениетін жете білу — аталған авторлар, міне осындаі тараптардан сөз қозғайды.

Ираклий Абашидзенің түсінігінше, аудармашы ақын жақсы актерге ұқсайға туіс. Нағыз тәржімашы қолына түскеннің бәрін талғаусыз тәржімалай бермей, өзіне рухани туыс санағаның ғана аударғаны ғанибет.

«Ерлікке толы еңбек» атты мақаласында Жұбан Молдағалиев қазақ поэзиясын орыс тіліне аудару мәсесіне тоқтала келіп, бұл саладағы жетістіктерді баяндайды, сонымен қатар классиктерді, соның ішінде Абайды одақтық оқырманға таныту барысында жіберілген кемшиліктерді, бурмалаушылықтарды сынайды. Қеменгер ақынның «Желсіз түнде жарық ай» өлеңінің орысша аудармасын жолма-жол қотармамен салыстыра отырып, Молдағалиев қазақшасында сүйген қызымен жолығу сәз-

тін қуткен жігіт аудармада әлдеқайдағы қашқынға немесе үйсіз-күйсіз кезбеке ұсал кеткенін дәлелдейді. Сондай-ақ ол «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» өлеңінің ажар-көркінен, өрнек-бояуынан айрылып, мүлде бүрмаланып аударылғанын атап көрсетеді. Шынында да қазақшасында:

Дүниеде, сірә, сендей маған жар жок,  
Саган жар менен артық табылса да, —

деп келетін екі тармақтың М. Замаховская тәржімасында:

Тебя одну люблю  
я в целом свете,  
А ты влюбленным  
потеряла счет, —

болып, адам танымастай өзгертуіне, теріс мағына беретін дүмбіlez дүниеге айналдырылуына көнудің жөні бар ма?

СССР жазушыларының VI съезінде біздің советтік мәдениетіміздің тағдыры, біздің советтік қоғамымыздың интернационалдық рухани өмірі көп жағдайда көркем аударма ісіне байланысты екені атап көрсетіліп, ол байыпты да мүдделі әңгіменің өзегі болды. Съезде көтерілген мәселелерді жалғастыра талқылау мақсатымен «Литературная газета» 1976—77 жылдары «Арифметика и алгебра перевода» деген атпен кең дискуссия үйімдастырды. Дискуссияға П. Антокольский, В. Солоухин, Г. Абашидзе сияқты акын, жазушылар, басқа да сыншылар мен филологтар да қатысты. Екі жылға созылған пікір аlyсу кезінде аудармаға тікелей қатынасы бар бірталай мәселелер (жолма-жол қотарманың қажеттігі немесе қажетсіздігі, тәржіманың дәлдігі, түпнұсқаға сәйкестігінің шек аралары т. т.) қамтылды.

Көп үлтты әдебиетіміздегі аударманың ақуалы, шешілмеген проблемалары туралы кейінгі жылдарда да дискуссиялық мақалалар жазылып, «Дружба народов», «Вопросы литературы», «Иностранная литература» журналдарының бетінде жарияланды. Көркем тәржіманың көкейкесті мәселелері жекелеген зерттеулерде, сондай-ақ «Аударма шеберлігі» атты арнаулы жинақтарда жанжақты қарастырылды. Сонда да сөз өнерінің бұл саласында әлі де даулы проблемалар аз емес.

Республика шенберінде орыс прозасы мен поэзиясы-

ның қазақшалануы хақында рецензиялар, мақалалар, брошюралар мен жинақтар, диссертациялық еңбектер бой көрсетті. Олардың тәуірлері белгілі бір кезенде белгілі бір міндеттерді атқарды да. Бірақ бірсының профессионалдық дәрежесі тәмен, аясы тар, айтары аз, тайыз болғандықтан, санатқа кірмей, сыртқары қалып қойды.

Бүкіл дүние жүзінде әдебиеттің дамуына зор ықпал жасаған орыс классиктері А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, Н. А. Некрасов тәрізді данышпан ақындардың неғізгі шығармалары ана тілімізге аударылғалы және бірнеше рет қайта басылымдары жарық көргелі қашан. Кезінде мерзімді баспасөзде сиректеу болса да жарияланатын азын-аулак рецензияларды атамасақ, бізде әлгі ақындардың поэзиялық дүниелерінің қазақшаға қалай аударылғанының жүйелі түрдө қарастыратын, ғылыми тұрғыдан толық талдайтын еңбек әзірше көрінбей келеді. Біз мұны толғағы жеткен түбегейлі мәселелердің бірі деп білеміз. Сондықтан да әлемдік әдебиет алыштарының бірі Александр Сергеевич Пушкин мұрасын қазақ ақындарының әр кезде қалай игергені, жұртшылық кәдесіне жаратуға қандай күш жұмысаны, жеткен межелері, ала алмаған асулары туралы ауқымды әңгіме қозғауды қажет деп таптық. Осының өзінде біз кеменгер ақынның ана тілімізге аударылған барлық поэзиялық шығармаларын тұтас алмай, тек лирикасына тоқталуды макұл көрдік. «Евгений Онегинді» ескермегенде, поэмаларының тәржімасын тіпті шолу түрінде қарастырудың өзі зерттеуіміздің көлемін орынсыз көбейтіп жіберетіндей көрінді. Басқа поэмаларын тәптіштеп жатпай-ак, тек «Гаврилиаданың» біздегі екі нұсқасын—Ілияс Жансүгіров пен Қалижан Бекхожин аудармаларын салыстыру, түпнұсқаға қайсысының қай тұста қалай жақындағанын анықтау тәрізді мақсаттан ариналы ғылыми еңбек тууы әбден ықтимал нәрсе емес пе?

Ал, ұлы ақын лирикасын айырым күйде алып, оның қалай қазақшаланғанын талдап тексеру бір айдың немесе бір жылдың шенберіне сыймайтын ауқымды, аса курделі де киын жұмыс. Осы арада қазақтың «инемен құдық қазғандай» дейтін сөзі еріксіз еске түседі. Сондықтан барша лирикасын қамтymай, тек айтұлыларын, әйгілілерін ғана бөліп алып, салалап, саралап сөз ету керек болды. Оның үстіне, бір өлеңнің әр жылдардағы

бірнеше аудармасын жіті қаастырып, өзара салғастыру, алдыңғы аудармаға қарағанда соңғысында түпнұсқаның қандай дәрежеде игерілгенін анықтау міндепті түрді. Сол сияқты бір ақынның ертеректе жасаған тәржімасына әлденеше рет оралып, үнемі өзгерістерге ұшыратып отырғанын ескеру, сонда оның қандай мағыналық, көркемдік ұтыс тапқанын табан ізі бойынша белгілеу, дәлдігі мен дәлелдігіне көз жеткізу үнемі естен шығармайтын шарттың біріне айналды.

Орыстың классикалық поэзиясының қазақшаға қалай тәржімаланып жүргенін түбегейлі тексеріп, зерттеуге идет еткен шакта Лермонтовқа немесе Некрасовқа соқпай, Пушкинге тоқталуымыздың себебі неде? Мұның көкейге қона кеткендей түрлі себептері бар. Солардың басты-бастылары мынадай:

Біріншіден, Пушкиннің қазақ жерінде болуы, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен танысуы, оның мәдениетіне ыстық ықылас білдіруі о заманда да, әсіресе, бұл заманда да еңбекші елдің жүргегінде оған деген айрықша қадір-күрмет сезімін туғызыды. Ақынның жәбір-жапа шеккен халыққа іш тартып, жана шырылық байқатуы қастерлі қасиет ретінде талай ұрпақтың зердесінен орын алып, көңілінде мәңгілікке орнықты. Пушкиннің қазақ халқына ілтишаты, халқымыздың Пушкинге деген сүйіспеншілігі қос арнадай қосылып, әсем тұтастық тапты.

Тарихтан мәлім, Қазақстан қазақ халқы жайлы әңгімелер Пушкин құлағына ерте шалынған ол 1823—24 жылдары Одессада айдауда жүрген кезінде әйгілі шығыстанушы, ғалым А. Левшинмен достасып, қазақ елінің тұрмыс қалпы, әдет-ғұрпы жайында біраз әңгімелер естиді. Кейін, 1832 жылы Левшиннің «қырғыз-қайсақ немесе қырғыз-қазақ ордалары мен далаларының сипаттамасы» атты үш томдық кітабы басылып шығады. Бұл еңбек ақынның Қазақстан, қазақ халқы жайындағы ұғым-түсінігін терендептіп, алған әсерін молайта туследі.

1833 жылы Пушкин атышулы Пугачев қозғалысы болған жерлерді өз көзімен көрү, болашақ кітабына қажетті материалдар жинау мақсатымен Орынбор өлкесіне, онан Батыс Қазақстанға, Орал қаласына келеді. Сол жылдың 21—23 сентябрінде Оралда болып, Жайық жағасындағы қаланы аралайды, Пугачев тұрған үйді көреді, шаруалар қозғалысына қатысқан адамдарды іздесті-

реді, типті, Пугачевті жақсы білетін қазақ кемпірін кез дестіреді.

Жолшыбай Орынбордан Оралға қарай келе жатқанда Пушкин қазақ ауылдарын көреді, күздің көнілсіз көріністері, айналадағы жабырқау тіршілік ақынды ойға батырады. Төңірегінен ағаш атаулыдан жалғыз бұта көре алмаған ол қасындағы серігі, жазушы Владимир Дальге: некеленуші әрбір қазақты ағаш отырғызуға міндеттеу керек, сонда «мына далада орман жайқалатын болады» деп әзілдеген көрінеді.

Пушкин атақты «Қозы Қөрпеш—Баян сұлу» поэма-сына аса зер салып, қатты қызыққан. Нәтижесінде қасындағы жол серіктерінің біреуіне жырдың оқиға желісін, мазмұнын жаздырып алған.

Пушкиннің Қазақстанмен байланысы Оралда өткізген екі тәулікпен шектелмейді (акынның өзі үш күн болармын деп есептеген). Сол сапардың ізін біз оның «Пугачев тарихы» мен «Капитан қызы» сияқты шығармаларынан да көреміз. Алдыңғысында қазақтардың Пугачев көтерілісіне қатысқаны айқын аңғарылады («...ал қазақтар болса ұрысқа әзірлене бастады...»). «Пугачев тарихының» айрықша бір мәні мынада: мұнда аз ұлттардың тағдыры туралы мәселе көтеріліп, қарапайым халық, еңбекші қазақтар екі бірдей езгіде екені көрсетіледі.

Екіншіден, Пушкин музасының қазақ даласында жаңғырыққанына міне, жұз жылға таяп қалды. Тұған халқымыздың рухани өміріне бір ғасыр бойы үнемі ортақтасып, әдебиетіміздің өсіп-өркендеуіне, жаңа белгелі көтерілуіне зор идеялық-эстетикалық ықпалын тигізіп келे жатқан кеменгердің жарқын бейнесі бізді қашандар рухтандырып, поэзияның биік шындарына қарай ұмтылдырып отырады.

Пушкинді халқымызға ең алғаш таныстырыған анау-мынау ақын емес, атап айтқанда атақты Абайымыздың өзі болуы мәдениетіміздің де, әдебиетіміздің де абыройы. Ұлы ақынды ұлы ақын ғана түсініп, сөйлете алатын еді. Абай орыс әріптесінің көркемдік дүниесін қазақ топырағына көшірудің таңғажайып тәсілін тапты, оны «қазақыландырып» та жібермеді, түлкі тұлғасын сактаймын деп «сірестіріп» те қоймады. Ол ұлттық поэзия-мызға мұлде жаңа өлең мәдениетін, өрнек, бояу нақыстарын, бейнелеп ойлау жүйесін енгізді.

1887—89 жылдар қазақ поэзиясындағы Пушкин жылдары болып рухани тарихымыздың төрінен берік орын алды.

Міне, соナン бергі дәуірімізде бізде Пушкинге деген ықылас, ілтипат ешбір бәсендеген емес. Оның өлеңдері мен поэмалары, прозалық және драмалық шығармалары жекелеп те, жинақ күйінде де дүркін-дүркін жарық қөріп, талай ұрпақтың кәдесіне жарады. Отызының жылдардың орта шенінен бастап көп томдық шығару дәстүрі орнықты.

Оқінішке орай, осынша мол қазына, ұзак мерзімді қамтитын қыруар еңбек зерттеуші ойдың сарабына салынбады, салмақты, сындарлы жұмыстың объектісіне айналмады.

Әлбетте, Пушкин туындыларын тәржімалаудың өзіне ғана тән қындықтары, өзгешеліктері жоқ емес.

Пушкин поэзиясын, оның ішінде лирикасын аударудың көркемдік өзгешеліктерін зерттеуді уақыт талабының өзі алға қойды.

Үшіншіден, біз ілгеріде Пушкиннің Қазақстанмен байланысы Оралда өткізген екі тәулікпен шектелмейді дедік. Бұлай деуіміздің мәнісі бар.

Дүниежүзілік әдебиет алыптарының, орыс классиктерінің арасынан біздің үлттық поэзиямызға дәл Пушкиндей құдіретті ықпал жасаған және сол ықпалы барған сайын үдеп келе жатқан басқа бір ұлы ақынның атын атаяй қою қын. Пушкин поэзиясының ана тілімізге аударылуы әдебиетіміздің қорын байытып қана қойған жоқ, сонымен бірге ақындарымыз үшін үлкен шеберлік мектебіне айналды. Оның лирикалары мен поэмаларын аудару поэзиямыздың тынысын кеңейтті, көркемдік дүниесін байытты, өз топырағымызда бұрын-сонды кездесіп көрмеген жаңа суреттеу құралдарын табуымызға көмектесті.

Орасан олжамыздың бірі — бізде, қазақ поэзиясында Пушкин образы жасалды. Республикамызда оған жырөлең арнамаған бірде-бір ақын жоқ деуге болады. I. Жансүгіровтен, Т. Жароковтан, F. Ормановтан бастап бүгінгі аға, орта буын, жас лек санатындағы қalamгердің ішінде Пушкинге бір соқтай өткендегі кемде-кем. Мәселе әйтеуір бір арнауда емес, сол арнауларды Пушкин ойларымен, образдарымен нәрлендіруде десек, бұл тарапта да жеміссіз емеспіз. Солардың бірсыптырасы ау-

дарма арқылы да келгенін атап өтуіміз керек. Мәселен, Тайыр Жароковта кездесетін «Мүйізі алтын айдың, көкті сұзіп» дейтін тармақтың төркіні Пушкин музасында жатыр. Ілияс Жансүгіров «Көбік шашқан» поэмасына кірісерде дәлтерінің шетіне «Мыс салт аттыны» оку керек! деп жазып қойған. Жұбан Молдагалиев «Пушкин-ді көрген бұл жерлер» деп аталатын шоғыр жырларында акын өміріне тікелей байланысты жәйттерге назар аударады («Святогорск монастыры», «Анна Керн сүрінген тас»).

Міне, осындай себептердің басы қосыла, тоқайласатоғыса, түйіндесе келіп, бізді дәл осынау тақырыпқа — Пушкин лирикасын қазақ тіліне аудару дәстүрі тақырыбына батыл баруға бастады. Мәселенің ішіне кіру, оны негұрлым жан-жақты қарастыру кажеттілігі осылай тұды.

Көркем аударма — халықтар достығының дәнекері, ұлттар ынтымағының үйтқысы. Пушкин мұрасын игеру, халқымыздың рухани игілігіне айналдыру осы әрнада өрістеп, біздің бүгінімізге де, ертеңгімізге де қызмет ететіні хак.

Көніл көзін келешекке қадап, алдағыны бағдарлай болжай білген данышпан Пушкин бір кезде «халықтар араздықты ұмытып, ұлы семьяға бірігеді» деп кәміл сенген болатын.

Адамзат тарихында жаңа заманды бастаған ұлы Октябрь «халықтар тұрмесі» атанған патшалық империяны жер бетінен біржола аластанды. Осының нәтижесінде социализмің тарихи жеңістерінің біріне — советтік қоғамның идеялық-саяси, әлеуметтік және интернационалдық бірлігіне қол жетті. Лениндік партияның дана саясатының арқасында осы бірліктің объективтік негіздері жылдан жылға кеңейіп, нығайып келеді. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуының партия белгілеген жоспарларының жүзеге асырылуы қоғаммыздың таптар мен топтардың жақындаса түсіп, оның әлеуметтік біртектігінің артына жағдай жасауда. Қоғаммыздың адамдардың әлеуметтік, интернационалдық жаңа қауымы — біртұтас совет халқының пайда болуы біздің ұлы жеңістеріміздің бірі. Социалистік реализм әдебиеті мен оның қайраткерлері халықтар туысқандығын, әдебиеттер бауырластығын бұдан былай да нығайта беруді өздерінің асыл мұраты санайды.

## СӨЙЛЕЙДІ ПУШКИН ҚАЗАҚША

«Дабысым ұлы Ресейге ке-  
тер жалпақ, тіл біткен  
жүрер менің атымды атап» деп оның өзі айтқандай, жа-  
на орыс әдебиетінің атасы, барлық ғасырлардың, бар-  
лық халықтардың ақыны, бостандықтың ұлы жыршысы  
Александр Сергеевич Пушкиннің тамаша туындылары  
бұл күнде бүкіл планета елдерінің тілінде сөйлейді.  
Орыс әдебиетінің тарихы Отан даңқын аспандаға көтер-  
ген небір майталмандардың есімдерін жақсы біледі. Со-  
лардың қатарында Пушкин есімі біздерге, Советтер елі-  
нің азаматтарына айрықша ардақты. Әдебиеттің реали-  
змге, халықтықça шұғыл бет бұруы, орыстың әдеби тілі-  
нің негізін қалау Пушкиннен басталады. Оның творчест-  
восы ауқымдылығы мен әр алуандығы, терендігі мен  
кемелдігі жағынан тұтас бір көркем дүние. Ол Россия  
шешберінен шығып, дүние жүзілік тарихтың кезеңдерін,  
шет елдер мен халықтардың болмысын әдебиеттің бар-  
лық жаңырындағы шығармаларында мейлінше жарқын  
бейнелеген данышпан суреткер. Халықтардың оған де-  
ген ыстық махаббаты ешуақытта сұып көрген емес.  
«Пушкин мәңгі жасайтын, еңселене түсетін, ажал қарма-  
ған нүктеде тоқтап қалмай, қоғам санасында үздіксіз  
дами беретін құбылыстарға жатады»<sup>1</sup>.

Пушкин шығармалары Россияны мекендейген халық-  
тардың тілдеріне революцияға дейінгі дәуірдің өзінде-ак  
тәржімалана бастаған. Украина тіліне оның «Құзғынға  
құзғын кездесті» («Ворон к ворону летит») өлеңі 1830  
жылы, «Полтава» поэмасы 1836 жылы (акынның тірі  
кезінде) аударылған, ал «Евгений Онегин» романының  
бірінші тарауын ақын, революционер П. А. Грабовский

<sup>1</sup> Белинский В. Г. О русских классиках. М., 1979, с. 462.

1831 жылы Иркутск түрмесінде отырған кезде украиншалаған. «Пайғамбар», «Бұлбұл», «Бұлт» өлеңдері армян тілінде 1843 жылы жарық көрген. Грузиннің әйгілі ақыны Илья Чавчавадзе «Пайғамбарды» 1857 жылы ана тіліне қотарып, 1861 жылы «Цискари» журналында жариялаған. Азербайжанды Пушкиннің алғаш аударылуы 1880—81 жылдар деп саналады. Татар жұртшылығы оның шығармаларымен өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында таныса бастаған: ертектері 1898 жылғы жинаққа енгізілген, 1899 жылы «Бақшасарай фонтаны», 1901 жылы «Балықшы мен балық туралы ертегісі» тәржімаланған. Ал біздің ұлы Абайымыз Пушкинді халқымыздың рухани қазынасына айналдыру мақсатына сек сенінші жылдардың аяқ кезінде (1887—1889) кіріскең. Сөйтіп, ол дүниежүзілік әдебиеттің асыл ескерткіші «Евгений Онегинді» қазақша сөйлеткен. Түгел аудармай, кей тарауларын Онегиннің сипаты мен Ленский сөзінен басқа тарауларын эпистолярлық роман үлгісіндегі хат түріне түсірілген нұсқаларын ұсынған Абай көркем аудармадағы дәлдіктің де, еркіндіктің де мысалын көрсетеді. Оның дәлдігі — әріптің, сөздің дәлдігі емес, көніл күйінің, образ жүйесінің, сөз бедерінің асыл нұсқаға сайма-сайлығы, сәйкестілігі.

Абай аудармада тұнұсқаның мағынасын барынша дұрыс беріп, берік сақтайтынын Татьянаның Онегинге жазған бірінші хатының қазақшасынан-ақ айқын аңғарамыз. Бірнеше мысал келтірейік.

Пушкинде:

Зачем вы посетили нас?  
В глухи забытого селенья  
Я никогда не знала б вас,  
Не знала б горького мученья.

Абайда:

Келмесең егер сен бізге,  
Сау болмас па ем, әлбетте?  
Болмасам ашық мен сізге,  
Түспес ем мұндай бейнетке.

Пушкинде:

Я знаю, ты мне послан богом,  
До гроба ты хранитель мой...

Абайда:

Тәңірмнен келген бұл жарлық,  
Ием — сенсің өлгенише,

**Пушкинде:**

Другой!.. Нет, никому на свете  
Не отдала бы сердце я!  
То в вышнем суждено совете...  
То воля неба: я твоя.

**Абайда:**

Өзгеге ешбір дүниеден  
Еркімен тимес бұл жүрек.  
Әзелде тағдыр иеден,  
Қожам — сенсін, не керек.

**Пушкинде:**

Но так и быть! Судьбу мою  
Отныне я тебе вручаю,  
Перед тобою слезы лью,  
Твоей защиты умоляю...

**Абайда:**

Не болса да өзімді  
Талсырдым сізге нальынып.  
Толтырып жасқа көзімді,  
Есірке деймін жалынып.

Міне, орыс қызы Татьяна қазақша осылай толғанады, оның жүргегін кернеген мәлдір махаббат сезімдері осылай шертіледі.

Абайдың аудармада түпнұсқаға мейлінше жақын, тіпті пара-пар келіп, теңбе-тең түсіп отыратынын «Онегиннің силаты» толық ыспаттайды. Орысшасы мен қазақшасын қатар оқып, салыстырган адам бұған ешбір күмәндандайтын.

**Орысшасы:**

Как рано мог он лицемерить,  
Таить надежду, ревновать,  
Разуверять, заставить верить,  
Казаться мрачным, изнывать,  
Являться гордым и послушным,  
Внимательным иль равнодушным!  
Как томно был он молчалив,  
Как пламенно красноречив,  
В сердечных письмах как небрежен!  
Одним дыша, одно любя,  
Как он умел забыть себя!  
Как взор его был быстр и нежен,  
Стыдлив и дерзок, а порой  
Блистал послушною слезой!

**Қазақшасы:**

Жасынан түсін билеп, сыр бермеген,  
Дәмеленсе, күндесе, білдірмеген.  
Нанасың не айтса да, амалың жок,  
Түсінде бір кәдік жок «алдар» деген.  
Кейде пан, кейде қөнгіш орныменен,  
Кейде елеусіз, кейде ынтық формыменен,  
Кейде үндемей жүрсе де сөзге баяу,  
От жалындай жауапкер құрбыменен.  
Фашықтық сөзге жүйрік әсіресе,  
Дем алысым, құмарым — бір сен, — десе,  
Жаңым құрбан жолына қылған жансып,  
Көз қарауы құбылар әлденеше,  
Кейде үялшақ, төменшік, кейде тіп-тік,  
Қамықсансыр, қайғырыш, орны келсе.

Алдымен мұнда қазақ өлеңінде бұрын-сонды ұшыраслаған мәнді де нәрлі сөз кестесі бірден жан-жүйенде баурап, көңілдің көкжиегін кеңейтіп жібереді. Бұған дейін ұлттық поэзиямызда кездесетін кейіпкердің сырт тұлғасы мен ішкі дүниесін ешбір ақын дәл осылайша қабыстыра суреттей алған емес. Бұл — психологиялық портреттің қызықты бір түрі.

«Онегиннің сипаты» алғашқы тармақтарынан бастап соңғы інумактарына дейін қолтума дүнис тәрізді қабылданады, оның өзге тілден тәржімаланып отырғаны ә деғеннен байқала бермейді. Бірак бұдан Абай Пушкин шығармасын қазақы ұғымға мүлде ыңғайлап, оған күпі кигізген деген тұжырым тұмасқа тиіс. Айналасы теп-тегіс, жұмыр келіп, қазақша жатық оқылатын, сырт қарғанда тілге женіл көрінетін бұл аударма түпнұсқаның төркінін бүркеп тұрган жок.

Абай орыс ақынының данышпандық туындысын қалың елі, қазағы, қайран жұртының рухани игілігіне айналдырудың оңай жұмыс еместігін мейлінше терең түсінген. Сондықтан да ол мазмұнын да, мағынасын да әлсірептей, дәл жеткізуге, жалпы рухын мықтап сақтауға қатты зер салған. «Как только он был молчалив, как пламенно красноречив» тармақтарының: «Кейде үндемей жүрсе де сөзге баяу, от-жалындай жауапкер құрбыменен» деп қазақшалануы асқан шеберліктің айғағы. Сондай-ақ: «Как он умел забыть себя! Как взор его был быстр и нежен» жолдары да соншама дәл, соншама көрікті көркем тәржімаланған. «...Умел забыть себя» тіркесі сөзбе-сөз қазақшаланса не болып шығар еді? Со же секілді «быстр и нежен» Абайша алынбай, басқаша алынса қандай мағынасыздыққа апарып соктырап еді

Ал «Онегиннің сипатының» соғы шумағы қалай қазашаланғанына көніл бөлейік:

Орысшасы:

Как рано мог уж он тревожить  
Сердца кокеток записных!  
Когда ж хотелось уничтожить  
Ему соперников своих,  
Как он язвительно злословил!  
Какие сети им готовил!

Қазақшасы:

Жасынан көрсе оны ақылы сасқан,  
Не сүркія жандарың жұрттан асқан.  
Женуге, қор қылуға тағы да ұста,  
Өзіне құндес шықса, жол таласқан.  
Ажуага, қорлауға тілі орамды,  
Не түрлі тұзак құрып көnlін басқан.

Біз мұнда да Абай тапқырлығының ұстамдылығының күесі боламыз. «Как он язвительно злословил!» тармағын «Ажуага, қорлауға тілі орамды» деп тек ұлылықтың иесі ғана айта алатын күшті балама тапқан. Егер «Онегиннің сипатын» тұтас шолып шықсак, мынадай жәйттерді байқаймыз.

Формальді жактан қарағанда да түпнұсқа мен аударманың жол саны бірдей 34 жолдан тұрады. Әлбетте, мәселе жол санының бірдейлігінде ғана емес. Аудармадағы сөз саны түпнұсқадағы сөз санына түп-тура келуі, екеуінің дәлме-дәл болуы шарт па? Әрине, жок. Аудармада сөзді санамай, салмақтау керек деп, ежелгі Римнің көрнекті мемлекет қайраткері, саяси ойшылы, философы, шешендік сөздің теоретигі Марк Туллий Цицерон бекер айтпаған.

Белгілі бір ақынның поэзиялық шығармасын ана тіліне аударуға кірісерде аудармашы алдымен түпнұсқаны аңғару процесін бастан кешіреді. Аңғару дегеніміз мазмұн мен мағынаға ғана байланысты болмай, тәржімаланғалы отырған туындының формасын да қамтуы мүмкін. Яғни аудармашы қандай өлең өлшемін қолдану қажеттігін де бірден ішке туюі ғажап емес.

Поэзиялық шығарманы аударғанда кейде бірер эпитеттің немесе басқа бір сөздің түсіп қалатыны да болады. Мұндағы мақсат — түпнұсқадағы негізгі нәрсені алдымен ескеру, міндettі түрде тәржімалануға тиістіні тасада қалдырмау, ұмытып кетпеу. Оқырман аудармадан түпнұсқаның жалаң көшірмесін емес, жекелеген сөз-

дерін емес, көрікті келбет-кескінің көргісі келеді. Ол кескін-келбет айна-қатесіз, дұрыс, реалистік сипатта суреттегуі қажет. Абайға жанастыра айтканда біз оның аудармасынан нақ осы асыл қасиетті аңғарамыз. Пушкин романындағы бас кейіпкердің ішкі дүниесін, мінез-құлқын айқындайтын сипаттаманың философиялық тереңдігі, салмақтылығы мен сындарлылығы, сөз образдарының ірілігі қазақшада қалайша дәлме-дәл, шебер қыстырылғанына қайран қаласыз. Рас, тәржімада «разуверять», «казаться мрачным, изнывать» сөздері түсіп қалған. Бірақ «разуверять» ізсіз кетпей, сол шумақтың үшінші, төртінші тармақтарына сіңісп тұр. Сондай-ак: «Как рано мог он ум тревожить сердца кокеток записных!» жолдары аудармада басқашалау етіп берілген. Сонда да «Онегиннің сипаты» мазмұны, мағынасы, көркемдік қуаты жағынан Пушкин туындысымен туысып, тен түскендей. Абай сөздің қарапайым мағынасын сол күйінде қазақшалай салмай, поэзия өрнегіне түсіреді, яғни өлеңді өлең тілімен аударады. Ол әріпке жабыспайды, логикаға сүйеніп, қайткенде тұпнұсқаның рухын дәл беру жағын көздейді. «Как рано мог он лицемерить» дегендеге «как рано» сөзін «тым ерте» түрінде қарапайым мағынасында алмай, «жасынан» баламасын қолданады. «Лицемерить» екі жүзділік емес, «түсін билеп, сыр бермеген» тіркесі арқылы орайластырылады.

Аудармада асыл нұсқаның рухын сақтау үшін мағынасына, мәніне қарай кейде жеке сөздерді өзгерту сияқты әдеттер әдебиет тарихында кездесе береді. Генрих Гейненің бір өлеңін Ф. Тютчев те, М. Лермонтов та аударған. Екеуі де классиктер. Бірақ көркем сөз тарихында Лермонтов аудармасы орыс поэзиясының маржаны ретінде бағаланады да, Тютчев тәржімасы факт ретінде аталып қана өтеді. Мысалы: немісшесінде ат қойылмаған, өзі мужской родта тұратын осы өлеңді Лермонтов женский родқа айналдырып, «Сосна» деп аударған, ал Тютчев мужской родты сактап кедр деп алған да, аудармасына «С чужой стороны» деп ат қойған. Солтүстікті ол Гейнеде жоқ «жабыңқы» сөзімен суреттеп, «бұрқасын» сөзін қосқан, құрма ағашының жас екені айтылмаған. Гейнеде құрма ағашы «үнсіз қиялға беріліп» тұрса, Тютчевте — «жалғыз өзі гүлдел тұр». Лермонтов болса, қарағай мен құрма ағашы образдарын тереңдетіп, жалғыздық, айрылысу, мұңға бату, бірін бірі аңсаған екі жан тақырыбын шебер шешкен.

Абай да орыстың ұлы ақынының ұлы туындысынан үзінді аудара отырып, өзінің данышпандығын, асқан шеберлігін танытатын тамаша шығарма тудырған. Біз оған аба б в в г д е е д ж ж тәртібімен кезектесіп келетін үш пар женский, төрт пар мужской ұйқастарынан құрылатын «Онегиндік шумақты» неге сақтамаған деп кінә тақпаймыз.

«Татьянаның Онегинге жазған хаты» мен «Онегиннің сипатын» оқып отырғанда көркем аударманың түбекейлі принциптері еріксіз ойға оралады. Осы орайда аудармашы-акын А. К. Толстойдың мынадай бір пікірін келтірейік: «Мен, мүмкіндігінше, түпнұсқаға адал болуды көздеймін, бірақ бұл адалдық немесе дәлме-дәлдік көркемдік әсерге зиянын тигізбейтін болсын деймін... Мен сөзді аудармау керек деп ойлаймын»<sup>2</sup>.

Біздіңше, Абай «Евгений Онегинді» әріп қуалай аудармай, мағынасын, образын сактауды мақсат тұтқан. Осы әдіспен, осы жолмен ол небір көркем балама (эквивалент) тауып түпнұсқаны кайта көріктендірген, өрнектеген, айшықтаған. Абай қазақшалаған «Ленский сөзін» оқып көрейікші:

Барасың қайда, қайда, болмай маған,  
Жас өмір алтын-күміс жарқылдаған.  
Келер күн келеді еken не дайындалап?  
Караңғы, қарағанмен болжай алман.

Орысшасы:

Куда, куда вы удалились,  
Весны моей златые дни?  
Что день грядущий мне готовит?  
Его мой взор напрасно ловит.

Осы аударманың эмоциялық қуатында қапы бар ма? Дәлдігінде ше? Тағы да қайталаймыз: Абай Пушкин мұрасын қазақшалағанда сөздің қарапайым мағынасынан гөрі, ой, сезім серпіндерін дәл беруге көбірек зер салады. «Весны моей златые дни» тармағын ол «көктемімнің алтын күндері» дей салмай, «Жас өмір алтын-күміс жарқылдаған» деп айшықты өлең жолын айналдырады. Жас өмірді сипаттағанда оны бір ғана алтынға балау аздық ететіндей, алтынға күмісті қосақтайты, жайшылықтағы күйкі тірлік емес, жарқылдаған жастық кезең екенін аңғартады.

<sup>2</sup> Толстой А. К. Полн. собр. соч. Спб., 1907—1908, т. 4, с. 128—129.

Бір мәселені елеусіз, ескерусіз қалдыруға болмайтын тәрізді. Ол Абайдың осы аудармада қазақ ұғымына жақын теңеулер мен метафораларды (кіктің лағы, піскен алма, тоты құс тәрізді) қолдануына байланысты. Біздіңше, Абай осындай өзіндік суреттеу құралдарын пайдаланған шақта романның негізгі кейіпкері Татьяна бейнесінің тұтастығына, сөз бедеріне, Пушкин поэзиясының рухына нұқсан келтірмеген. Рас, Онегинді сипаттағанда түнүсқадан алшақтап, оның образын басқашалау етіп алған, Абай өзінің аудармасында осы образдың қайшылығын біраз күштейтікіреп жіберген тәрізді. Басқасын былай қойғанда, мұны аудармада «Онегиннің өлердегі сөзін» («Жарым жақсы киім киіп») берудің өзі-ақ ыспаттай алады.

Абай аудармаларының тағылым аларлық өнегесі ол еркін аудармада да поэзияның поэзиялық қасиетін берік сактауды басты борыш санайды. Ол тыңдаушының (Абайда «оқушы» деген сөз кездеспейді, мұның орнына «сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деп отырады) сол тұстағы оқымаған, сауаттан кенде қауымның ыңғайына бейімделмей, халықты, есіресе жастарды өресі биік, өрісі кен, мәдениетті поэзия үлгілеріне қарай жетектейді, оқымаған өрендерді көтеріп, есіріп, әлемдік әдебиеттің ірі туындыларын түсіну дәрежесіне жеткізуді мақсат етеді. Абай аударма саласындағы тарихи міндетін осылай ұғынған және осылай орындал шыққан.

Ал Абайдан кейінгі дәуірде орыс әдебиетіне, оның Пушкин тәрізді классиктерінің мұрасына қарама-қарсы екі түрлі көзқарастың орын алғанын абылаймыз. Егер ағартушы жазушылар жағы аударма саласында да Абай дәстүріне сүйенуді мақсат тұтса, буржуазияшыл-ұлтшыл әдебиетшілер орыс мәдениеті мен әдебиетінің екілдерін халыққа құбыжық етіп көрсетуге тырысты, олардың творчествосындағы халықтық, гуманистік идеяларды бүркемелеуге әрекеттенді. Орыстың классикалық әдебиетін, оның атакты екілдерін казақ еңбекшілірінен аулак ұстауға тырысқан буржуазияшыл-ұлтшылдар Пушкин, Лермонтов, Некрасовтарды теріс түсіндіруниетін көздеді, егер олардың шығармаларын аудара қалса, бұрмалап, өңін айналдырып бақты. Бұқарашибалдық бағыттағы ағартушы ақындарға келсек, олар Пушкин шығармаларын уағыздауға шама-шарқынша, мұмкіндігі жеткенше ат салысты.

Революцияға дейін Қазан қаласында «Балықшы мен балық туралы ертегі» (1899), «Капитан қызы» (1903) кітап болып шығарылды. 1914 жылы Бекет Өтетілеуовтың «Жиған-терген» жинағында «Қөктемнің келуі» және «Жұрсем де қай ортада, қайсы жақта» өлеңі жарияланды. «Қөктемнің келуі» — Пушкиннің «Евгений Онегин» романының жетінші тарауының бірінші шумағының қазақшасы.

Түпнұсқада:

Гонимы вешними лучами,  
С окрестных гор уже снега  
Сбежали мутными ручьями  
На потопленные луга.  
Улыбкой ясною природа  
Сквозь сон встречает утро года;  
Синея блещут небеса.  
Еще прозрачные леса  
Как будто пухом зеленеют  
Пчела за данью полевой  
Летит из кельи восковой.  
Долины сохнут и пестреют;  
Стада шумят, и соловей  
Уж пел в безмолвии ночей.

Қазақшасында:

Айдалып жазғытұрғы күн көзімен,  
Сырғыды қырқалардан қар тезінен.  
Сарықкан су лайланган саяңға ағар,  
Күн бұрын толып тұрган өз-өзінен.

Күлімдеп осы шақты еш алаңсыз,  
Карсы алар үйқылы-ояу жанды-жансыз.  
Аспан-көк, орман-тоғай жасылданып,  
Құлпырар құс жүніндей — бір аласыз.

Аралар гүл басынан жинап балын,  
Көресің үсына оралғанын.  
Даланың үнсіз түнін ыдыратып,  
Мал шулап, бұлбұл сайрап атар таңы.

Мұнда Өтетілеуов түпнұсқадан пәлендей ауытқымай, сөз бер ойды сол күйінде жеткізуге тырысады. Дегенмен, жекелеген сөздер, тұтас жол тәржіма нұсқаға сыймай, қалып қойған («Синея блещут», «прозрачные леса», «Долины сохнут и пестреют»). Осындаі олқылықтарын біле-тұра, ауыл мұғалімінің «Евгений Онегиннен» үзінді күйінде болса да тәржіма жасағанын әдеби факт ретінде атап өтудің артықшылығы жок.

Бекет қазақшалаған өлеңнің орысшасы «Брому ли я вдоль улиц шумных». Жол саны түгел болғанымен, мұнда ол тұпнұсқаның мазмұнын, интонациясын, сөз бейнерін сактай алмаған. Өлеңнің: «Жүрсем де қай орында, қайсы жақта, жүрсем де құлышлық қып жалғыз хаққа» деп басталатын алғашқы екі жолы орысшасындағы «Брому ли я вдоль улиц шумных, вхожу ль во многолюдный храм» дегенге сәйкес емес. Үшінші тармақтағы: «Сижу ль меж юношей безумных» қазақшада «Құрбымен топ жиында жүрген шакта» болып, «безумных» эпитеті түсіп қалған. Мұндай қажетті детальді тастан кету — орынсыз. Жалғыз түрған еменге қарасам да («Гляжу ль на дуб уединенный») мағынасын беретін бірінші тармақтағы (үшінші шумакта), емен образы «обалармен» алмастырылған. Төртінші шумактың бірінші тармағы («Младенца ль милого ласкаю») мағынасы жағынан дұрыс алынса да, екінші тармақтағы «прости» теріс ұғынылып, «коштасқалы отырмын киял-ойда» болып шыққан. Мұның орысшасы: «Уже я думаю: прости!» Алтыншы шумактың алғашқы екі тармағы тұпнұсқада: «И где мне смерть пошлет судьбина? В бою ли, в странствии, в волнах?» болып оқылса, қазақшасында «В бою ли, в странствии» сөздері аударылмай қалған. Сонын салдарынан мағынаға нұқсан келген. Қазақша нұсқанын кейбір шумактарының үйқастары мейлінше шартты да шала да («Жылдар менен» — «әдептенген», «болсақ та мың» — «біреуміздің»).

Біз Б. Өтетілеуов Пушкиннің пәлен өлеңін аударды деп құр атаумен ғана шектелмей, оның ұтымды жақтарымен қатар, әлсіз жерлерін де көзден таса қалдырмадық. Мақсат — аудармашыны мінеу емес, бір кезде сондай тәржімалардың орын алғанын анықтау ғана.

Қазақ ақындарының арасында, эсіресе «Евгений Онегинге» ықылас білдірілуінің тағы бір көрінісі ретінде ел жыршыларының осы роман оқиғасын, сюжетін өздерінше өрбітіп әр қылы нұсқалар жасағанын (Куат Терібаев пен Сапарғали Әлімбетовтен жазылып алынғандары), Әсет Найманбаевтың «Пушкин» атты ұзақ шығарма жазғанын атар едік. Бірақ Әсет Татьяна—Онегін желісін сактамай, Татьянаны Пушкиннің өзіне ғашып етіп жіберген.

«Айқап» журналының 1915 жылғы 4 санында Пушкиннің «Пайғамбар» өлеңнің қазақшасы жарық көрді

Тәржімашы 19 жастағы жас ақын Қошке (Қошмұхамбет) Кеменгеров «Пайғамбардың» желісін бұзбай, лұғатын, көркемдік суреттеу құралдарын қалпынан айналауда түсіруге тырысқан. Тұпнұсқаңың рухын ұғынып, көпшілікке түсінкті, окуға жеңіл болар деген ииетпен ол кәдімгі 11 буынды, төрт жолды өлең формасын таңдаған алған. Тәржіманың тілі жатық, сөз кестесі әженттәуір. «Қаңғырдым, жан қинадым», «Елсіз жер жапан түзде», «Бүркіттей қорқып қалған андаусызда», «Тұр едім тоғыз жолдың торабында» сиякты тармақтар орысша текстінің («Духовной жаждою томим», «В пустыне мрачной», «Как у испуганной орлицы», «На перепутье мне явился») баламасы деуге татиды. Ал мына бір шумақ «Пайғамбардың» — тұпнұсқасындағы сөз жүйесін танытады.

### Орысшасы:

И он мне грудь рассек мечом,  
И сердце трепетное вынул,  
И угль, пылающий огнем,  
Во грудь отверстую водвинул.

### Қазақшасы:

Ішімді одан кейін тағы жарды,  
Орнықсыз қобалжыған жүректі алды.  
Кеуденің тесігінен орнықтырып,  
Қызырып оты жанған көмір салды.

Сондай-ақ соңғы шумактағы: «Восстань, пророк, и виждь, и внемли» деп келетін тұжырымы да «Қөзінді аш! Тұр пайғамбар құлағың сал» арқылы анық абайларатылған. Бұл тұста ұлы ақынның: «Глаголом жги сердца людей» деп келетін ең мықты, ең негізгі түйінін жерінә жеткізе айта алмаған. Әсіреле «күйдір» сөзі күшті де, дәл де емес. Ол «жандыр» мағынасында алынса әлде қайда әсерлі болатын еді. Тәржіманың елеулі міні: кейбір тармақтардың тұпнұсқадан алыстап кетуінде. Мәселен, төртінші шумақтың алғашқы екі тармағы орысшадағы: «И дальней лозы прозябанье» сөзінен басқашалау — «Сай-сайды өрлеп біткен бала қайын, Толықсып гүлденгенін күн-күн сайын» болып шыққан.

Осындай ақауларына қарамастан Пушкиннің ең бір күрделі де көрікті шығармасы «Пайғамбар» тұңғыш рет ана тілімізге тәржімаланып, орыс поэзиясын насхаттау, оның жанды мұрасын игеру бағытындағы ортақ іске азды-көпті себін тигізді.

1918 жылы Бернияз Құлеев Пушкиннің «Соловей и роза», «Брому ли я вдоль улиц шумных» өлеңдерін қазақ тіліне аударған. Алғашқысын «Бұлбұл», екіншісін «Ажал» деп атаған. Қошке сияқты, 19 жастағы жас ақын Бернияз да Пушкинге таман талпынып, өзінше аударып көрген. «Бұлбұл мен гүл» түлиұсқада 8 жол, тәржімада — 12 жол. Сонда төрт жол неңің есебінен қосылған десенең, орысшадағы тармақтар қыска буынға сыймай, келесі жолға көшірілген.

В безмолвии садов, весной,  
во мгле ночей,  
Поет над розою восточный соловей.

Осы екі жол аудармада:

Қараңғы жазғы бір түні,  
Дыбыссыз бақша ішінде,  
Сайрады шарық<sup>3</sup> бұлбұлы  
Бәйшешек ғулдің үстінде, —

болып, төрт жолға айналдырылған. Осылайша, жол салыны артып кеткенімен, Бернияз тәржімасы түпнұсқаға біршама жақын. Жекелеген сөздерінің дөл түспегенін ескергендे де ол өлеңің идеясын түсінген де, нысанадан бұрылмау бағытын ұстаған. «Глядишь, она цветет, взываешь — нет ответа» тармағын Бернияз: «Гүлдейді — салсаң көзінді, үндесең — жауап бермейді», — деп тәптауір тәржімалаған.

Ал, «Брому ли я вдоль улиц шумных» өлеңін Бернияз әсерлі, әсем етіп аудара алмаған. Қайсыбір тармақтарында Пушкин ойын сактайдын тұстар ұшыраса тұрса да, тәржіманың өлеңдік жағы солғындау. «Өтед деп — ете көп», «Карасам — өзі, хан — бабадан» тәрізді үйқастар әсте де поэзиялық қасиетті аңғартпайды. Сондай-ақ лұғатында да «келешеккі», «тіргізу» тәрізді жасанды сөздер жоқ емес. Тәжірибесіз, жас ақынның мұндай мінін көрсете отырып, орыс поэзиясына бой ұрған игі талабына ден қоямыз.

Қазак совет әдебиетінің класигі Мұхтар Әуезов айтқандай, «Октябрьден бері Пушкин дүниеге қайта туды. Шынымен жалпақ еңбекші елдің, саналы, сапалы қауымның, көп тілді, бірақ бір тілекті бол бауырласқан қауымның керек етіп, қадірлейтін адамы бол қайта туды».

<sup>3</sup> Шарық — күншығыс деген мағынада.

Жиырмасыншы жылдары «Дубровский» (ауд. Ш. Құдайбердиев), «Тұтқын» (ауд. Т. Жароков) қазақшаланады. Пушкин шығармаларын тәржімалау әсіресе отызыншы жылдарда қызу қолға алынады. 1935 жылы «Қавказ тұтқыны», «Цыгандар» (ауд. Т. Жароков), «Шығармалары» деген атпен өлеңдер, поэмалар, пьесалар жинағы басылып шығады. Кітапка Абай, Илияс Жансүгіров, Бернияз Қулеев және басқалардың аудармалары енгізілген. 1936 жылы «Молда мен балда» (ауд. Ә. Тұрманжанов), 1938 жылы (титул параграфында 1937 ж. деп көрсетілген) «Өлеңдері» (ауд. К. Тоғұзақов) оқырмандардың қолына тиеді. Тоғұзақовтың бір өзі тәржімалаган жинақ 27—28 өлеңнен («Деревня», «Теңізге», «А. П. Кернге», «Бұл-бұл» т. т.), құралған.

Ақынның өлгеніне 100 жыл толуын атап өту тұсында 1936—1937 жылдары қазақ тілінде үш томдығы шығарылды. Мұның өзі зор маңызды мәдени оқиғаға айналды. Пушкиннің жаппай аударылған, оның дүниеге қайта тууының айғағы сияқтанған мерекелі жылда «Таңдалымы шығармалар жинағы» деген атпен шығарылған үш томдықтың бірінші томына мына поэмалары енгізілді: «Руслан мен Людмила» (ауд. Ә. Тәжібаев), «Кавказ тұтқыны» (ауд. Т. Жароков), «Жебірәйілнама» (ауд. И. Жансүгіров), «Ағайынды қаракышылар» (ауд. Т. Жароков), «Бақшасарай фонтаны» (ауд. К. Тоғұзақов), «Цыгандар» (ауд. Т. Жароков), «Граф Нулин» (ауд. Т. Жароков), «Полтава» (ауд. С. Талжанов), «Коломна-дағы үйшік» (ауд. Т. Жароков), «Мыс салтатты» (ауд. М. Даулетбаев). Екінші томда — «Евгений Онегин» романы (ауд. И. Жансүгіров), 56 өлеңі (ауд. И. Жансүгіров, Ф. Орманов, Ә. Тұрманжанов, М. Даулетбаев), «Өлген хан қызы және жеті батыр туралы ертек» (ауд. Ә. Тәжібаев). Үшінші томда — прозалық шығармалар. Үш томдықтың жалпы редакциясын басқарған — Сәкен Сейфуллин. Аталған аудармалардың ішінен әсіресе үш ақынның — Илияс Жансүгіровтың, Тайыр Жароковтың және Фали Ормановтың еңбектері ерекше бағаланды, сонымен қатар «Мыс салтатты» сияқты поэмалың қазақшалануындағы елеулі кемшіліктегі қатаң сынға алынды.

Осы орайда қазақ тіліне тұңғыш рет толық аударылған «Евгений Онегиннің» қазақшасы туралы бірер пікір қозғай кету мақұл тәрізді. «Аударушыдан» деген ескертпесінде Илиястың өзі былай дейді: «Аударғандағы

алған жолымыз — мүмкіндігі болғанша Пушкинің өз үлгісіне жақындау. Ақынның сөз кестесін, образын, ақындық рухын сақтап аудару», «Бұл аудармада Пушкинің бұрынғы қазақ өлеңінің қарапайым (стандарт) үлгісіне салғанымыз жоқ, қайта қазақ өлеңін Пушкин үлгісіне таман тарттық»<sup>4</sup>.

«Евгений Онегиннің» қазақшасы туралы арнаулы мақала жазып, Илияс еңбегін жоғары бағалаған Мұхтар Әузов көркем аударма, оның ішінде поэзия аудармасы жайында аса құнды пікірлер айтқан. Ол әуелі поэзияның ірі шығармаларын бір тілден екінші тілге аударудың өте қын екенін ескерtedі. Жолма-жол қотарманы (подстрочникті) асыл нұсқаның соры, сөз емес, құр көбік, немесе әлде қандай бір тіл қоқсығы деп есептейді. Онда, дейді Әузов, аударылатын поэзияның өзіне біткен нәзік ырғағы, өзінде жок жаңалық ерекшелігі дәл түсіү билай тұрсын, тіпті ақынның қысып қамти айтқан ой сезімінің системасы да, жаңа көрік — стиль құрылышының ішкі логикасы да берілмейді.

Романның өзін, түсіндірмелерін, бұрынғы зерттеушілерін оқып, аудару үстінде Илиастың алты ай отырғанына қуәгер болған Мұхтар мынадай тұжырым жасайды: «Осыны ұғынып алумен қатар, Илияс әуелі романның бір үзіндісін әр түрлі ұлгімен де аударып көрді. Бірақ мынадай істі тарихи зор міндет деп түсінудің өзі оған Пушкинің дұрыс әдіспен аударудың негізгі дұрыс жолын таптырыды. Ол әдіс асыл нұсқаның өз стилін, өз түрін бұлжытпай түсіру әдісі болды»<sup>5</sup>.

Мақалада тек «Евгений Онегин» ғана емес, жалпы көркем аударма проблемасын тіkelей қозғап, теориялық тұрғыдан қарағанда барша ұлт әдебиеттеріне ортақ міндеттер алға тартылады. «Біз, — дейді Мұхтар, — қазір көркемөнер мен әдебиеттің дүниелік ірі белгілерін алғанда, өз оқушымыздың әзірлігі аз бол тұрған күйіне қарай бейімдеп, жонып-мінеп, кішірейтіп, әлсіретіп алуымыз керек емес. Қайта сол оқушымыздың өзін көтеріп, өсіріп, анау мұраны барлық асыл тұлғасымен тұтас түсінетін сатыға апаруымыз керек»<sup>6</sup>. Илияс аудармасының тағы бір жақсылығы деп Мұхтар тұпнұсқадағы ажуа,

<sup>4</sup> Пушкин А. С. Таңд. шығ. жин. Алматы, 1937, 2-т., 214—215-б.

<sup>5</sup> Әузов М. «Евгений Онегиннің» қазақшасы туралы. — Социалистік Қазакстан, 1937, 8 январь.

<sup>6</sup> Сонда.

сықақ сияқты тұздығы аңы өткірлігін әдемі келтіргенін әдейілеп атап өтеді.

«Евгений Онегин» аудармасында мін-мұлтік бар ма? Мұхтар «құдік туғызатын екі-ақ мәселе бар» дейді. Біріншісі — оқта-текте үйқастың тал түсे қоймайтындығында, екіншісі аударманың сөздігінде, ақындық сөздігінде жатыр деп есептейді. Пушкин дәуіріндегі әдебиет тілінің сол дәуірмен байланысты бір бояуы дін-шіркеу сезінің көп араластырылатыны болатын, ал аудармада романның тілі кей-кейде біздің дәл бүгінгі әдебиетіміздің тілі бол тұра қалады. Мұхтардың бұл пікірі әлі ескірмеген, қайта бүгінгі аудармашылық тәжірибемізде қатты ескерілуғе тиіс қағидалардың бірі дей аламыз.

Пушкин мұрасына деген ынта-ықылас уақыт озған сайын молая түседі. 1949 жылы кеменгер ақынның туғанына 150 жыл толу мерекесіне орай бір томдық «Таңдамалы шығармалары» жырқұмар қауымның қолына тиді. Аударманың редакциясын М. Әуезов, С. Мұқанов, Ф. Мұсірепов сияқты атақты жазушылар басқарды. Мұнда ақын өлеңдерінің 52 тәржімасы (бір өлеңді кейде екі ақын жарыса тәржімалаған) бар; Абай аудармалары, 7 поэма мен «Евгений Онегин» (ауд. К. Шаңғытбаев), 4 драма, прозалық шығармалары («Дубровский», «Қапитан қызы» т. б.) бар. Бұл жолы «Жәбіраилнама» мен «Коломнадағы үйшік» К. Бекхожиннің, «Полтава» К. Аманжоловтың, «Мыс салтатты» Ф. Ормановтың қазашалауында берілген. Лирикалық өлеңдерін аударуға Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев, Т. Әлімқұлов, Ж. Өмірбеков, Б. Ысқақов тәрізді ақындар да қатысқан.

1953—1954 жылдарда Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы «Шығармалар» деген атпен Пушкиннің төрт томдығын шығарды. Баспаның аңғартуында: «Осы бірінші томда кірген өлеңдерінің көпишілігі жаңадан аударылды. 1949 жылы басылған бір томдық жинағындағы таңдамалы өлеңдерінің біраз аудармасы қайта өңделді» — дедінген. Екінші томдағы поэмалардың ішінен «Ағайынды қарақшылар», «Бақшасарай фонтаны» қайта аударылған (ауд. Т. Әлімқұлов), жаңадан «Тазит» (ауд. Ф. Қайырбеков) қосылған. Ушінші томда ертегілер, төртінші томда прозалық және драмалық шығармалар қамтылған.

Елуінші жылдардағы жеке басылымдардан «Хан Салтан туралы ертегі» (ауд. Ж. Молдағалиев) мен «Ба-

лықшы мен балық туралы ертегіні» (ауд. З. Қабдолов)  
атау жөн.

1975 жылы данышпан суреткердің екі томнан құралған таңдамалы шығармалары «Жазушы» баспасынан жарық көрді. Бірінші томдағы өлеңдер мен поэмаларды республикамыздың белгілі ақындары аударған.

Сөйтіп, поэзияның сөнбес күні, дүние жүзілік әдебиеттің алыбы А. С. Пушкиннің шығармалары ана тілімізге үздіксіз аударылып, халқымыздың көркем сөз қазынасын байытуда, рухани талғам-тілегін орындауда өлшеусіз қызмет атқарып келеді. Енді бірер жылдан кейін, 1987 жылы ұлы ақын поэзиясының казақша жаңырып, байтақ сахарамызда сөйлей бастағанына 100 жыл толады. Бұл ұлы бастаманың басы-қасында Абайдай данышпанымыз тұрганын біз заңды түрде мақтанаш етеміз.

## ӘҢГІМЕ АРҚАУЫ — АУДАРМА АХУАЛЫ

Енді, Пушкин поэзиясының қазақ тіліне аударылу тарихымен тікелей байланысты бір мәселе жайын, атап айтқанда сол аудармалардың маңызы, көркемдік сапасы қандайлығын баспасөз бетінде әңгімелеп, әр кезеңде сөз қозғаған мақалалар жайын баяндауға көшейік.

Әлбетте, Октябрьден бұрынғы дәуірдегі кейбір мақаларда, заметкаларда орыс поэзиясымен, Пушкин, Лермонтов шығармаларымен жүртшылықты таныстыру қажеттігі жайында сөз арасындаған айтылған тілек-мұddeлдер кездеспесе, жеке аударманы түбебейлеп қарастырған мақала жоққа тән. Революцияның алғашқы жылдарындағы мақалаларда (С. Мұқановтың, Е. Алдоңғаровтың т. б.) орыс классиктерінің көркемдік тәжірибесін ескеру, олардан үйрену керектігіне көніл бөлінеді.

Пушкин поэзиясын ұлт тілдеріне аудару проблемасы жөнінде әр республикада жинақталған пікір де, тәжірибе де әр алуан дәрежеде, деңгейде.

Мәселен, Пушкиннің «Евгений Онегинің» украин тіліне аудару барысында кездескен қындықтың бір түріне ой жіберіп көрейік. Романды украин тіліне аударған атакты ақын Максим Рыльский туыс тілдердегі зат есім родтарының айырмашылығынан туындайтын кедергіге тап болған. Шығарманың VII тарауын тәржімалап отырғанда ол сұлуды аймен (луна) салыстыратын теңеу душарласқан, сонда «луна» украинша елес, жаңғырық мағынасын беретін сөз болғандықтан, оған тең түсетін балама іздеуге тұра келген.

Литван ақыны Антанас Венцлова «Моя работа над Пушкиным» мақаласында («Мастерство перевода», М., 1964) «Евгений Онегинді» ана тіліне аударудағы өз тә-

жірибесін ортаға салады. Сондағы «самых честных правил» деп келетін идиомды дәлме-дәл аудару мүмкін болмағандықтан, оның мәнін толық антарта алатын тіркес қолданғанын айтады. Амал нешік, бізде Пушкинен қалай аударғанын айтып сөз өнерінің күрделі саласында өзі жүргізген жұмыспен таныстыратын мақалалар әзірше көрінбей келеді.

Сонымен Пушкинді қазақ тіліне аудару әдебиетімізге нендей сипаттар әкелді, ол жөнінде қай кезде қандай лікірлер қозғалды?

Пушкиннің ұлт әдебиеттеріне, соның ішінде қазақ әдебиетіне де әсері, оның мәңгі жасайтын шығармаларын ана тілімізге аудару мәселелері жайында әсіресе отызыншы жылдарда әр алуан мақалалар жарияланды. Ұлы ақынның қайтыс болғанына жұз жыл толуын атап өту қарсацы мен тұсында, онаң кейінгі кезеңдерде жазушылар мен әдебиетші-ғалымдар, сыншылар осынау мәселелерге ауық-ауық оралып, көкейкесті ойларын ортаға салып отыруды белгілі жүйеге айналдырды.

«Әдебиет майданы» журналындағы, «Казахстанская правда», «Социалистическая Алма-Ата» газеттеріндегі мақалаларында Сәкен Сейфуллин жас кезінде Пушкин-ді оқудан өзінің қандай әсер алғанын айта келіп, «біздің ұлттық социалистік мәдениетімізді өркендетуде Пушкиннің таңғажайып кеменгерлігімен жан-жақты, терең танысадың ерекше және бірінші дәрежелі маңызы барлығына» тоқталады. Біз, дейді ол, ақыннан дана қарапайымдақты, үнділікті, сөздің келістілігі мен дәлдігін, бейнелердің тереңдігін, ой байлығын үйренуіміз керек. Пушкин шығармаларын аудару жайынан сөз қозғаған Сәкен түпнұсқадан ауытқымау, өлең өлшемін, үйқас принципін сактау қажеттігін ескертеді<sup>1</sup>. Пушкин юбилейін өткізу жөніндегі Бұқілодақтық комитеттің мүшесі болған Сәкен «Казахстанская правда» газетіндегі мақаласында «Евгений Онегинді» қазақшалаған Ілияс Жансүгіров еңбегін жоғары бағалап, оны әдеби өміріміздегі елеулі оқиға деп санайды.

Сол тұста көркем аударма принциптері, оның ішінде Пушкин шығармаларын қазақшаға аудару проблемалары туралы түбекейлі ой толғап, терең ғылыми-теориялық пікір айтқан Мұхтар Әуезов деуіміз керек. Атақты оқы-

<sup>1</sup> Сейфуллин С. Друзья степей, друзья великого поэта. — Казахстанская правда, 1937, 10 февраля.

мысты-жазушының «Пушкинді қазақшаға аудару тәжірибелері туралы» мақаласы сол кезең түгіл (1936 жылы жазылған), күні бүгінге дейін өзінің актуальдық қасиетін жоймаған құнды еңбек.

Қазакта Пушкинді ең алғаш рет аударған ақын — Абай екенін алдымен аңғартқан Әуезов іле революциядан бұрынғы дәуірде және совет жылдарында (әсіресе, соңғы уақытта) жасалған аудармалардың калпы қандайлығын тексеруге көшеді. Тексерісті Абайдан бастайды да, ол қолданған аударма принципінің ерекшелігін былайша тұжырымдайды: «Пушкиннен оның жалғыз байқап көргені «Евгений Онегин» болса, Абай бұл шығарманы «Татьяна — Онегин» ғып әкетеді. Пушкинде Татьяна мен Онегиннің бір-бір ғана хаты бар да, тағы екі рет ауызекі жауаптасуы бар болса, Абай осы төрт кездің барлығын да хат қып алады. Ол төрт хаттың ішінде Пушкиннен алып аударылған жері — Татьянаның алғашқы хаты. Содан басқа үш кездің үшеуін де Абай Пушкиннен аудармайды, соның сағасымен өзінше, Пушкиннен өзгеше өлеңдер жазып кетеді. Қыз бен жігіттің арасын, мінез-құлықтарында Абай Пушкиндікінен бөлек етіп, опасыз жігіт етпей, ұлгілі жігіт, биязы қыз шығарды. Сүйіссең осылай сүйіс деген нәтиже шығармақ бол Пушкин шығармасының қонысын да, құбыласын да өзгертіп жібереді»<sup>2</sup>. Осылай дей тұрса да мақала авторы: Абай Татьянаның алғашқы хатының тұсында өзінің Пушкинге жақсы аудармашы бола алатындығын көрсеткенін атап өтеді.

М. Әуезов көркем аудармаға қандай талаптар қояды? Ол әр әдебиеттің, әр жазушының өзінше теңеуі, өзінше лұғаты, өзінше сөз мәдениеті, үлгі-стилі бар деғенмен есептесу керектігін ескертеді. Илияс Жансүгіров, Тайыр Жароков, Фали Орманов аудармаларындағы «бір ерекше айқын тұрған жақсы өзгешелік — қазақыландыру машиғы жоқ», олар «Пушкин болсын... не басқа ілгері-соңғы өзге тілдерде жазған ірі ақындар болсын — бәрінің де теңеулерін өз түрінде көлтіріп, сонымен қатар қазақ тілінің орамдылық, көріктілік жағын байыта түсуге тырысады»; «Пушкиннің иә өзінде, иә орыстың жалны тілінде жоқ «қазақы тон-тымақтан» бойларын қашық үстайды»<sup>3</sup>.

<sup>2</sup> Әуезов М. Пушкинді қазақшаға аудару тәжірибелері туралы.— Китапта: уақыт және әдебиет. Алматы, 1962, 271-6.

<sup>3</sup> Сонда, 272—273-6.

Аударма теоретигі Әуезов әлгіндей жайларды құр тेңеу жөнінде ғана еске алмай, Пушкинді терендей түсініп, оның өлең үйқасы, лұғаты, ойшылдығы тәрізді стильтерекшелігін дәл түсіруді негізгі әдіс етіп қолдану шарт дейді.

Өлең үйқасы туралы сөз қозғағанда ол аталған ушакынның тәжірибесінде (Ілиястың «Чаадаевка» дегенімен «Қара бұлты» болмаса) Пушкиннің үйқасын қолданбау бар деп, әділ сын айтады: «Пушкиннің өлеңдерің әрдайым қазактың орыс поэзиясында жоқ төрт жолды «ақсақ» үйқасымен аудара беру де дұрыс болмайды»<sup>4</sup>.

М. Әуезовше, қатты бір ескеретін жәйт — Пушкин лұғаты — сөздігі. Ұлы ақын қандай ұғым-түсініктерді білдіретін сөздерді, сөз тіркестерін колданды? Олардың астары қандай? Кейде ескіше, өзгеше бол айтылған иа бір сөздің, иә сөйлемнің мағынасын жете түсінбеу, содан теріс мағыналы аударма туып кету Пушкин айтқан терендікке, толқындылық, сезімділікке жете соқпай, дәл келмей, бәсек түсу — Мұхтардың пайымдауынша, сол тұстағы аудармада кездесетін кемшіліктердің бір алуаны. Біз сол тұстағы деп отырмыз. Сонда онан кейінгі дәуірлердегі, тіпті бертіндегі аудармаларда жаңағыдай мін-мұлтіктер жоқ па екен?

Ақыр-соңында зерттеуші өлең ішіндегі көңіл күйін, суретті ырғақ тынысын, сезім тереңдігін жеткізе алмаган ақындардың «қазақша қат-қабаттаған құр шешен сөзге өктейтінін» теріс әдіс деп табады. Бұл да Мұхтарға дейін ешкім байқамаган, байқаса да батылдықпен айтаған тың тұжырым.

ССРБ Жазушылар одағы басқармасының пленумында сөйлеген сөзінде Сәбит Мұқанов Пушкинді қазактың да ақыны деп атайды. «Өзінің шын мағынасындағы ұлт әдебиетін жасаған бірінші ақын Абай екенін бүгінгі күні советтің тенденс елінің бірі болып отырған қазақ халқы бағаласа, Абайға үстаз болған Пушкинді де өте бағалайды, құрметтейді. XIX ғасырдың өзінде Пушкин қазақ даласына ең әйгілі, ең білгілікті, ең сүйікті ақынның біреуі болуы осыдан»<sup>5</sup>, — дейді Сәбит.

Абайдың «Евгений Онегинін» жасаған аудармасының үздік қасиеттері, өзіндік ерекшеліктері туралы тол-

<sup>4</sup> Сонда, 273-б.

<sup>5</sup> Мұқанов С. Пушкин қазактың да ақыны. — Әдебиет майданы 1937, № 3.

Ғамалы ойлар сабақтаған Сәбит Қазақстанда Пушкин мерекесіне байланысты шығарылған үш томдықтың мәдени, әдеби маңызына тоқталады, аудармашылар ұлы ақынның сөз образдарын, тіл өзгешеліктерін, ырғақтарын, үйлесетін жолдарының мол жерлерін, терминдерін, шама келгенше, сақтау жағын көздеді, — дейді.

Макаласына «Пушкин аудармасы қазақ әдебиетіне не берді» деп ат қойған Ілияс Жансүгіров Советтер Одағындағы туысқан әдебиеттердің ең жақсы үлгілерін игеру, аудару жұмысының жайына тоқтала келіп, қазақ әдебиетіндегі аударманың осы күнгі бет алысы аса маңызды, өте көлемді екенін абайлатады.

«Пушкин шығармаларын аударғандағы қазақ әдебиетінің олжасын айттын болсақ, алдымен біз әдебиеті мізді Пушкинмен байыттық. Әлемге әйгілі асқан шебер, данышпан ақынның ең таңдамалы шығармаларын қазақ оқушыларына бердік. Бұрын бізде үзіп-жұлқып қана аударылған Пушкинді енді том-томдап кіргіздік.

Екінші — бұл аударма тәжірибесінде (әсіресе «Евгений Онегинде») Пушкиннің өз үлгісі кірді. Ақынның атақты романындағы өлең түрі, сөз үлгісі, шумақ айшыры, образ, тенеу, үйқастары сияқты түрі де сақталды. Бұл бұрын қазақ әдебиетіндегі аударма тәжірибесінде болмаған жаңа үлгі»<sup>6</sup>, — деп жазады И. Жансүгіров. Илияс данышпан ақын шығармаларының қазақ тіліне аударылуы барлық қалам қайраткерлеріне, соның ішінде жас талапкерлерге қандай ықпал жасап отырғанын тілге тиек етеді де, Алматыдағы он екінші мектептің бір оқушысы жазған өлеңнің алты жолын мысалға келтіреді, аудармадан әсерленудің бір үлгісі осындай дейді. Өз сұрағына тікелей жауап беруді көздеген қазақ ақыны мақаласын: «Пушкинді қазақшаға аударумен біз қазақ әдебиетін өсу жолының бір басқышына көтердік»<sup>7</sup>, — деп аяқтайды.

Рақымжан Жаманқұлов «Пушкин өлеңдерінің аудармасы жөнінде бір-екі сөз» деген мақаласында ұлы ақын шығармаларының қазақ тіліне аударылған үш томдығы туралы пікір қозғайды. «Пушкин үлгісі қазақ әдебиетіне ертеден кірген үлгі» екенін айта келіп, мақала авторы Пушкин және Абай жайындағы мәселеге тоқ-

<sup>6</sup> Жансүгіров И. Пушкин аудармасы қазақ әдебиетіне не берді.— Қазақ әдебиеті, 1937, 10 февраль.

<sup>7</sup> Сонда.

талады да, «Абай қазақ халқын Пушкинмен ең бірінші рет таныстырыды. Хат танымайтын қазақ Пушкин өлеңін жаттап алды. Сонымен бірге Абайдың өз өлеңдері Пушкин ықпалымен»<sup>8</sup> жазылғанына назар аударады.

Үш томдықтың дүниеге қалай келгені жөнінде жүртшылық біле бермейтін деректерді де осы мақаладан табамыз. Пушкин шығармаларын әркім өз бетінше қалай болса солай аудара бермеген. Аударма әдісі, жолы, принциптері ариналуы мәжілістерде талқыланып, кең пікір алышылған. Әр шығарма аударылып болған соң ғана талқыға түспей, алдымен тұпнұсқаның үзінділері қаралған, аудармашылар колективінің мәжілісінде оқылған. Қазақ ақындары Пушкин поэзиясының рухын өзгертпей, қатты сактау принципін ұстанған.

Жаманқұлов «аударудың ең жақсы үлгісі — Жансүгіров Илиястың аударғаны»<sup>9</sup>, — деп қорытынды жасап, осының өзінде қазақ ақыны Пушкиннің екі шығармасын тәржімалауға екі жолмен барғанын баса айтады: «Гаврилиаданы» аударғанда Пушкиннің формасын сақтамаған, мазмұнын алып аударған. Мәнісін өзгертпей, дәл берген. Бұл поэманды осылай аударғаны дұрыс болған. Поэманды мазмұны қай үлтқа болса да таныс болған соң еркін аударуға әбден мүмкіндік болды. Ал, «Евгений Онегинді» бұл жолмен аударуға болмайды. Орыстың үлттық ерекшеліктерін өте ашық көрсететін шығарманы қазақшылап жіберуге болмайды<sup>10</sup>, — дейді мақала авторы. Ол Илиястың «Евгений Онегинді» аударған принципі дұрыс. Қазір оқығанда құлаққа бөгде естіледі. Бұрын қазақ поэзиясында болмаған үлгі бір күнде құлаққа кона кетпейді. Алғашқыда құлақ тосаңсиды. Жүре үйренеді деген тұжырым жасайды.

Тайыр Жароков аудармаларының сапасын сөз еткенде Жаманқұлов оны еркін аударудың бір үлгісі деп бағалайды, өте көркем шыққан жерлері көп дейді. Сонымен қатар аудармашының кейде жанынан сөз қосып жіберетінін, кейде бірер сөз түсіп те қалатынын ескертеді, әсіресе «Граф Нулин» поэмасын аударуда асығыстыққа салынғанын сынайды.

«Руслан мен Людмиланың» аудармасы (ауд. Э. Тәжібаев) жайында: «поэзиялық жагы жаман емес, бірақ

<sup>8</sup> Жаманқұлов Р. Пушкин өлеңдерінің аудармасы жөнінде бір-екі сөз. — Әдебиет майданы, 1937, № 4, 106-б.

<sup>9</sup> Сонда, 107-б.

<sup>10</sup> Сонда.

бұдан жақсы аударуға болатын еді. Мұның аудармасында да кемшіліктер бар» деп өте шығады.

Талжанов тәржімасындағы «Шөл көліндегі аққудай» тіркесін сынай келіп, Жаманқұлов мұның ұғынуға қын соғатының аңғартады. Кейде түпнұсқаны дәл аударуға тырысуышылықтан туатын кемшіліктің бір мысалы ретінде әлгі аудармадағы: «бауды сонда ертіп шыққан шыра-мытып тұрсың ба сен» деп келетін тармаққа сілтеме жасайды.

Ақындарымыз Пушкинді аударумен қазақ совет әдебиетіне үлкен қазына қосты, Пушкинді аудара отырып, өздері Пушкин үлгісінен көп сабақ алды. Жаманқұлов мақаласының негізгі түйіні осындай.

Дүние жүзілік поэзияның алыбының, көркем сөздің асқан ұстасының шығармаларын қазақшаға тәржімалау жайы әңгіме болғанда ылғи табыстар жағы ауызға алынып, түпнұсқаға дәп келмеу, текстідегі түпкі ойды түсінбейу салдарынан бүрмалауға бой алдыру, сезім күйлерін жасытып жіберу тәрізді кемшіліктер тасада қалған жоқ па?

«Мыс салтатты» поэмасының тәржімасы туралы баспасөзде пікір қозғаған сыншы Құлмырза Өтепов<sup>11</sup>. Мұнда Мәжит Дәuletбаев аудармасында пушкиндік сапа аз, кемшілік, қате көп, аударманың өлеңдік қасиеті нашардеген қорытындыға келеді. Әсіресе, Пушкин поэзиясындағы терең сурет, образ берілмегені сыншыны қатты қынжылтады. Ол түпнұсқа мен аударманы мұқият салыстыра отырып, жеке шумақтардың, жолдардың, сөздердің теріс тәржімаланғанын, кейде поэмандың негізгі идеясы бүрмаланғанын көрсетеді. Мәселен, Пушкиниң Евгенийі мен Дәuletбаев аудармасындағы Евгенийдің арасында айтарлықтай алшактық орын алғанын тайфа таңба басқандай етіп дәлелдейді. «Мыс салтаттының» кез келген жерінен келтірілген мысалдарға қарап, Дәuletбаевтың бұл поэманды аударуға шама-шарқы жетпей жатқанын айна-қатесіз селе қоясыз.

Отызыншы жылдардың екінші жартысы басталар кездегі, атап айтқанда, 1936—1937 жылдардағы мақалаларда республика жүртшылығына Пушкинді молырак, тереңрек таныстыру, оның таңғажайып шығармаларының әлемдік мәнін айқындаі түсу, сонымен қатар ол

<sup>11</sup> Өтепов К. «Мыс салтатты» поэмасының аудармасы. — Қазақ әдебиеті, 1937, 8 март.

қалдырыған асыл мұраны қазақ халқының рухани игілігіне айналдыру сияқты екі мәселе егіз-қатар алышып, бірімен бірі тығыз байланыста қарастырылады. Қос міндет косағын жазбай, қайда да бірге қамтылып, біріне бірі сәулесін түсіріп тұрғандай әсер қалдырады. Міне, осы тұрғыдан қарағанда сыншы Мұхаметжан Қаратасевтың «Жұз жылдан кейінгі Пушкин», «Пушкин мен Абай» атты мақалалары маңызды қызмет атқарды. Ұлы ақын өмір сүрген заман, оның дүниеге, болмысқа, оқиғаларға көзқарасы, творчестволық әволюциясы, эстетикалық принциптері, Пушкиннің ғасырлар бойы жасайтын шығармаларының тақырыптық, жанрлық байлығы, өзіне дейінгі қаламгерлерден нені үйреніп, олардың несінен жириенгені, өзінен кейінгі әдебиетке жасаған қуатты ықпалы — осының бәрі Қаратасев мақалаларында байсалды да байыпты түрде баяндады. Пушкин мұрасын төрөндеп зерттеген орыс ғалымдарының еңбектеріне сүйену, солардың деңгейіне көтерілу мақсатын көздеу сыншы ойының сергектігін абайлатауды. Бұлай деуіміздің бір мәнісі — кейбір қазақ әдебиетшілері тұрпай социологияның «тұсауынан» босай алмай, Пушкинді шыққан табына қарай, сынаржақ бағалап жүргенде, «Жұз жылдан кейінгі Пушкиннің» авторы ондай солақайлыққа ұрынбады. Әрегіректе, революциядан бұрын немесе жиырмасыншы жылдарда болса бір сәрі ғой, тіпті бертінде, 1935 жылғы мақаласында Б. Қенжебаев: «Асылында Пушкин дворян табының, оның орташаларының жазушысы, солардың жырын жырлап, сойылын соқты, солар жыласа жылап, солар күлсе, күлді. Сол кездегі орыс жазушыларының ішінде Пушкиндей өз табының жырын ашық жырлаған, Пушкиндей өз табы күлсе күліп, жыласа жылаған, бастан-аяқ өз табымен болған, өз табының сойылын соққан жазушы кем»<sup>12</sup>, — деп жазды. Біз Б. Қенжебаевтың дәл Пушкин мерекесі қарсаңында жазылған мақаласындағы теріс топшылауды сынғанда кезінде осындай көзқарастардың да орын алғанын көрсете кетудің оғаштығы жоқтығын ескереміз.

Кеменгер ақынның барған сайын күшейіп, төрөндеп келе жатқан эстетикалық, көркемдік ықпалы, қазақшага аударған шығармаларының сапасы жайында қырқыншы-елуінші, алпысынцы-жетпісінші жылдарда да

<sup>12</sup> Қенжебаев Б. Пушкин туралы. — Кітапта: А. С. Пушкин шығармалары. Алматы, 1935, 10-6.

зерттеулер мен мақалалар бірінен соң бірі жарияланып, қазақ әдебиетіндегі Пушкин дәстүрі туралы мәселе күн тәртібінен түсіп көрген емес.

М. Әуезов өзінің әйгілі «Орыс классиктері мен Абай» мақаласын<sup>13</sup> жариялады. Казактың әдеби зерттеуінде жаңалық ретінде қабылданып, ғылыми-теориялық арқалығы биік біткен осынау еңбегінде Әуезов бұдан бұрынғы мақалаларындағы («Пушкинді қазақшаға аудару тәжірибелері туралы», «Евгений Онегиннің қазақшасы туралы») қағидалар мен түйіндерді өрістете, ұлғайта түседі.

«Абай аударған «Евгений Онегин» — ол шығарманың өзі емес, Абайға қеректі болған тұқылы ғана...

Оның Онегині де, Татьянасы да Пушкиннің өзі айтқызыған сөздерді оқта-текте ғана айтады. Бұлардың ойсезімі де Абайша, кейде қазақ жастарының айтуынша шығады. Пушкин өлеңінің сыртқы әр алуан түрлерінен, әр түрлі өлшеу ырғағынан Абай екі-ақ түрде тұрақты белгі қыл ұстайды. Оның бірі, өлең жолын жыр сияқты етіп 8 буыннан құрау. Екіншісі, Пушкиннің өзінде өзге ұқастармен қатар, көбірек кездесетін шалыс ұқасты алу. Одан басқа жақтарында Абай өз бетімен еркіндел, Пушкиннен ойқастап кетіп те отырды»<sup>14</sup>.

1944—1945 жылдары Сәбит Мұқанов «Абай Құнанбаев» монографиясын аяқтайды. Монографияның бірнеше беті қазақтың ұлы ақынының аудармашылық қызметіне арналған. Абай Пушкиннің «Евгений Онегинің» аударуға неге ерекше құмартты және бұдан не көзdedі? Мұқанов осы сауалға жауап беру мақсатымен түпнұсқа мен аударма арасындағы ұқастықты да, алшақтықты да егжей-тегжейлі баяндайды. Өлең өлшемдері туралы ой білдіре келіп, монография авторы: «Онегиндік шумақты» Абайдың сактамауы ол шумақты қазақшалауға әлі келмегендіктен емес, қазаққа ұымсыз болар деген ойдан туған болу керек»<sup>15</sup>, — дейді.

1946 жылы «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» тақырыбында докторлық диссертация қорғаған Қажым Жұмалиев Абай аудармала-

<sup>13</sup> Әуезов М. Орыс классиктері мен Абай. — СССР Ғылым академиясы Қазақ филиалының хабарлары, 1944, I-кітап, 3—15-б.

<sup>14</sup> Әуезов М. Орыс классиктері мен Абай.—Кітапта: Әр жылдар ойлары. Алматы, 1959, 196-б.

<sup>15</sup> Мұқанов С. Абай Құнанбаев.—Кітапта: Жарқын жүлдyzдар. Алматы, 1964, 303-б.

ры және оның тілі туралы бағалы ойлар толғады. Орыс классиктерін аударуда Абай тек қана қазақ емес, бүкіл шығыс елінде елеулі орын алғатының, өзінің зор таланты, асқан шеберлігі арқасында ұлы ақындардың ұлы еңбектеріндегі үлкен идея, сұқтанар сұлулықты қазақ окушыларының ой-сезіміне жеткізе аудара біліп, оларға жалпы қазақ халқының жүргегінен жылы орын әпергенін, оларды қазаққа өз ақындарындағы сүйгізгенін зерттеуші ыстық ықыласпен атап өтеді. Абай көркем сөз кеменгерлерінің кез келген шығармасын аудара бермеген. Таңдаң, талғап аударған. «Енді аударманың қурылышына келсек, — дейді Қажым Жұмалиев, — Абай аудармаларын негізінде екі түрлі деуге болады. Біріншісі, дәл аударма, екіншісі, ерікті аударма. Дәл аудармалары шумақ, бунақ, буын үйқастарына қарай өзара және екіге бөлінеді. Кейбір өлеңдерді аударғанда, Абай шумағын да, үйқас түрлерін де берік сактайды. Орыс өлеңдерінің ырғақ, буындары қазақ өлеңдерінің буындарына дәл келе бермейді... Абай аударған өлеңдерінің буынын қазаша дәл беруге мүмкін болмаса да, саны жағынан соған жақын келетін өлеңмен аударады. Кейде үйқастарын, кейде тілті образдарын да дәлме-дәл шығарады»<sup>16</sup>.

Ең бастысы: К. Жұмалиев Абайдың ұлттық шеңберден шығып, жалпы адамзаттық идеяны көксеген интернационалдық сипаттағы қызметінің тарихи мәнін ашады.

1949 жылы белгілі ғалымдар: М. С. Сильченконың «Пушкин және қазақ әдебиеті», М. Фетисовтың «Пушкин шығармаларының қазақша аудармаларының қофамдық-мәдени маңызы» атты мақалалары<sup>17</sup> оқырмандар назарын аударды. Сильченко қазақ халқы, қазақ әдебиеті үшін Пушкин — халықтың арман-мұддесін жүзеге асыру жолында курескен ақынның бейнесі болғанын атап өтеді, оның асыл шығармалары қазақшаға әр кезде аударылып отырғанына, әсіресе 1936—37 жылдардағы үш томдық пен 1949 жылғы бір томдықтың шығарылу фактісіне тоқталады. М. Фетисовтың ойынша, орыстың классикалық әдебиетінің үздік туындыларын қазақшаға аудару жұмысы — Қазақстанда жан-жақты

<sup>16</sup> Жұмалиев К. Абай поэзиясының тілі. — Кітапта: Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. Алматы, 1960, 325-б.

<sup>17</sup> Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы, 1949, № 6 (51).

дамып келе жатқан мәдени құрылыштың ажырағысыз бір бөлегі.

«А. Пушкин шығармаларының аудармасы туралы»— С. Қирабаев көлемді мақала жариялады. Әуелі Пушкин поэзиясының әдебиет тарихындағы орны мен маңызына, Абай аудармаларына қысқаша сипаттама берген жас сыншы ұлы ақын туындыларының 1937 жылы қазақ тілінде шығарылған үш томдығын сыйнайды. «Мұнда Пушкин шығармалары бүрмаланып, теріс аударылды. Тәуір деген аудармалардың өзі Пушкин тәрізді ұлы ақынның бойына шақ емес, оның қаламынан шықты деп ойлауға болмайтын, ақынның дәрежесін көрсете алмайтын, аудармалар болды»<sup>18</sup>, — дейді.

1949 жылғы бір томдық жайына ауысқанда С. Қирабаев осындағы бірсыныра шығармалардың тәуір аударылғанын айтады, сонымен қатар «Жыршы» (ауд. М. Әлімбаев), «Аспанда ұшқан бұлт ыдырап барады», «Ай» (ауд. Т. Әлімқұлов) сияқты өлеңдердің, «Руслан мен Людмила» (ауд. Ә. Тәжібаев), «Мыс салтатты» (ауд. Ф. Орманов) поэмаларының, «Евгений Онегин» (ауд. К. Шаңғытбаев) романының тәржімалануындағы кемшіліктерді нақты мысалдармен дәлелдейді. «Куандық Шаңғытбаев жолдас «Евгений Онегин» сияқты ұлы шығарманың идеялық мазмұнын түсінбеген. Оны қалай болса, солай аударып, бүрмалаған»<sup>19</sup>, — дейді.

Әдеби сынға жаңадаған араласа бастаған жас сыншының бұл мақаласындағы қайсыбір қорытындыларымен келіскеуге де болатын шығар. Бірақ жұмыстың негізгі нысанасына пәлендей дау айту қыны.

Мұнан басқа, елуінші жылдарда мерзімді баспасөзде З. Ахметовтың, Т. Әлімқұловтың, Қ. Нұрмакановтың және С. Нұрышевтің мақалалары жарық көрді, Қазақ ССР Фылым академиясының баспасы С. Нұрышевтің «Абайдың аударма жөніндегі тәжірибесінен» еңбегін шығарды.

Бүкіл еліміз, көп ұлтты әдебиетіміз үшін 1974 жылы А. С. Пушкиннің туғанына 175 жыл толуын атап өту аса маңызды оқиға болғаны мәлім. Міне, осы тұста Москва да және туысқан республикалар астаналарында өткізілген ғылыми конференцияларда жасалған баяндамалар-

<sup>18</sup> Қирабаев С. Пушкин шығармаларының аудармасы туралы. — Эдебиет және искусство, 1952, № 1, 102-б.

<sup>19</sup> Сонда, 111—112-б.

дан құрастырылып, «Пушкин және Совет Одағы халықтарының әдебиеті» (1975) атты көлемді жинақ шығарылды. Жинаққа Қазақ ССР Фылым академиясының академигі, филология ғылымының докторы З. Ахметовтың «Пушкин және Қазақстан», Қазақ ССР Фылым академиясының корреспондент-мүшесі, филология ғылымының докторы Ш. Сәтбаеваның «Пушкин мен Абай» мақалалары енгізілген. Ал, Пушкин және қазақ әдебиеті, «Евгений Онегиннен» Абай жасалған аударма жайында келелі сөз қозғайтын соңғы еңбектердің ішінен З. Ахметовтың «Қазақ әдебиетінің қазіргі дамуы мен дәстүрлөрі» монографиясын (ұшінші тарауын) атап өту ләзім.

Сөйтіп, біз қырық жылдан астам уақыт бойында Пушкин мұрасының маңызы, оның асқан даналығының жемісі болған поэзиялық шығармаларының аудармасы туралы дүркін-дүркін әңгімеленіп, қол жеткен жетістіктер де, сондай-ақ олқылықтар мен мін-мұлтіктер де әлеумет көзінен тасаланбай, талқыға түсіп отырғанын аңфарамыз. Алайда әңгіме әлі аяқталған жоқ.

## ТҮПНҰСҚА: ТЕҢ ТҮСУ МЕ, КЕМ ТҮСУ МЕ?

**А**ударма — өнер. Сөз өнері. Тіл өнері. Ал өнер — творчество жемісі. Ақынды ақын ғана, прозаикті прозаик ғана сөйлете алады. Әлбетте, мәселе қабілетке, дарынға, шығармалық дараптыққа (индивидуальность) байланысты. Тәржімашы өзінің «оң жамбасына» келмейтін нәрсеге жармаспарапы жең.

Аудармадағы дәлдік. Әңгіме қандай дәлдік туралы болуға тиіс? Әріп дәлдігі, сөзбе-сөз дәлдігі туралы ма, жоқ әлде көркемдік дәлдік жайында ма? Бұл скеуі бірімен бірі ауыл-үй қона алмайтын, мұлде сыйыспайтын ұғымдар. Арасы алшақ жатқан түсініктер. Әріп сағалай, сөз куалай жасалған тәржіманы түпнұсқаға тен түсетін көркем аудармамен қатар қоюға болмайды. Гәл — әріп дәлдігінде емес, көркемдік дәлдікте. Әрішілдік әдетке бой ұру туындыны әлсіретеді, ажар-көркінен, бояу-өрнегінен айырады, ал шығарманың рухын толық жеткізуғе тырысы — аударманы әрлендіреді де, нәрлендіреді де.

Өлеңнің әр жолындағы әріпті санап, тармақтарын сөзбе-сөз тәржімалау неменеге соқтыратынын өзімізге әлде қайда жақын мысал арқылы да анфарта алар едік. Махамбеттің әйгілі толғауындағы: «Бура атанға шөккен күнін», немесе Абайдың атақты «Аттың сынындағы»: «Қөтендігі шығыңқы, аламайлы», «Арты талтақ, ұмасы үлпершекті» деп келетін тармақтарын өзге бір-ұлттың тіліне бұлжытпай тәржімаласак, не болып шығар еді? Қазак тұрмысынан хабары кем, қазақ тілін білмейтін оқырман мұны қалай қабылдан, қалай ұғынар еді?

Әрішілдік пен көркемдік дәлдіктің арасын анық ажыратқан орыс классиктері сөзбе-сөз аудармаға үзілдікесілді қарсы шыққан. А. С. Пушкин де, Н. В. Гоголь де өздерінің мақалалары мен хаттарында аудармадағы

көркемдік дәлдікті жақтап, қостаган. Олар автордың ой-сезімі, көңіл күйі, жазу мәнері, стиль жүйесі көркемдік дәлдік арқылы ғана берілуі мүмкін деп білген.

Аудармашы суреткер болуға тиіс.

Қазақ әдебиетінің тарихында аударманы сөз өнері деп таныған және мұны поэзия практикасына айналдырыған, арнаулы мақала жазып, әдейілеп пікір қозғамасада, әріпшілдікті құптамай, көркемдік дәлдікті негізгі нысана еткен адам — Абай. Ол әлі күнге дейін асу бермес аскар бел тәрізді: поэзия үлгілерін аударуда ол әлі де асқақташ, биік тұр.

Тақырыбымызға оралып, Пушкин лирикасын қалай қазақшалағанымызды әңгімелер болсақ, біздің ақындар кеменгер суреткер туындыларына сонау отызыншы жылдардағы аудармаларында жақындай түскең тәрізді. Ильяс Жансүгіровтың, Тайыр Жароковтың, F. Ормановтың тәуір деген тәржімалары осыны ыспаттайтыны. Қырқыншы жылдардың аяқ шенінде және онаи кейінгі кезеңдерде Хамит Ерғалиев, Қалижан Бекхожин, Куандық Шаңғытбаев сияқты ақындар түпнұсқаның рухын сактау жолында жемісті енбек етті.

«Чаадаевка», «Қара бұлт», «Сібірге хат», «Пайғамбар» өлеңдерінің қазақшасын (ауд. I. Жансүгіров) оқыған адам олардан Пушкин музасының ерекшелігін, лебі мен тынысын, интонациясын сезбей қалмайды. «Чаадаевка» («К. Чаадаеву») өлециң алайық:

Орысшасы:

Любви, надежды, тихой славы  
Недолго нежил нас обман,  
Исчезли юные забавы,  
Как сон, как утренний туман;

Мы ждем с томленьем упованья  
Минуты вольности святой,  
Как ждет любовник молодой  
Минуты верного свиданья.

Қазақшасы:

Үміт, сую, паң атақ  
Алдаумен аз тұрғандай,  
Бітті біздің жас ойнақ,  
Тұтін, таңғы тұмандай.

Бейне біз де бірдейміз  
Жарын күткен жігітпен.  
Еркіндікті күтеміз  
Талықсыған үмітпен.

Бірінші шумақтың әсіресе соңғы екі тармағы түпнұсқаға тен түскен дей аламыз. Ал бірінші тармақтағы «тихой» эпитетінің «паң» қалпында алыну себебі — Ілиястың түсінбегендігінен емес, ертедегі басылымдарда «гордой» түрінде беріліп журуінен болуы ықтимал.

Үйқас жағынан алғанда аудармашы түпнұсқадағы шалыс үйқасты кейде сақтап, кейде сақтамайды («Жигітпен—үмітпен», «бірдейміз — күтеміз»). Ал қаусырма үйқас (авва) ескерілмейді. Жалғыз Жансүгіров емес, бұл ол тұста басқа қаламгерлердің де назарына ілікпеген жэйт.

Бірінші шумақтың ушінші тармағындағы «забавы» тұра мағынасында «ермек» болып аударылады. Бірақ Ілияс оны «ойнақ» деп алған. Сірә, ол қазақтың халық өлеңіндегі: «Келіп-кетіп жүргейсің ойнағыңа» текстіндегі «ойнақты» дөп көрген болса керек.

«Сібірдің кендерінің теренінде» («Во глубине сибирских руд») түпнұсқаға анағұрлым жақын. «Жойылмас азап ауыр еңбектерің, асқағы асқар ойдың бітпес бұда» — «Не пропадет ваш скорбный труд и дум высокое стремление». Казақшасындағы:

Как жарып азап інді, азабынды,  
Сияқты жеткізгенім азат үнді,  
Достық та, махаббат та жетер әлі-ак,  
Как жарып берік қорған, қараңғыны.

Ауырлық бұғау түсер, кісен сынар,  
Ашылар қараңғылық, зындан құлар,  
Бостандық куанышпен құшақ жайып,  
Ұстатар қылышынды туыскандар, —

деп келетін шумактар орысшасындағы сенім серпінін, сеziм сипатын, ой жүйесін жеткізіп айта алғандай:

Любовь и дружество до вас  
Дойдут сквозь мрачные затворы,  
Как в ваши каторжные норы  
Доходит мой свободный глас.

Оковы тяжкие падут,  
Темницы рухнут — и свобода  
Вас примет радостно у входа,  
И братья меч вам отдадут.

Салыстырып қараңыз.

«Қысқы таң» («Зимнее утро») аудармасы да түпнұсқаның көркемдігін барынша келісті етіп беруге күш сал-

ғандықты абайлратады (ауд. Т. Жароков). Алғашқы шұмақты екі тілде қатар оқып көрейік:

Мороз и солнце; день чудесный!  
Еще ты дремлешь, друг прелестный —  
Пора, красавица, проснись.  
Открой сомкнуты негой взоры  
Навстречу северной Авроры,  
Звездою севера явись!

Әрі аяз, әрі шуақ — күн тамаша!  
Маужырап жатпақшысың досым қанша —  
Сұлуым, оянатын уақыт жетті,  
Ләззәтпен жұмған назды қөзінді аша,  
Қарсы алып солтүстіктің Аврорын,  
Жарқ өтші терістіктің жұлдызыниша.

Біз «Қысқы таңның» басқа шумақтарын да орысша-  
сымен салыстырып көрдік. Байқағанымыз: Жароков  
оригиналдан ауытқымауға, тіліндегі кестелі сөздердің  
бояуын солғындағатпауға көл зер салған. Әсіреле «Астын-  
да зеңгір аспан...» («Под голубыми небесами») деп бас-  
талатын үшінші шумақтың қазақшасы түпнұсқаға сай-  
ма-сай деуге болады.

Фали Орманов аудармаларынан сәтті шыққандары:  
«Кезсем де көше бойын дуылдаған», «Ескерткіш» т. б.  
Өзінің төл туындыларындағы үсталықты, сөзге үнемшіл-  
дікті, ой терендігіне бет қоюды Фали көркем аударма са-  
ласында да танытып отырады.

«Кезсем де көше бойын дуылдаған» («Брошу ли я  
вдоль улиц шумных»). Бұл өлеңді өзінен бұрын екі ақын  
аударғанын Фали білді ме, жоқ па, — мәселе онда емес.  
Мәселе аударманың сапалылығында, асыл нұсқаның  
өзін де, сезін де айнитпай түсініп, казак өлеңінің өрнегі-  
не шебер түсіруінде.

Қазақшасы:

Кезсем де көше бойын дуылдаған,  
Кірсем де тауапқа жұрт құжылдаған.  
Отырсам да албырт жастар арасында,  
Кетемін өз ойыма бұлындаған.

Деймін мен: заулап өтіп жатыр жылдар,  
Көрінген осы арада қанша адам бар —  
Кіреміз бәріміз де жер қойнына,  
Сағаты бар-ау тіпті таянғандар.

Орысшасы:

Брошу ли я вдоль улиц шумных,  
Вхожу ль во многолюдный храм,

Сижу ль меж юношей безумных,  
Я предаюсь моим мечтам.

Я говорю: промчатся годы,  
И сколько здесь ни видно нас,  
Мы все сойдем под вечны своды —  
И чай-нибудь уж близок час.

«Өмір арбасы» («Телега жизни») өлеңінің қазақша-  
сында да кәдімгі поэзиялық қадір-қасиет, ырғақ, инто-  
нация өзгешеліктері берік сақталған. Фали түпнұсқаның  
нәзік саздары мен емеурін-ымдарын хал-қадарінше жа-  
тық тілмен беруге күш салған. «Өмір арбасын» оқыға-  
нында оның орыс тіліндегі көркем дүние екенін, бірақ  
қазақ топырағын да жатсынып-жатырқап түрмеганын  
бірден сезесің.

С утра садимся мы в телегу;  
Мы рады голову сломать  
И, презирая лень и негу,  
Кричим: пошел!..

Но в полдень нет уж той отваги;  
Пораstryло нас; нам страшней  
И косогоры и овраги;  
Кричим: полегче, дуралей!

### Қазақшасы:

Сәріден мініп арбага,  
Жүргүге қатты құмармыз.  
Қарамай қажып-талғанға,  
Айқайлап: э... деп сыйбаймыз.

Қалады түсте ол ерлік,  
Соғады арба зіркілдеп.  
Коркытып бізді сай мен тік,  
Саламыз айқай: ақырын! — деп.

Фали әсіресе соңғы шумақтың үшінші, төртінші тар-  
мақтарын тап басып, дәл бейнелеген. «И дремля едем до  
ночлега, а время гонит лошадей» — «Келеміз қалғып  
қонғалы, Аттарды мезгіл өзі айдал» болып шынайы ше-  
берлікпен қыстырылған.

Фали Ормановтың Пушкин мұрасын игеру, орыс өле-  
ңінің мәні мен нәрін, астарлы сөз өрнектерін біршама  
дұрыс аңғару бағытындағы жемісті қадамдарын біз  
оның «Жол зары», «Қара шәлі», «Қысқы жол», «Атым-  
нан саған не пайды?» тәрізді тәржімаларынан да абай-  
лаймыз.

Тарихтан мәлім, лицейдің төменгі курсынан жоғарғы курсына көшерде он алты жасар Пушкин «Патша Селосындағы ой» («Воспоминания в Царском Селе») дег аталатын атақты өлецін оқып, емтихан тапсырған. Едәүір бөлегі 1812 жылғы Отан соғысына арналған, қызу патриоттық сезімге толы осы өлец тыңдаушыларын таңқалдырған. Емтиханға қатысып отырған әйгілі ақын Державин қуанданнан көзіне жас алғып, осынау бүйра шашты қараторы бозбаланың болашағынан көп үміт күтетінін, дүниеге «екінші Державин» келетіндігіне сенетіндігін білдірген.

«Патша Селосындағы ойды» қазақшалаған Хамит Ерғалиев сол заманың ерекшелігінен туатын жағдаяттарды, ұғым-түсініктерді, бейнелеу жүйесіндегі өзгешеліктерді әбден зерттең, біліп алған. Тұпнұсқаның лұғатын үнемі ескеріп отыруды көздеген. Ерғалиев Пушкин-ді қазақша сөйлесткенде қысылып-қымтырылмай, өзін еркін ұстаған. Міне, ең бірінші шумақтың қазакшасы:

Қалғыған кен аспанның көк күмбезін  
Салбырап қараңғы түн баса түсті;  
Сай-сала, тоғайда да шықпайды үн,  
Ақ тұман аулактағы орман үсті.  
Қалың ну саясына сырғып бұлак,  
Үстінде жапырактың жел дамылдаپ,  
Ай жүзді ақ пұлістей бұлт ішінде,  
Бейне бір көкте кербез аққуға ұсал.

Орысшасы:

Навис покров угрюмой нощи  
На своде дремлющих небес;  
В безмолвной тишине почили дол и рощи,  
В седом тумане дальний лес;  
Чуть слышится ручей, бегущий в сень дубравы,  
Чуть дышит ветерок, уснувший на листах,  
И тихая луна, как лебедь величавый,  
Плывет в сребристых облаках.

Екі нұсқаны сөзбе-сөз, жолма-жол салыстырған шақта Ерғалиевтың шеберлігіне, әрішілдіктен алыстан, көркем аударма жасауға сол кездің өзінде-ақ (қырқынышы жылдардың аяқ шені) танылып қалғанын аңғарамыз. Поэзияның поэзиялық қасиетіне бірде-бір нұқсан келтірмей, әрі асыл нұсқадан жырақтап кетпей, қайта оған мейлінше жуықтай тусу міндетін қазақ ақыны абыроймен орындаған.

Үйқасындағы өзгешеліктің бірі — Ерғалиев өз аудар-

масында он бір буындағы шалыс үйқасқа барған. Сегіз жолдан тұратын шумакта а б а б в г в г үйлесімін бастаңақ сақтаған.

Алматының Абай атындағы педагогика институтында оқып жүрген кезінде Пушкин атындағы стипендияға ие болған жас ақын Қалижан Бекхожин поэзияда, әдебиет салында қатар қалам тербеумен бірге, аударма салында да көзге түсе бастады. Ол 1937—1938 жылдарда Пушкиннің бірқатар лирикалық өлеңдерін қазақ оқырмандарының игілігіне айналдырыды. Бертінде «Чаадаевқа», «Деревня», «Пайғамбар» тәрізді өлеңдерін, «Жәбір-айлнама» поэмасын аударды.

Бекхожин аудармаларына тән қасиеттің бірі — орыс поэзиясының ұлттық нәр-нақыштарын пайымдауға, классикалық туындының мазмұнымен қатар, түрін де сақтауға талпыну, түпнұсқаға барынша жақындей түсуге үмтүлу дер едік. Мағына, образ, бояу жақтарын айтпағанның өзінде әрбір поэзиялық шығарманың ырғак, өлшемдерін дәл беру жолында да Бекхожин игі қадамдар жасады. Мәселен, «Пайғамбарды» он бір буынмен емес, сегіз буынмен аударуы осының айғағы.

«Бұлбұл мен көкек» («Соловей и кукушка») өлеңінің аудармасын түгел келтірейік:

Орманда, меніреу бір түнде  
Жыршысы көктем әр үнде,  
Сызылтып сайрап, жырлайды.  
Алайда көкек ақымак,  
Өзін сүйгіш бір қылжак,  
«Көкек» деп бір тынбайды.  
Тағы шығып жаңғырық,  
«Көкектейді» қайғы сап!  
Құтқар, алла, бізді аулак,  
Саруайымшыл көкекті ап!

Мұнда орысшасындағы: «В лесах, во мраке ночи праздной весны певец разнобразный», «...бестолковая кукушка, самолюбивая болтушка, одно куку свое твердит» деп келетін тармактар мағына, сөздерінің саздылығы жағынан жатық, түпнұсқадағыдай аралас үйлесіммен берілген. Бастапқы екі тармак, төртінші, бесінші тармактар өзара үйқасса, үшінші, алтыншы тармактар қаусырма үйқас үлгісінде қыстырылған; қалған төрт тармақ шалыс үйқаспен берілген.

Пушкин поэзиясын насхаттауға белсене ат салысқандардың бірі — Қасым Аманжолов. Оның өзге тәржі-

маларына баға беріп жатпай-ақ, бір ғана «Дастарқа жырын» («Вакхическая песня») алып қарайык.

### Орысшасы:

Что смолкнул веселия глас?  
Раздайтесь, вакхальны припевы!  
Да здравствуют нежные девы  
И юные жены, любившие нас!  
Полнее стакан наливайте!  
На звонкое дно  
В густое вино  
Заветные кольца бросайте!  
Подымем стаканы, содвинем их разом!  
Да здравствуют музы, да здравствует разум!

### Қазақшасы:

Неге тынды шаттық үні кенеттен?  
Шарап тәңрі шырқап салар қайда әндер!  
Жасасын де нәзік қыздар бойжеткен,  
Жасасын жас, бізді сүйген әйелдер!  
Толтыра құй ыдыстарды, ханымдар!  
Дәу түбіне түсіре,  
Кою шарап ішіне  
Касиетті жүзіктерің салындар!  
Тегіс тұрып, соғыстырып алып қой!  
Жаса біздің музалар мен ақыл-ой!

Қасым асыл нұсқаның нәрі мен әрін келісті түрде келтіріп, өлеңнің ішкі қуаты мен сезім серпінін, ой екпінін щеберлікпен бере білген. Мұндағы «ханымдар» тәрізді бірен-саран кірме сөздер байқалмай да қалады.

Өлеңнің соңғы жолындағы «Да здравствует солнце, да скроется тьма!» деп келетін қанатты лебіз де аудармада ажарлы қалпын бұзбаған («Жасасын күн, қарандылық ықсын да!»).

Шынында, кез қелген аударма түпнұсқаның ең жуық, ең жакын деген баламасын жасау ғана. Ол әр жолды өз орнына коя салумен біте қоятын оцай шаруа емес. Онда көшірмешілікке жол жоқ.

Творчестволық тәржімада кейде бірер сөз түсіп қалып (мағынаға нұксан келмесе), кейде бірер сөз қосылып отыруы ғажап емес екендігін талай тәжірибеден көреміз. Беранжениң «Енбек жыры» өлеңін франциузшада орысшаға аударған Курочкин түпнұсқадағы төрт жоқайырманы бес жол етіп жіберген.

Сол сияқты, Қасымның әлгіндей мықты тәржімасында да жекелеген сөздің қалып қоятыны, жанынан қосылатыны жоқ емес. Мәселен, «Өшсін жалған тақуалық,

сары уайым!» деп келетін он төртінші тармақтың соңғы сөзі — «сары уайым» түпнұскада жоқ («Так ложная мудрость мерцаает и тлеет»). Сол тәрізді, «Пред солнцем бессмертным ума» тармағындағы «бессмертным» сөзін Касым калдырып кеткен. Бір жолға сыймаған болса керек. Соңда да аударма тұтастай алғанда әдемі әсер қалдырады. Оқыған адам оның Пушкиннен жасалғанына күмән көлтірмейді.

Ілгеріде аттары аталған ақындармен қатар, Қайнерек Жармағамбетов пен Ғафу Қайырбековтың, Мұзафар Әлімбаев пен Қабдықорім Үйдырысовтың, Жаппар Өмірбеков пен Бұркіт Үсқақовтың кейбір сәтті тәржімалары жоқ емес.

Пушкин өлеңдерін қазақ тіліне аударуда азды-көпті табыстарымыз осындаі. Дегенмен, сәттіліктің сәтсіздік дейтін көлеңкесі көп ретте жиі-жиі бой көрсетіп қалатынын жасыра алмаймыз. Ілгерідегі, тіпті соңғы басылымдарда жасық, мұлде шалағай тәржімалар енгізіліп келгені, бірсыныра аудармаларда ақынның ойы бұрмаланғаны, сәйтіп шығарманың идеялық-көркемдік қасиетіне едәуір нұқсан көлтірілгені анықталып отыр. Бірқатар аудармаларда Пушкин лирикасының жеке шумақтары мұлде тәржімаланбай тасталған, ал кейбір аудармашылар түпнұқаны түсінбей қарама-қарсы мағына беретін сөздерді қолданған. Осының бәрі, тағы сол сияқты ірілі-ұсақты мін-мұлтіктер Пушкин мұрасына айрықша ұқыптылықпен, мұқият қарауды, аудармаларды әр қылы ақаулар мен ауытқулардан тезірек арылтуды талап етеді.

Сөзді фактілерге берейік.

Пушкиннің «Ай» («Месяц») деген өлеңінің аудармасына көз жіберейік. Осындағы әбден түсінікті түрде айтылған сөздерді Тәкен Әлімқұлов бұзып тәржімалаған. «Гордым разумом моим» — «салқын оймен», «летите прочь, воспоминания» — «Еске алмаймын!» болып шығыпты. «Сияние тусклое наводишь?» — «Сәуле төгіп дірілдетіп» делінген. Бұл арада «тусклое» эпитетінің қалып қоюы мағынаға нұқсан көлтіріп тұр.

Осы «Ай» өлеңінің мына бір шумағын Әлімқұлов мұлде аудармай тастап кетіпті:

Что вы, восторги сладострастья,  
Пред тайной прелестью отрад  
Прямой любви, прямого счастья?  
Примчаться ль радости назад?

Аудармашы осы өлеңдегі «Зачем я с милою простился?» дегенді «Коштастым-ау қалқатаймен» деп жасытып жіберген. «Неге» сұрағының түсіп қалуы сырдац баяндауға әкел соктырған.

Т. Әлімқұлов тәржімалаган «Махаббат бір — салқын өмір шаттығы» («Любовь одна — веселье жизни хладной») өлеңінде де тап басып, дәл айтылмаған жәйттер баршылық. Бірінші шумактың үшінші тармағындағы: «А горестям не виден и конец» — «Қасиреті келмес, сірә, орнына» делінген. Сол шумактың қалған төрт тармағындағы сөздер орынсыз «қоныс аударушылыққа» ұшырағандықтан және мағынасы дұрыс берілмегендіктен өз-гешелеу күйге көшкен.

## Орысшасы:

Стократ блажен,  
кто в юности прелестной  
Сей быстрый миг поймает на лету;  
Кто к радостям и неге неизвестной  
Стыдливую преклонит красоту!

## Казакшасы:

Бастаңы сыр, қуаныштың алдында  
Баурай білсөң сұлу қызды үялшак,  
Дер кезінде, жалын жастық шағында  
Армансызының алып қалсаң рахат.

Мәселе мұнда алдыңғы екі жолдың қоныс аударып, үшінші, төртінші жолдарға ауысуындаған емес, басқада: «Сей быстрый миг поймает на лету» — «алып қалсаң» ғана емес қой. «Ұялшақ сұлулықты» — «сұлу қызыды ұялшақ» деп, қыз мағынасында алу орынды ма? Онан соң «Неге неизвестной» қазақшаланбай қалғанда, «Бастаңғы сыр» жол қатарында босқа түр.

Тұнұқсқадағы қайсыбір тармақтарды аудармай, тастап кету әдетінен Әлімқұлов осы өлең тұсында да арыла алмаған. Төртінші шумақтың соңғы тармағындағы «И муюю бессмертны вы своей!» түсіп қалған.

Аудармада сөздің санын толтыру шарт емес. Мұны орыс, қазақ тілдеріне, көркем аударма теориясына жетік Әлімқұлов білмейді емес. Сөйте тұра ол тастап кетүге болмайтын, міндетті түрде қазақшалануға тиісті бейнелі сөздерді елемейді, ескермейді. «Махаббат бір — салқын өмір шаттығының» соңғы төрт жолы мынадай:

К чему мне петь? под кленом полевым  
Оставил я пустынному зефиру

Уж навсегда покинутую лиру,  
И слабый дар как легкий скрылся дым.

### Қазақшасы:

Қашты өнерім, шамалы еді бұрын да,  
Мәңгі-бақи кетті жырым келмеске.  
Үйінкелі кең даланың желіне  
Бердім бәрін. Қажет маған жыр неге!

Орысшасындағы «как легкий скрылся дым» деп келетін тенеу түсіп қалған. «Қашты» сөзі оған төлеу бола алмайды.

Т. Әлімқұловтың біз қараптыраң екі аудармасында да Пушкин рухына жақындайтын шумақтар аз кездеспейді. Бірақ жоғарыдағыдан тастап кетушіліктер, түпкі мағынаға сай келмеушіліктер аударманың әрін де, нәрін де қашыратыны хақ.

Түсінбей теріс тәржімалаудың бір мысалын «Пущинге» («К Пущину») өлеңінің қазақшасынан да байқауға болады (ауд. К. Қөпішев).

### Орысшасы:

С пришельцем обнимися —  
Но доброго певца  
Встречать не суетися  
С парадного крыльца.

### Қазақшасы:

Қарсы ал, құшақ жайдығы  
Мейірбанды ақынды,  
Сый қонағың келгендей  
Қастерлеме жақынды.

### Орысшасы:

Прими же его лобзанья  
И чистые желанья  
Сердчной простоты!

### Қазақшасы:

Сүйейінші, келші мен  
Кіршікіз таза жүрекпен,  
Білсең соны ырзамың!

Өлең Пушкиннің лицейде бірге оқыған жақын досы Иван Иванович Пущиннің туған күніне арнап жазылған. «Любезный именинник, о Пущин дорогой! Прибрел к тебе пустынник с открытой душой» деп басталуы да сондықтан.

Біз келтірген екі мысал Қөпішев тәржімасы Пушкин шүскасынан жырақтап кеткенін, мағына жағынан жуыс-

пай тұрғанын дәлелдейді. Бірінші мысалдың алғашқы екі тармағы орысшасына аз да болса жақын десек, үшінші, төртінші тармағындағы: «Сый қонағың келгендей қастерлеме жақынды» дегені мүлде теріс ұфым береді. Екінші мысал да аудармашының пайдасына шығудан аулақ. «Прими же его лобзанья» — «Сүйейінші, келшімен» болып өзгерген, үшінші тармақта Көпішев өз жаңынан сөз қосқан («Білсең соны ырзамын»). Өлеңнің бастапқы жолдарындағы «именинник», «пустынник» сөздерінің де баламасы табылмаған.

Көркем аудармада тұтас бір шумақтарды тәржімала-май, тастап кету қаншалық жөнсіз болса, өз жаңынан тармақтар қосып, жол санын көбейтіп жіберу де сонша-лық орынсыз. Тәржімада тармақтарды араластыру, өз жаңынан сөз қосып, шұбаландату кездеседі.

Орысшасы:

Проходит день за днем,  
И ты в беседе граций,  
Не зная черных бед,  
Живешь, как жил Гораций.

Қазақшасы:

Күн артынан өтіп күн  
Алансыз зырлап барады,  
Сенің мұңсыз өмірің.  
Серпін тастап қайғыны  
Жайнаңдап жаңып тұрасын,  
Горацийге сай мұның.

Пушкиндегі төрт жол Көпішевтің қолымен алты жолға жеткізілген. Бұл арада тәржімашы осының алдындағы екі тармақты орындарынан ауыстырып, өзінен соңғы «Проходит день за днем» жолынан кейін келтіргенге үк сайды. Шұбаландық, бәлкім, соның есебінен де шығар Солай болған күнде де мұнда қосымша жоқ емес. Қайт кенде де, шумақтарды араластырып жіберушілікті мақұлдай алмаймыз.

Көпішев Пушкин өлеңіндегі шалыс үйқасты мүлдәсіттамай, көбінесе кезек үйлесімге қарайлайды, ал кейде тіпті үйқассыз тарта береді. Міне, соның бір мысалъ

Болмасаң да сен ақын,  
Астында шағын баспана  
Ырымшыл Гиппократпен,  
Тұксиген өңшеги поптармен  
Әзелден таныс емес ең.

Бәлкім, аудармашы соңғы екі тармақта үйлесім бағдеп таласар. «Поптармен» — «емес ең» — бұларды үй-кас деу қыны.

Лицейден кейінгі дәуірде Пушкин поэзиясында жана бір кезең басталады. «Еркіндік» (1817), «Чаадаевқа» (1818), «Деревня» (1819) атты өлеңдерінде самодержавиеге, крепостнойлық правоға карсылық сарындары айқын естіліп, ашық жырланады. Эр стильде жазылған осынау үш өлең — декабристік бағыттағы саяси поэзияның ұлгісі.

«Деревня» — акынның крепостнойлық құлдықты кектене айыпта, халыққа жанашырық білдірген батыл саяси декларациясы. Өлең жүртшылық арасына астырытын тарап, сол замандағы ілгерішіл пікірдегі адамдарды еркіндік сүйгіштікке баулуга көп себін тигізген. Бірінші бөлегі лирикалық толғаныс-тебіреністан басталған «Деревня» келесі шумақтарда асқақ әуенге, ашулықекті, шешендік интонацияға ауысады. Қоркемдік суреттеу құралдарының ішінде «Ақиқат», «Зан», «Отан», «Бостандық» сияқты саяси мәні айқын аңғарылатын сөздер тегін қолданылмаған. Бұл шығармада халық және оның тағдыры туралы тақырып Пушкин творчествосында тұңғыш рет көрініс тапқан.

Сондайлық кезеңді дүние қазақ тіліне қалай аударылған екен? Біз А. С. Пушкиннің «Тандамалы шығармаларының» бірінші томына (1975) енгізілген, ең соңғы, ең жаңа аудармасын түпнұсқамен салыстырып, тиісінше талдап көрейік.

Егер ұлы ақын туындыларының ішінде қазақшалағанда келбеті күңгірттеніп, мұсіні мұқалып, көркемдік жүйесі жұқарып шыққан бір шығарма болса, ол «Деревня» (ауд. Б. Алдамжаров). Алғашқы шумағын оқи бастаймыз:

Өзінде өткен көңілді, ғажап күндерім,  
Өзінде тапқан бақытқа шексіз алғысым;  
Тыныштық, еңбек шабытқа мас боп жүргенім,  
Жадымда мәңгі мекенім жырак, армысың!  
Сендікпін мәңгі, қызықпан сәнді сарайға,  
Даңғаза шулар, ойындар, тойлар жері өтті.  
Ормандар қандай бөленген таңғы арайға  
Алқаптар қандай қыздардай науша көрікті!

Сырт қарағанда кәдімгі өлең сияқты. Үйқасы да оншама ақсал тұрмадан тәрізді. Сөздері де қисынды көрі-

неді. Алайда алғашқы жолдардан-ақ көңілің алаңдаپ, қарның аша бастайды. «Япирмау, Пушкин осындай ма еді?» — дейсің ішінен. Жастайыңдан көкірегіңе тоқылып, ойыңа ұялаған таңғажайып суреттер мен толқынды тебіреністерден қапелімде көз жазып қалғандайсын. Сейтесің де Пушкин томын ашып жіберіп, өлеңнің өзін оқи жөнелесің:

Приветствуя тебя, пустынный уголок,  
Приют спокойствия, трудов и вдохновенья,  
Где льется дней моих невидимый поток  
На лоне счастья и забвенья.  
Я твой: я променял порочный двор цирцей,  
Роскошные пиры, забавы, заблужденья  
На мирный шум дубров, на тишину полей,  
На праздность вольную, подругу размышленья.

Казакшасында ақынның тебірене тіл қатқан «Приветствуя тебя» дегені де, «пустынный уголок» сипаты да жоқ; тәртінші тармақтағы «счастья» екінші тармаққа күштеп көшірілсе де, қасындағы «на лоне» сөзінен ажыраған соң ажарынан айрылған. «Забвенья» — ұмытылған. Сонымен тәржімадағы бастапқы екі тармақ асыл нұсқаға ешқандай қатысы жоқ бос сөз болып шықкан. Өлеңдегі: «Приют спокойствия, трудов и вдохновенья» — деп келетін жүрек жарды лебіз «мас боп жүргенім» тәрізді жасық та жат сөздерге тіркесіп, бүкіл сәні мен мәнінен ада болған. Бірінші шумақтың келесі тәрт тарматы да тұралап тұр. «Қызықпан сәнді сарайға» да, «Данғаза шулар, ойындар, тойлар жерітті» де Пушкин нұсқасынан қиғаштау жатыр. «Порочный двор» — «сәнді сарай» болып, қарама-қарсы мағынада алынған. «Променял» — «жерітті» емес. Сәнді тойларды, ермектерді, жалған жолдарды орман шуына, қырдың мұлгуіне, тыныштығына ауыстырдым деген ой тәржімада мүлде солғындал, әлсіреп кеткен. Әлгіндей бейнелі сөздер «ормандар кандай бөлениген таңғы арайға» тәрізді жалпылана, жайдак баяндаумен алмастырылған. Шумақтың соңғы тармағындағы «қыздар» қайdan пайда болған? Бақсак, тәржімашы «подругу размышленья» деген екі сөздің біріншісін қыз деп түсінген екен. Бұл екеуі сол текстідегі «На праздность вольную» дегеннің қосымша түсіндірмесі, анықтамасы тәрізді. Сондықтан да ол келесі «подругу размышленья» тіркесінен утір арқылы бөлінген.

«Деревня» бұдан бүрын да аударылып, Пушкиннің 1953 жылғы төрт томдығының бірінші томында жария-

ланған (ауд. К. Бекхожин). Жоғарыда Б. Алдамжаров өңін қашырып, мағынасын бұзып тәржімалаған шумақ Бекхожинда былайша берілген:

Сәлем саған, иен түкпір аулақ жатқан,  
Сенде енбек, рахат, шабыт пана тапқан..  
Бақыт пен дарқандықтың аясында,  
Тасқыны күндерімнің тынбай аққан.  
Бездім мен: цицерейлік сүм, жат сарайдан,  
Сәнді той, ермектерден, жолдан жалған.  
Сүйдім де орман шуын, қыр мұлгуін,  
Кең дарқан еркіндікті ойыма алған.

Міне, мұнда Пушкин музасының сазы, бедер-белгілөрі бірден көзге шалынады. Орыс өлеңінің қазақша өрнек тапқаны салған жерден сезіледі.

Алдамжаров аудармасына қайта оралайык.

«Деревняның» екінші шумағын орысшасымен салыстыра отырып, біз мынадай жәйттерді анықтадық. Аудармашы өлеңінің бұл болегін де дұрыстап казақшалай алмаған, қайсыбір сөздерді, тармақтарды тастап кеткен, немесе басқа мағына беретіндей етіп жіберген. «Я твой— люблю сей темный сад с его прохладой и цветами» тармақтарын: «Сендікпін мәнгі, сүйемін жайнаған сая бақтарды» дей салған, тұпнұсқадағы самалды, ғұлді қоңыр бақ сөздерін бір ғана «жайнаған» арқылы беру мүмкін еместігі аңғарылмаған. «Сей луг, установленный душистыми скирдами» — «Ұнатам кеште маяга шығып жатқанды» делініп, мұлде теріс ұғынылған. «Здесь вижу двух озер лазурные равнины». Алдамжаровта: «Алдында жатыр айдын шалқар нұр бет көл» болып, Пушкинде екі көл екені ескерілмеген. Орыс әдебиетшілерінің зерттеулеріне қарағанда, 1819 жылғы июльде Михайловское селосында жазылған осынау өлеңінің алғашқы бөлегінде табиғат көріністері дәл қалпында суреттелген көрінеді. «Темный сад»-та, «...луг, установленный душистыми скирдами» деп келетін тармақ та, Маленец пен Кучен атты екі кісі де Михайловское төңірегін дәлме-дәл елестетеді екен. «Нұр бет көл» екі көлдің орнына жүре ала ма? Тәржімашы тәуекелге баса береді: «Вдали рассыпанные хаты» — «ауылдар» аталады, оған өз тұсынан «ду-ду балғындар» тіркесі қосақталады. «На влажных берегах бродящие стада» тармағындағы «стада» сөзін түсінбеген Алдамжаров оны «сиырлар» дей салады, табын, бір үйір мал сияқты сөздер аузына түспейді. «Овины дымные» мұлде қазақшаланбай қалған (овин — бау кептіргіш,

дегдітпе). Соңғы тармақтардың біріндегі: «Жел днірмен-  
нің алмайды бүгін жел есін» жолының орысшасы: «мель-  
ницы крылаты» екен. Қім қалай түсінеді дегеніміз осы-  
дан. Өлеңнің калған шумактары да тұпнұсқадан ауа  
жайылудың, образдардың мәнін үғына алмаудың, дол-  
барлай салудың мысалы.

### Орысшасы:

Я здесь, от суетных оков освобожденный,  
Учуся в Истине блаженство находить,  
Свободною душой Закон боготворить,  
Роптанью не внимать толпы непросвещенной,  
Участьем отвечать застенчивой Мольбе  
И не завидовать судьбе  
Злодея иль глупца — в величии неправом.

### Қазақшасы:

Гайбаттан қашып келген ем кеше осында,  
Танығандаймын, шынайы, нағыз өмірді.  
Еркінмін мұлде, тәрізді тым көп досым да,  
Саяатсыз сөздер етпейді алаң көнілді  
Сынақ жоқ тұрған алдымда,  
Кінәм жоқ қояр тағдырға  
Ақмаққа шенді қызықлан.

Мұнда Ақиқаттан ләzzат табу, жан еркімен ізгі Заң  
жасап алу, надан топ күнкіліне құлақ қоймау сияқты ас-  
тарлы, мәнді сөздер «гайбаттан қашып келген», «таны-  
ғандаймын шынайы, нағыз, өмірді», «Еркінімін мұлде,  
тәрізді тым көп досым да» іспетті сырдаң да сүйық си-  
паттаулармен алмастырылған. Тәржімашы: «Сынақ жоқ  
тұрған алдымда» тармағын өз жаңынан қоса салған да,  
залым мен ақымақтың тағдырын құнде мейімін деудің  
орнына, «кінам жоқ қояр тағдырға» деп әлсіретіп жібер-  
ген.

Қатты қынжыларлық бір жәйт: өлеңнің жан шошыр-  
лық сүмдикты, құлдықты, қанауды әшкерелеп, жүрттың  
көзінің жасын көрмеген, зарын үкпаған қожалардың  
егіншілер еңбегін қанап отырғанын ашына айыптаған  
шумактары тәржімада талықсып, талмаусырап, көркем-  
дік қуатынан айрылып, өң-түссіз, ажар-көріксіз құр сұл-  
дер сияқтанып кеткен. Эсіресе, Пушкиннің:

О если б голос мой умел сердца тревожить! деп келе-  
тін айбынды үні естілмей қалған, өйткені Алдамжароғ  
оны мұлде аудармай, түгелімен тастап кеткен. Ал «Де-  
ревняның» ой түйінін білдіретін соңғы тармақтары ка-  
лай тәржімаланған дейсіз ғой?

Пушкинде:

Увижу ль, о друзья! Народ неугнетенный  
И Рабство, падшее по манию царя,  
И над отечеством Свободы просвещенной  
Взойдет ли наконец прекрасная Заря?

Алдамжаровта:

Достар-ай ақыр босанып халық құлдықтан,  
Жүрер ме еркін, қожа боп ғажап жаһанға,  
Жүрер ме бар жұрт, сүйеніш тауып шындықтан,  
Елімде менің еркіндік таны атар ма?

Көріп отырсыздар, асыл нұсқадан аулақтау мұнда да оп-оңай көзге ұрып тұр. «Увижу ль» — «көрем бе» сөзі, демек автордың негізгі ойы қалып қойған. «По манию царя» — неге алнып тасталған? Оның орнына бүкіл жаһанға қожа болу идеясы бұл араға қайдан әкелінген? Сондай-ак, үшінші, төртінші тармақтар да орысша нұсқаға сәйкес емес. Білімді, азат Отаным деп келетін өлец жолы «Жүрер ме бар жұрт сүйеніш тауып шындықтан» тәрізді жадағай, жайдак сөздермен ауыстырылған да қойған. «Ғажайып Таң» тіркесіне өзгеріс жасап, оған «еркіндікті» өз жанынан қосу да ұнасымды дей алмаймыз.

К. Бекхожиннің Б. Алдамжаровтан 22 жыл бұрын жарияланған аудармасында «Деревняның» соңғы шумалыбы лайша оқылады:

Көрем бе, уа, достарым, халқымды азат,  
Құлдықтың құлағанын патша қалап?  
Көркейген, білімді, азат отанымның  
Қашан бір атар екен таңы ғажап?

Пушкинге әлде қайда жақындықты, оның рухын берушілікті осындай тәржімалардан іздеуіміз керек.

Сонымен, «Деревня» Алдамжаров аудармасында бұрмаланған, болжыр, босаң дүние болып шыққан. «Деревняның» К. Бекхожин мен Б. Алдамжаров тәржімасына дейін де қазақша бір нұсқасы болғанын тасада қалдырып, атамай өту аудармашыға қиянат жасағандыққа саяр еді. Өлеңді отызынышы жылдардың орта кезінде К. Тоғұзақов қазақшалап, Пушкиннің «Өлеңдері» жинағына енгізген. Әлбетте, аудармада едәуір ала-құлалық жоқ емес. Дегенмен, кейбір шумактарынан түпнұсқа ізінен шығып кетпегендікті аңғарамыз. Мәселен, соңғы төрт тармақ былай тәржімаланған:

Достарым, көре алам ба азат халық,  
Құлдық қирап, патшалар беріп жарлық,  
Үстіне туған елім нұрын тегіп,  
Бостандық таңы атқанын сәуле жағып?

Бұл — жас аудармашының тырнақалды тәжірибесі ретінде оншама ойсырап, олқы соғып түрмаған тәрізді.

Пушкиннің «еркін өлеңдерінің» ішінде «Еркіндік» («Вольность») одасы айрықша орын алады. Өйткені мұнда ақынның саяси көзқарасы айқын көрінген. Лицейде оқып жүрген шағында жазған лирикалық шығармаларында ол көбінесе классицизм дәстүрінен қол үзе қоймаған еді. Ода, сәлем-хат, элегия, эпиграмма — жас Пушкин негізінде осындай лирикалық жанрларды төніректейтін. Бірақ оданың да одасы бар дегендей, «Еркіндікте» Пушкин Радищевке, оның осы аттас одасына иек артып, азаматтық поэзия дәстүрін жалғастыра, дамыта түседі, озбырларға өктем үнмен, кектене тіл қатады.

«Еркіндікті» казақ тіліне белгілі ақын К. Аманжолов аударған. Біз 1953 жылғы басылымымен танысып, Аманжоловтың көп ретте тұпнұсқаға сәйкес тәржімалағанын аңғардық. Ол Пушкин шығармасының мазмұнын, стилін, көркемдік ерекшелігін біршама дұрыс ұғынған. Дегенмен тәжірибелі ақынның аудармасында «эттегенайлар» да жоқ емес. Өлеңнің алғашқы шумағында Пушкин «Свободы гордая певица» деп отырса («гордая» эпитеті тегін тұрган жоқ), Қасым оны жайғана «бостандықтың жыршысы» деп ала салған. Осы ұқыпсыздық өлеңнің идеялық тұрғысына едәуір нұқсан келтіріп тұр.

Пушкинде:

Открой мне благородный след  
Того возвышенного галла,  
Кому сама средь славных бед  
Ты гимны смелые внушала.

Аманжоловта:

Алуан шатақ арасында әбігер  
Болып өткен, еркін ұлан-жауынгер.  
Батыр үнмен салған ұран бір кезде,  
Абройлы сонау галлдың жолын бер!

Сол бетте не аудармашы, не редактор «галл» деген сөзге мынадай түсінік берген. «Сонау галл (француз) деп, Пушкиннің кімді айтқаны белгісіз»<sup>1</sup>. Ал Пушкиннің

<sup>1</sup> Пушкин А. С. Шығармалары: Төрт томдық. Алматы, 1953, 1-т., 83-б.

орысша он томдығының бірінші томында басқаша түсінік берілген: бұл жерде сөз «Того возвышенного галла», — деп француздың революционер ақыны Экушаре Лебрене (1729—1807)»<sup>2</sup> туралы болып отыр. Бұл бір. Екіншіден, аудармада түпнұсқадағы ой, мағына бұрманған: «Батыл үнмен ұран салған» жыршының (бағанағы «свободы гордая певица») өзі болмай, галл болып шыққан. «Средь славных бед» деген сөздерді тәржімашы галлға қатысы бар деп түсініп: «калуан шатақ арасында әбігер болып өткен еркін ұлан-жауынгер» деп басқашалау етіп жіберген; «возвышенный галл»-ға «еркін ұлан-жауынгер», «абыройлы» деген эпитеттерді үйіп-төгіп, асыра сілтеп жіберген. Сөйтіп, бұл шумак туғелдей теріс тәржімаланған.

Питомцы ветреной Судьбы,  
Тираны мира! Трепещите! —

деп келетін атақты өлең жолдарында да ақынның ойын дұрыс бере алмаушылық айқын сезіледі.

Жецил тағдыр желігіне мастанған  
Дүниенің обырлары! Бол талқан!

«Питомцы»-дың — «мастанған», «Трепещите!»-нің — «бол талқан!» делінуі, әрине, түпнұсқадан алыстау жатыр. Қалтыраңдар, қалышылдаң, тітіреңдер, деу мен талқан бол, — деудің арасында зор айырма бар. Орысшасындағы:

И преступленье свысока  
Сражает праведным размахом

тармақтары:

Жоғарыдан сілтеп әділ қылышты  
Түсер киып қиянатты, қылмысты, —

болып қазақшаланған. Тағы да бізге түсініксіз болып көрінген бір нәрсе: кейбір тармақтар Аманжоловтың соңғы түзетулері (1953) бойынша жіберілмей, 1949 жылғы басылым негізінде жіберілген. Мәселен, бірінші шумақтың бесінші тармағы 1949 жылы:

Келші, жұлдызы тәжге таққан гүлімді,

<sup>2</sup> Пушкин А. С. Полное собрание сочинений: В 10-ти т. М., 1977, т. I, с. 453.

былып келсе, мұны аудармашы 1953 жылғы нұсқада:

Келші, жүлшы таққан құрмет гүлімді, —

деп өзгерктен. Мұндайды мұқият ескеру шарт.

Жеке жетіспеушіліктері өз алдына, жалпы алғанда Қасым Аманжолов аударма өнеріне сүйіспеншілікпен, құрметпен қараған. Мұны біз «Прозаик и поэт» өлеңінде тәжірибесінен де байқай аламыз.

О чем, прозаик, ты хлопочешь?  
Давай мне мысль какую хочешь.  
Ее с конца я завострю,  
Летучей рифмой оперю,  
Взложу на тетиву тугую,  
Послушный лук согну в дугу.  
А тем пошлю наудалую,  
И горе нашему врагу!

шумағының қазақшасы:

Жазушым, немен әүресің?  
Көрсет бір ойдың сәулесін:  
Айтарыңды алып ұстайын,  
Өткір ғып тұрып ұштайын,  
Жебедей жүйрік үйқаспен,  
Салайын да садаққа  
Шірене тартып бар күшпен.  
Жіберейін жау жаққа!

Тәржімадан түпнұсқанын сазы мен лебі сезіліп тұрады, бастапқы төрт тармақта үйқас жүйесі де сақталған (а а б б).

Қазак оқырмандарының көкейіне қона кететіндей болып, жатық аударылған өлеңдердің бірі — «Делибаш» (ауд. К. Шаңғытбаев). «Перестрелка за холмами; смотрит лагерь их и наш» жолдарын Шаңғытбаев әріп сағалау әуенімен кетпей, сөзбе-сөз қазақшалай салмай, тексттің мағынасын беруге зер салған. Олардың да, біздің де лагерь қарап тұр десе, неменеге саяр еді? Перестрелка да солай. Сонда алғашқы екі тармак:

Төбенің асты қым-қиғаш;  
Екі жақ көзін тұр қадап, —

былып, кәдімгі өлең өрнегіне түседі. Әрі қарай орысша-сын оқып көрейік:

Делибаш! Не суйся к лаве,  
Пожалей свое житье;  
Вмиг аминь лихой забаве;  
Попадешься на копье.

Эй, казак! Не рвися к бою;  
Делибаш на всем скаку  
Срежет саблею кривою  
С плеч удалую башку.

Қазақшасын қараңыз:

Делибаш! Байқа, ұшынба,  
Жаныңды сақта, ойырмай,  
Кетерсің наиза ұшында,  
Иманың қалар айтылмай.

Қазак-эй. Қызба ұрысқа;  
Қүйғытып келсе Делибаш,  
Шалынып қайқы қылышқа,  
Үршып бір түсер өзіз бас.

Мағынаға, сөз мәніне сығалай қарайтын Қуандық  
өлеңнің ырғағы мен екпінін де естен шығармайды.

Мчатся, сшиблись в общем крике...  
Посмотрите! каковы?..  
Делибаш уже на пике,  
А казак без головы.

Осы шумақтың қазақшасы да қым-қуыт қимылға,  
тап берме әрекетке толы:

Тап берді: айқай, қым-қиғаш,  
Әнекей қалды қырқысып.  
Найзада кетті Делибаш,  
Қазактың басы түсті ыршып.

Тәржіма мейлінше әсерлі, оқиғаны, құбылысты жандандырып, көз алдыңа елестете қоятындай.

Пушкинді түсіну керек. Пушкинді түсіну — оның поэзиясы дүниежүзілік әдебиеттің ең асыл қазынасы, онда зор адамгершілік, терең ойшылдық, керемет көркемдік мәнерлесе қысысып, тоғысқанын, ұшырасқанын анфару деген сөз.

Пушкинді түсіну — оның поэзиясында ақынның өзіне ғана тән таңғажайып қасиеттер, дарын даралығы, болмысты қабылдау, суреттеу байлығы орасан күшпен көрінетіндігін қатесіз байқау деген сөз. Пушкин шығармалары өз басындық жайлардың шенберінен шығып, дүниедегі күллі оқиғаларды, құбылыстарды неғұрлым толық қамтудың, тіршіліктің дабылды дауысы мен сыйызы сырын, бедерлі бояуы мен айшиқты ажарын — қысқасы, бәр-бәрін де шынайы өлең өрнегіне түсіре білудің үлгісі.

Пушкинді түсіну — оның поэзиясының асқан адамгершілігін, рухани сұлулығын, нәзіктігін, сезім күйлерінің ізгілігін, ойының терендігі мен айқындығын үнемі есте сақтау, өлеңдері мен поэмаларын оқыған шактағана емес, аударған тұстарда да әлгіндей қадір-қасиеттегін көз жазып қалмау деген сөз.

Пушкинді түсіну дегенімізден оның сөздігін, сол заманда қолданған көркем образдар жүйесін, суреттеу құралдарын барынша сактау, дәл беру міндеті сырт қалмаса керек. Біздің қайсыбір аудармашыларымыз осы мәселеде осалдық көрсететін тәрізді.

Пушкин лирикасын көп аударғандардың бірі — F. Қайырбеков. 1953 жылғы қазақша басылымға онаң 40 тәржіма енгізілген. Сол кездегі жас ақын үшін бұл аз олжа емес. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасында редакторлық қызметін атқарып жүрген, бірақ аудармада әлі ысылмаған қаламгер сан жағынан біраз жұмыс тындырыған. Оның бірсыныра тәржімалары түсінікті, оқуға жеңіл келеді. Кейбір шумактары түпнұсқаға жұықтығымен, мазмұн, мәнін біршама бере алудымен көзге түскендей. Алайда Қайырбеков қайсыбір өлеңдерді қазақшалауда қарадүрсіндікке бой алдырады. «Лада» өлеңіндегі «Будь скромен, о ручей!» — «Сақта сабыр көк толқын» бола қалады. Fafu ручейдің толқын еместігін білмейді деу қын. Немесе «скромен» сөзінің баламасын таба алмайды дегенге кім нанады?

Оның «Каверинге», «Элегия», «Дельвигке», «Станстар» сияқты тәржімаларында да асығыстық, атұстілік белгі береді. «Каверинге» өлеңінде:

Смешон и ветреный старик,  
Смешон и юноша степенный, —

делінсе, F. Қайырбеков мұны өзгерте тәржімалайды:

Кезінде шал да күлкі өз желімен,  
Қызық қой бозбала да бір шалдуар! —

дейді. «Станстар» өлеңіндегі:

Пред ним смириться должно нам,  
Кто применяться не умеет  
Своим пременчивым годам,  
Тот горесть их одну имеет, —

деген шумак Fafu аудармасында билайша өзгеріп шыға келеді:

Арыз айтсан, аярма,  
Кеткен соң дізгін қолдағы,  
Кезінде шаппай, аяңға  
Түссең сорың сол дағы.

1975 жылғы басылымға жоғарыдағы 40 аудармасының он төртін енгізген F. Қайырбековтың атына айтылатын бір аңғартпа: бұрынғы тәржімаларын кайта қарап шықпаған, әлсіз шумақтарды ширатып, Пушкин нұсқасына жақыннату жағын ойластырмаған. «Баронесса М. А. Дельвигке», «Каверинге» тәрізді өлеңдердің жеке тармақтарын, бірер сөздерін өндегені болмаса, елеулі редакция жасамаған. «Каверинге» өлеңінің бірінші шумағындағы: «Мен едім тұңғыш сүйген, етші сенім» жолы 1975 жылы «Мен дана ықыласпен қостап едім» болып өзгертілген; үшінші шумақтың бірінші тармағындағы «тұрган» енді «аман» делінген. Осындағы азын-аулақ редакциялауға «Баронесса М. А. Дельвигке» өлеңінің екінші, үшінші шумақтарының жеке жолдарығана ұшыратылған.

Қөпе-көрнеу жаңсақ ұғынылып, теріс тәржімаланған тұстардың кейінгі басылымдарда түзетілмеуі салғырттықтың салдарығана емес. Сол «Каверинге» өлеңіндегі «Твои счастливые грехи» тармағының Қайырбековте: «Сол сенің кексіз тентек қылжағынды» делінді, «грехи»-дың «қылжаққа» айналуы түпнұсқаны түсінбеуден кеткен алшақтық.

Пушкиннің тырнақалды туындыларын немесе дарыны толықсыған шақтағы лирикасын қазақшалаудағы олқылықтың себебі ап-айқын нәрселерді анфармауға, құнтатауға, сөз төркінін түсінбеуге тіреледі.

«Қиялшы» («Мечтатель») — 1815 жылы («Российский музей», № 8) жарияланған. Өлең Жуковскийдің «Певец во стране русских воинов» дейтін туындысымен тікелей байланысты. Жас Пушкин оның сыртқы формасын сол қалпында қабылдап, кейбір сөйлемдерін қайталаған, ондағы ойы өзінің көніл күйіндегі елеулі айырмашылықты сездірту болған.

«Қиялшыны» қазақшалаған Аманжол Шамкенов кей тұстарда текстінің мән-мағынасын беруге біраз күш салған. Бірақ ол тәржімалаған өлеңінің бірталай шумақтары нысанага дөп тимей, бөгде бірденелерді баяндауға ауысып кеткен.

Орысшасы:

И муга верная со мной:  
Хвала тебе, богиня!

Қазақшасы:

Муга бірге менімен,  
Мақтан, тәңір, сен мақтан!

Орысшасы:

О, будь мне спутницей младой  
До самых врат могилы!

Қазақшасы:

Болсаңшы сен жолаушы  
Өлімге бірге баратын.

Тәржімада музага жалғас тұрған «верная» анықтауышы түсіп қалған; «хвала тебе» — мақтан емес, атағын арта берсін дегенді білдіреді емес ие? Екінші мысалда менің жас серігім бол мағынасындағы сөз «жолаушыға» айналдырылған. Қабыр қақпасы өзгертіліп, өлім кейпіне көшірілген. Сөйтіп, қабыр қақпасына дейін бірге баратын жас серігім бол деген ой өлімге бірге баратын жолаушы ретінде сипатталып кеткен. Соңғы шумақтың орысшасы:

И тих мой будет поздний час;  
И смерти добрый гений  
Шепнет, у двери постучась:  
«Пора в жилище теней!..»  
Так в зимний вечер сладкий сон  
Приходит в мирны сени,  
Венчанный маком и склонен  
На посох томной лени...

Қазақшасы:

Мені алыстан танып бір,  
Мейірімді сүм өлім,  
Есігімді қағып тұр:  
«Келді ғой, — деп, — кезегің»  
Еңсе басқан мұң, қайғы  
Есігін жанның аттаған,  
Қыскы кеште торлайды,  
Осылдай бір тәтті арман.

Тәржімашы бірінші, жетінші, сегізінші тармақтарды мүлде тастап кеткен, бесінші тармақты өз жанынан қосқан, «в мирны сени» — жанның есігіне айналдырылған.

Шамкеновтың аудармада мұқият ескермейтін бір нәрсесі — түпнұсқа мағынасын парықтап жатпай, шама мен жобалай салады. «Сұлу» («Красавица») өлеңінің

бірінші тармағындағы «все диво», екінші тармағындағы «Все выше мира и страстей» сөздері тәржімаланбаған. Олардың орнына өз тұсынан төлем салған («Неткен ғажап япрым»). Сонда орысшадағы:

Все в ней гармония, все диво,  
Всё выше мира и страстей;  
Она покоится стыдливо  
В красе торжественности своей, —

шумағы қазақшада өзгеріп, былай болып шыққан:

Тал бойында бір міні жок,  
Неткен ғажап япрым,  
Өз көркінен қызылған бол  
Қылымсиды ақырын.

Екінші шумактың қазақшасындағы «Елден ерек шалқиды» орысшасында жоқ сөздер, аудармашы оны «Она кругом себя взирает» дегеннің төлемі ретінде қолданған тәрізді. Алайда екеуі екі түрлі мағынаға ие болып, жуыспай түр. Сондай-ақ, өлеңнің аяқталымындағы «Благоговея богоностью перед святыней красоты» — «Тұра қалып сыйларсың сен сұлулықтың тәңірін» тіркесі де ойдағыдай емес. «Тұра қалып» қасындағы «невольно» сөзінен айрылып, жүдеу тартқан. Қастерлеу мағынасын ұқыттарын «благоговея» — «сыйларсың» түрінде алынған.

Кейбір аудармашылар тұпнұсқаның ырғағына, интонациясына назар аудармайды. Жеті-сегіз буынға сыйып кететін шумактарды, сөйтіп-бүйтіп созбалап, қалайда он бір буын өлшеміне лайықтайты. «Батыс славяндар жырлары» (ауд. Т. Ысмайлов) осылай тәржімаланған.

Король ходит большими шагами  
Взад и вперед по палатам;  
  
Есік пен төрді таптап, терещ ойда,  
Король жүр сыймағандай кең сарайда.

«Сыймағандай» — керексіз. «Взад и вперед» — ерсіл-қарсыл емес пе? Сонда бұл сөз екінші тармаққа кірігіп кетпей ме? Солай болған соң бірінші тармақ ойдан қосылған басы артық нәрсеге айналады ғой.

«Федор және Елена» өлеңнің алғашқы екі тармағы «Шал еді Стомати қалғып қаусап, Елена ойнап тұрған балғын сабақ» деп оқылады. Екінші тармақтың тәржімасы бірден күмән туғызады. «Ойнап тұрған... сабағы» несі дейсін? Аныныңда ол: «А Елена молода и провор-

на» жолының өтеміне алған екен. «Проворна» — «шапшаң, епті» емес пе?

«Бұлбұл» («Соловей») өлеңінің қазақшасында бірінші, екінші армандардың орындары ауыстырылған.

Орысшасы:

Как уже первая забота —  
Рано молодца женили;  
А вторая-то забота —  
Ворон конь мой притомился.

Қазақшасы:

Бірінші менің арманым —  
Қарагер атың болдырды;  
Екінші менің арманым,—  
Жасымнан әйел алдырды.

Осындағы «забота» — «арман» делінбесе керек еді. Жас жігітті ерте үйлендірді, атың болдырды дегенде қандай арман болуы мүмкін.

«В. Ф. Раевскийге» («В. Ф. Раевскому») өлеңі әскерлер арасында саяси насиҳат жүргізгені үшін қамаура алынып, түрмеге отырғызылған Владимир Федосеевич Раевскийге арналған. Түрмедегі Раевский «Достарға» деген өлең жазып, едәуір бөлегін Пушкинге бағыстаған. Шығарманың:

Оставь другим певцам любовь!  
Любовь ли петь, где брызжет кровь...—

деп келетін жолдары тікелей Пушкинге қаратыла айтылған.

«В. Ф. Раевскийге» (ауд. К. Жұмағалиев) сырт қарағанда жатық қазақшаланған тәрізденуі ықтимал. Шындығында қайсыбір шумактары — мағына жағынан бұлдырлау, жанасымсыздау.

Не тем горжусь я, мой певец,  
Что привлекать умел стихами  
Вниманье пламенных сердец,  
Играя смехом и слезами,

Не тем горжусь, что иногда  
Мои коварные напевы  
Смирили в мыслях юной девы  
Волненье страха и стыда.

## Жұмағалиев қазақшалайды:

Берілмен, жыршым, мақтанға,  
Табынып таңсық жырыма  
От жүрек лұпіл қакканда  
Күлдіріп-жылатқаным,

Берілген емен мақтанға  
Сиқыр сазыма тұрды иіп,  
Біресе мұздаپ, бір күйіп  
Жас ару ойға батқанда.

Орысшадағы «Не тем горжусь» — «берілмен мақтанға» емес. Тарту, қызықтыру мағынасындағы екінші тармақ «табынып таңсық жырыма» деліне салған; «внимание» — «лұпіл қаққан» ба? Екінші шумақтағы «иногда» — түсіп қалған, ал жас ару жайын айтқанда сазыма иіп тұрды деу жарасымды-ақ. «Біресе мұздаپ, бір күйіп» — «Вольненье страха и стыда» тармағының төлемі бола алмаса керек. Үшінші шумақтың аудармасы да—акаулы. Мысалы:

Не тем, что у столба сатиры  
Разврат и злобу я казнил,  
И что грозящий голос лиры  
Неправду в ужас приводил

деген жолдар қазақшасында:

Өлтіре шенеп тыйғанмын  
Зинақор менен пасықты,  
Үнінен кәрлі лирамның  
Исі жалған жасып тым.

Алдымен жеке сөздер дұрыс үғынылмаған. «Злоба» — пасықтық емес, ашу, кек, ыза емес пе. «Грозящий голос» сөзіне балама табылмаған, ал «исі жалған жасып тым» — «неправду в ужас приводил» дейтін лепті сөзді әлсіретуғана.

Сондай әлсіретудің салқыны төртінші шумақтың үшінші тармағынан да сезіледі. «И страстью воли и гонением» — «Еркіндікті аңсан, налып мен» болып қазақшаланған. Орысшасында «еркіндік» деген сөз бар ма? «Воля» — «Еркіндік» пе?

Соңғы шумақтың әсіресе үшінші, төртінші тармақтары орысшасынан шалғайлау жатыр. «Самолюбивых дум отрада!» — «Асқақ ойлардың шаттығы!» делінген. «Самолюбивый» — асқақ емес, намыскор дегенге саятын шығар. Ал «мечтания светного сна!» — «Арманшыл тыл-

сым туа» болуы қалай? «Суета — әбігерлік, әбігер, абыржушылық емес пе? «Тылсым» қайдан келген? «Мечтанья» — «Арманшылға» келе кояр ма екен.

Осының бәрі аудармаға апыл-құпым кірісіп, асығыстыққа салынудың салдары. Текстің астарын, ішкі мәнін аңғаруға ден қоймаудың нәтижесі. Әйтпесе жоғарыдағыдан «ерік» пен «еркіндіктің» айырмасын ажырату онша қынға соқпаса керек еді.

«Қ\*\*\*» өлеңінің (ауд. М. Рашев) казақшасы да әлі иі қанбаған, шала-шарпы, шикі күйінде. Он екі жол шығарманың түпнұсқасын да, тәржімасын да қатар келтіріп, салыстырып қарайық.

Орысшасы:

Не спрашивай, зачем унылой думой  
Среди забав я часто омрачен,  
Зачем на все подъемлю взор угрюмый,  
Зачем не мил мне сладкой жизни сон;

Не спрашивай, зачем душой остылой  
Я разлюбил веселую любовь  
И никого не называю милой —  
Кто раз любил, уж не полюбит вновь;

Кто счастье знал, уж не узнает счастья.  
На краткий миг блаженство кем дано:  
От юности, от нег и старострастья  
Останется уныние одно...

Казақшасы:

Сұрамашы, деп неге көңілсізсін,  
Қамырамын сауықтың арасында,  
Қөз саламын бәріне, өмірімнің  
Тәтті үйқысы неге алмайд аясына?

Сұрамашы, сүнгін жаңыцменен  
Ұмыттың деп көнілді махаббатты;  
Ешкімді де сәулем деп айтпаймын мен,  
Кім бір сүйсе, қайтадан сүйе алмайды;

Бақыт көрген бақытты болмас енді.  
Бізге өмір рахаты аз берілген.  
Албырттықтан, өмірдің тәттісінен  
Қалады тек жабырқау, қамығумен...

Бірінші шумақта маңызды екі тіркес («унылой думой», «взор угрюмый») түсіп қалып, олар «мұнды оймен, тұнеріңкі назармен» деп келетін мағыналарынан айрылған. «Зачем не мил мне» — «Неге алмайд аясына» емес. «Я разлюбил веселую любовь» тармағындағы «разлю-

бил» — ұмыту емес, сүймей кету, жек көріп кету ғой. «Көңілді» — «веселую»-дың тәлеміне жүре алмайды. «Милой» — «сәүлем»-нен гөрі «сүйіктім»-ге келіңкірейді.

Соңғы шумақтың үшінші тармағындағы «От юности, от нег и сладострастья» сөздерінің соңғы екеуі тәржімаланбаған: «нег» — еркелік, әлпештеу, мәпелеу мәндес болса, «сладострастье» — әйел жандылық (еркек жандылық) емес пе? Аудармада бұлардың ізі де көрінбей қалған.

М. Рашев тәржімасының елеулі бір міні — он екі жол өлеңнің ішінде бірде-бір жөнді үйқас жоқ: көңілсізсің — өмірімнің; жаныңменен — айтпаймын мен; махаббатты — сүйе алмайды; енді — тәттісінен, аз берілген — қамығумен.

Осындаға мынадай заңды сауал туады: аударма өлеңнің үйқасы неге нашар болуға тиіс? Оған неліктен жүрдім-бардым қараймыз? Аударманы творчество деп түсінсек, әлгіндей салдырылғанда, ұқыпсыздық пен құнтсыздықка жол беру жөн бе? Абайды айтпағанда, И. Жансүгіров, Т. Жароков, Ф. Орманов, Х. Ерғалиев, К. Бекхожин, К. Аманжолов тәрізді ақындардың таңдалмыларында (баршасында емес) өлең үйқасына мұқияттылықты, тиісінше көніл бөлушілікті неге ескермейміз? Ұлт республикалары қаламгерлерінің, соның ішінде қазақ ақындарының да поэзиялық шығармаларын орыс тіліне аударушы ақындар жоғарыдағыдан шалажансар үйқастарды тізе берсе, оның аяғы неге соғар еді? Ал қазақ өлеңіне келсек, оның үйқасқа «кінәмшылдығы», қатаң талап қоятыны әрбір сауатты адамға аян қағида. Абай «Сылдырлат өңкей келісім, тас бұлактың сүйндей» десе, Илияс Жансүгіров «Үйқасы өлеңімнің сыңғырасын» деп сылдырлауды сыңғыраумен астастырып, ұластыра үштастырған.

Аудармадағы үйқас жайын сөз еткен соң М. Рашевтің екінші бір тәржімасындағы («Машага») үйқастардың мүлде үйлесімсіз екенін айта кеткен лазым. Мәселен, Пушкиннің осынау өлеңіндегі үйқастар мына тәрізді болып келеді: «бүйірған еді» — «уәде берді»; «топта — мараскадқа»; «сыйға сый тартсан» — «тезірек жазсан», т. т.

Т. Ысмайылов тәржімалаған «Гафиздан» өлеңінде де «рахым — сымбатың», «шайқаста мен» — «үяндық пен» тәрізді келісімдер кездесе береді. Сондай-ақ «мойын бұ-

рып» пен «қалды отырып» үйлесімге қойылған («Зеница — Великидағы шайқас» өлеңі).

Б. Аманшин аударған «19 октябрь» өлеңінен мынадай үйқастарға молығасыз: «қаптап»—«қарап ап»; «үйімдегі» — «аңы шерді»; «жан жолдасы» — «күй саулатшы»; «мауқын басып» — «қолын қысып»; «іздейді» — «естілмейді»; «барсақ та біз» — «Отанымыз»; «айрылыстық» — «құшақтастық»; «сүм тағдырдың» — «пермес қыздың»; «мерекемен» — «қам жеместен» т. б.

Пушкин өлеңдерін қазақшалауда төрт аяғынан түгел тұралап тұрган сөздерді үйқас орнына ұсыну оқырманың ұлы ақын жөніндегі эстетикалық түшшымын арзандатып, көркемдік ләzzattan ажыратады, оқырман көңілінде осындай да өлең бола ма екен дегендей, күдік тууы мүмкін. Біздің көркем аудармадағы өлең үйқасына назар аударып, әдейілеп тоқтаған себебіміздің бірі, міне, осы демекпіз.

Пушкин поэзиясының үйқастары. Ол өзінің өлеңдерінде мағына жағынан мәнді, тақырыбына сәйкес келетін сөздерді үйқастыруды ұнатқан. Бұл оның өлең үйқастарының бағдары мен принципін анфартады. Мәселен, «Сібірге хатта» — «руд», «труд», «терпенье», «стремление» сөздерінің үйқаста тұруының айрықша мәні бар. Біздің I. Жансүгіров, К. Аманжолов сияқты ақындармыз «Сібірге хаттың» үйлесіміндегі осы ерекшелікті дұрыс ұғынған, «еңбек» сөзін тармақтың социна қойып, шығарманың үйқасын соған қарай бейімдеген.

Пушкин поэзиясын зерттеушілер оның өлеңді қыстырудағы шеберлігіне, ішкі лаборатория сырына сипаттама бере келіп, аяқталмаған қайсыбір лирикасында ортадағы сөздің орнын бос тастай тұратынын, алдымен үйқастағы сөзді жазып қоятынын айтады.

Мысалы:

Колокольчик небывалый  
У меня звенит в ушах,  
На заре алой,  
Серебрится снежный прах,  
(«Стрекотунья белобока»)

Немесе:

Животворящая святыня,  
Земля была бы без них мертвa  
Как пустыня  
И как алтарь без божества.  
(«Два чувства давно близки нам»)

Үйқасты өлеңнің сыртқы әшекейі емес, белгілі бір мағыналық, композициялық қызмет атқаратын аса маңызды сындарлы элемент деп білген ұлы ақын үйлесім мәселесіне қайта-қайта оралып, шығармаларында да, хаттары мен мақалаларында да келелі пікір айтып отырған. «Рифма — звучная подруга» (1828) деп атала-тын аяқталмаған өлеңінде ол былайша толғанады:

Рифма — звучная подруга  
Вдохновенного досуга,  
Вдохновенного труда.

Дыбыстық тұрғыдан алғанда үйқас «сүйкімді былдыр», ол «еркеленеді», қайғыны «бәсендетеді».

Пушкин өлеңде нық-нық, дік-дік түсіп отыратын үйқасты ұнатқан. Оның үйлесім байлығы адам таңғаларлықтай.

Аудармада Пушкин үйқасын құнттап отыру керектігін ескергенде біз орыс өлеңінде, нақтылап айтқанда Пушкинде қаусырма түрінде айшықталатын мужская рифма (екпін соңғы буынға түседі), женская рифма (екпін соңғы буынның алдындағы сөзге түседі) дейтіндерді қазақшада қалай бере аламыз? Бұл, сірә, мүмкін нәрсе ме?

Екіншіден, Пушкин үйқассыз, ақ өлеңдер де жазған фой. «Москвадан Петербургке саяхатында» (1834) ол былай деп тегін айтпаған: «Обращаюсь к русскому стихосложению. Думаю, что со временем мы обратимся к белому стиху». Осылай деген ақын «...Вновь я посетил...» (1835) тәрізді ақ өлеңдерді дүниеге келтірген.

...Вновь я посетил  
Тот уголок земли, где я провел  
Изгнаником два года незаметных.  
Уж десять лет ушло с тех пор — и много  
Переменилось в жизни для меня...

Қазақ ақындары үшін қын бір мәселе — осындай үйқассыз, ақ өлеңдерді қалай аудару қажет: үйқасқа түсіру керек пе, жоқ әлде өз қалпын сақтап, үйқассыз-ақтарта беру жөн бе?

Аудармада Пушкин үйқастарының ерекшеліктерін ес-керу керектігі — тегін мәселе емес. Біз ұлы ақын өлеңдері қазақшасында да сазды, ұнді үйлесім тапқанын, шала-шарпы шалағай үйқастардан ада болғанын қалаймыз.

Сөзден сөз туады демекші, «Евгений Онегиннің» төртінші тарауында Пушкин әбден жауыр болған үйқастарға үйір ақындарды нәзік юмор арқылы былайша шенейді Рой:

И вот уже трещат морозы  
И серебрятся средь полей...  
(читатель ждет уж римфы розы;  
На, вот возьми ее скорей!)

Аудармада, дәлдеп айтқанда қазақшада осы юморды қалай беру керек? «Морозы» мен «розы»-дың тұра мағынасын көшіре салу жеткілікті ме? Амал нешік, мұны біздің аса дарынды ақыннымыз Ілияс Жансүгіров те айқын аңғара алмаған, сондықтан сөзбе-сөз тәржімалау жолына түскен:

Шытынайды міне аяз да,  
Күмістелді қыр қыраудан.  
(Үйқасына келер роза  
Десеніз, мә алшы жылдам!)

Біздің байқауымызша, Пушкин шумағының юморлық ерекшелігін өзбек ақыны Айбек біршама дұрыс ұғынған тәрізді:

Мана чарсиллайди изғирип совук,  
Далалар бағриға сочди кумуш тул...  
(Уқувчи қутади бунга мувоғик  
Қоғия; мана тиз ала қол: булбул!)

Аудармада үйқасқа ұқыптылық — түпнұсқаның идеялық мазмұнын, мағынасын түгел сактауға мұқияттылық, шеберліктің бір қыры.

## ТАРМАҚТАР ТАРАЗЫҒА ТАРТЫЛҒАНДА

**А**ударма теориясында ав-

тор келбеті, автор бейне-  
сі және аудармашының өз бетін танытуы туралы мәселе  
іргелі орын алады. Бұл мәселе жөнінде дау-дамайлар,  
талақтар тууы әбден ықтимал. Белгілі бір автор-  
ды, ақын-жазушыны тәржімалаганда шыгарманың идея-  
сын, мазмұнын, көркемдік қасиетін айналтпай, дұрыс бе-  
ріп келе жатқан аудармашы аяқталу түсінде кенет бас-  
қа әуенге көшетіні, содан кейде бөгде шешім ұсынатыны  
болады. Жуковский Шиллердің «Жеңімпаздар салтана-  
тын» дәлме-дәл аудара келіп, соңғы шумағын өзгертіп  
жіберген, осының інтижесінде балладаның ақыр-аяғы  
Шиллердің емес, Жуковскийдің болып шыққан. Ал  
М. Лермонтовқа келсек, ол Гетеңің «Горные вершины»  
өлеңін аударғанда құстар мен орманнаның орына өз тү-  
сынан жапырақ пен жел образдарын енгізген, сөйті тұра  
соңғы екі жолда («подожди немного, отдохнешь и ты»)  
айтылған ой-пікірді дәлме-дәл берген. Осы орайда түп-  
нұсқадағы маңызды бір детальді байқай алмау неге соқ-  
тыратынын В. Брюсов тәжірибесі ыспаттайты. Ол Гете-  
ңің атақты «Горные вершины» өлеңін орыншалағанда  
«успокоишься» дегенді «уснешь» деп жіберген, сөйтіп  
акын ойын бүрмалаған. Біздің Абай Лермонтов нұсқа-  
сын мақұлдан, соған тең түсетін таңғажайып туынды  
жасаған.

Көркем тәржімада өз бетімен кету, өзіншелеу — жа-  
ман әдет. 1899 жылы Бальмонт Гетеңің «Фауст» атты  
атақты шығармасын орыс тіліне аударған. Оның ұтым-  
ды жері — зор ықыласында, түпнұсқаның ақындық об-  
раздарын сактауға ұқыпты қарауында, өлеңдігінің әжеп-  
тәүір болып шығуында еді. Амал не, Бальмонт тәржіма-  
сында айтулы ақаулар да бой көрсетті. Басты кемшілі-

гі — көп сөзділігінде болатын. Мәселен, хор прологы не- міштеде жиырма сегіз жол болса, аудармада отыз тоғыз жолға жеткізілген; Фаустың екінші монологы (қырық бір жол) — алпыс екі жолға дейін созылған. Міне, өзін- шелеудің бір түрі осы.

Советтік көркем аударма мектебі ондай және оған үқас әдеттердің бірде-бірін қабылдамайды. Ол түпнұс- каның мазмұны мен формасы дәлме-дәл берілуін қалайды. Аударма теориясының білгілері айтқандай, біз реалистік аударма концепциясын макұлдаймыз. Осы концепцияны жасаған Иван Кашкиннің пікірі бойынша «...түпнұсқаға адалдық, оқырман мұддесіне адалдық және өмір шындығына адалдық» аударма өнерінің негізгі өлшемі.

Басқа тілде сөйлейтін халықтың, үлттың тарихын, мәдениеті мен әдебиетін түсінбейінше, білмейінше, сүймейінше, оның әдет-ғұрпын, салты мен дәстүрін сыйламайынша аудармамен айналысу мүмкін емес. Аудармашы өз үлттың құрметтейтіні сияқты өзге үлттарды да құрметтей білуі шарт.

Өмір тәжірибесі неғұрлым бай, ой өрісі мен білім өресі неғұрлым биік болған сайын аудармашының өнері де өскелен көрінбек.

Пушкин сынды кеменгердің мұнтаздай, мінсіз жыр жолдарын қазақ оқырманының көкейіне қона тындаі етіп соншалық шеберлікпен жеткізу оңай міндеп емес. Бір өлеңін бір емес, бірнеше рет аударуға тұра келсе, ол жаттығу емес, өнер шарты.

Біз жұмысымыздың осы тарауында Пушкин лирикасын қазақшалаудың қындықтарын да, көркемдік ләззат таптырар тартымды жақтарын да аз да болса анғарту мақсатын қөзdedік.

Әр жылдардағы аудармаларын әрдайым қайта қарап, әркілі өзгерістер, анықтаулар енгізу арқылы оны ширата, шындаі түсіруді жүйеге айналдырып отырған ақындардың бірі — Фали Орманов. Тұтас шумак, түгел тармақ түгіл, жеке сөздердің өзін түпнұсқаға сай келетіндей етіп қолдану Ормановтың алға қойған максатына жетуіне — тәржімасын жақсарта беруге, сейтіп Пушкинге мейлінше жақындаі түсуге көп себін тигізген. Ол ұлы ақынның қай өлеңін аударса да, өлшем, ырғақ ерекшеліктерін айнатпай түсіруге тырысады, өз жанынан жол қосып, сөз жалғауды, өзіншелеуді ұнатпайды.

Енді Фали Ормановтың әр кездегі аудармаларына қандай өңдеулер енгізгенін қарастырайық. «Көз жасы» («Слеза»). Төртінші шумақ:

Мәлдіреп тұрган көз жасым  
Бокалға кетті тамшылап,  
«Қызың үшін жылап — баласың» —  
Тастады сөзбен қамшылап<sup>1</sup>.

Мәлдіреп тұрган көз жасым  
Тамып та кетті бокалға.  
«Қызың үшін жылап — баласың,  
Ұят қой, деді атауға!»<sup>2</sup>

Аудармашы мұнан не үтқан? Төртінші тармақтың соңғы қазақша аудармасы: «Стыдись! — он закричал»-ға дәп келеді. Бұрынғы нұскада бұл «тастады сөзбен қамшылап» болып, «стыдись» түсін қалған болатын. «Закричал» — қамшылау емес, өйткені гусардың аузынан шығатын сөз мұндай болмаса керек. Осыны үққан Фали гусардың қолына қамшы ұстаптайды, өлеңнің өз болмысын дәл беруді көздеген.

Өлеңнің 1949 жылғы басылымында бірінші шумақтың төртінші тармагындағы бірінші сез «жарық» («Жарық бір жолға қарадым») дәп скылатын. 1953 жылғы басылымда бұл сез орысшасындағы: «На дальний путь глядел»-ге сәйкес, «жырақ» («Жырақ бір жолға қарадым») болып өзгерілген. Міне, бір сөздің өзгерілүүнде қанша мән жатыр?

«Қара шәлі» («Черная шаль») өлеңнің қазақша үш нұскасы қырқыншы жылдардың аяқ кезі мен жетпісінші жылдардың орта түсінде басылымдарда үш мәрте жарияланған. Егер 1949, 1953 жылдардағы тәржімаларда жеке сездер өндөліп отырса, соңғы, 1975 жылғы басылымда елеулі өзгерістер жасалған: тұтас шумақтар мен тармақтар қайта көріктелген, бұрынғысынан жаңартылған, жақсартылған.

1949 жылғы қазақшасында бірінші, сегізінші, тоғызыншы, он екінші, он бесінші шумақтардағы сүле-сапа, жегідей жеп, діңкем құрып, сүм қызы, грек қызы өлді, сүймеймін 1953 жылғы нұскада тиісінше: есім кете, қажапмұжіп, көз түк көрмей, жауыз, қызы өліп, сүйгем жоқ болып оқылады. Бірақ Орманов мұнымен тоқтап қалмай,

<sup>1</sup> Пушкин А. С. Таңдамалы шығармалары: Бір томдық. Алматы, 1949, 9-б.

<sup>2</sup> Пушкин А. С. Шығармалары. Алматы, 1953, 1-т., 33-б.

қолда барды місе тұтпай, «Қара шәліге» қайта бір ора-лып, Пушкин рухын анағұрлым айқын беретін, сырт су-ретін де, ішкі мәнін де толық аңғарта алатын сөз орам-дарын табады. Екі кезеңдегі екі аударманы салыстырып қарасақ, мынадай жәйттерге көзіміз жетеді.

Қараймын есім кете, қара шәлі,  
Қасірет қажап-мұжіп қайран жанды.  
Жасымда көрсексызар, албыртқызыба,  
Іңкәр бол, күмарлттым бір грек қызға.  
Әсем қыз алдандырды мені аймалап,  
Ұзамай қара күнге жеттім бірак.

(1-т., 1953, 112-б.)

Қараймын қара шәлге ессіз жанша,  
Қасірет жанымды жеп жатыр соңша.  
Кезімде көрсексызар, жас тұрлаусыз,  
Сүйгемін күмарланып жас грек қыз.  
Әсем қыз еркеледі мені аймалап,  
Ұзамай қаралы күн жетті бірак.

(1-т., 1975, 87-б.)

1949, 1953 жылдардағы нұсқаларда қолданылған «сү-ле-сапа», «есім кете» Пушкиндегі «как безумный»-дың төлеуі бола алмаған еді. Енді мына соңғы тәржімада «ессіз жанша» деп алынуы орынды да, көкейге қонымды да. «Печаль» сезінің дәл осы арадағы мағынасы мүйімес, қасірет екенін Фали бұрын да дұрыс аңғарған. «Душу терзает» — бұрын «қажап-мұжіп», «жегідей жеп» дәлінсе, енді «жанымды жеп» тіркесі арқылы бейнеленуі де түпнұсқаға сәйкестікті абайларатады. Ушінші шумактың бірінші тармағындағы «алдандырды» етістігінің «ерке-леді» түріне ауыстырылуы, скінші тармағындағы «қара күнге» енді «қаралы күн» («дожил до черного дня») ата-луы қазақша жатық шығады.

Мәз етіп отыр едім топ қонақты.

(1-т., 1953, 112-б.)

Жинап бір отырғанда шат қонақты.

(1-т., 1975, 87-б.)

Осы тармақтың орысшасы:

Однажды я созвал веселых гостей.

Демек, бұрынғы «топ қонақты» дәл емес, соңғы «шат қонақты» дәл. «Мәз етіп отыр едім» мен «Жинап бір

отырғанда» тіркестерінің арасында пәлендей айырма байқалмайды. Дегенмен, соңғысы жинақылау тәрізді.

Отырсын (деді) тойлап достарынмен,  
Грек қызы айнып мұлде кетті сенен.

(1-т., 1953, 112-б.)

Достарың (сыбырлады ол) той жасаған,  
Грек қызы опасыздық қылды саған.

(1-т., 1975, 87-б.)

Бірінші мысалдағы «деді» ешнәрсені де түсіндірмейді, орысшасындағы «шепнул он» түсіп қалған. Орманов осы екі сөзді өз орнына қойған. «Тебе же изменила» қазашада «опасыздық қылды саған» тіркесі тіл үйірінкірейді, ал «айнып мұлде кетті сенен» — ондай емес.

Жөнелдік; жүйрік атпен соғып келем,  
Мейірім іште тынып, түс түнерген.

(1-т., 1953, 112-б.)

Жүйткітіп жүйрік атпен кеттік шығып,  
Аяныш қалды үндемей, іште тынып.

(1-т., 1975, 87-б.)

Орысшасы:

Мы вышли; я мчался на быстром коне;  
И кроткая жалость молчала во мне...

Жаңа аудармадан «соғып келем», «түс түнерген» тәрізді басы артық сөздер алынып тасталған да, «жалость молчала во мне» тіркесіне қазақша нәзік балама табылған («Аяныш қалды үндемей іште тынып»). Мұндағы «кроткая» сөзбе-сөз тәржімаланбаганы сезілмейді, өйткені ол «молчала» сөзінің қазақшасына кірігіп, сіңісп кеткендей, «қалды үндемей» дегенді жеткіліксіз санап, Фали оған «іште тынылты» қосақтаған.

Оңаша, тыныш үйге кірдім жалғыз,  
Армянның құшалында жатыр жауыз.  
Болатым шың-шың етті, көзім көрмей,  
Сүйіп те әлгі жауыз қалды улгермей,  
Басы үшқан дөнені үзак таптадым мен,  
Үн шықпай, қызға қараң, бозарып өн.

(1-т., 1953, 112—113-б.).

Оңаша бөлмесіне кірдім жалғыз...  
Аймалап отыр қызды армян жауыз.  
Түк көрмей, болатым тек шынылдасты,  
Сұрқия сүйіп те оны бола алмады.  
Басы жоқ денені ұзақ таптадым мен,  
Қарадым қыз бетіне бозарып өң,

(1-т., 1975, 87—88-б.)

Тұпнұсқаға үцілгенде, біз соңғы тәржіманың әлде-  
қайда айқындалып, анықтала түскенін байқадық. «Үн  
шықпай, қызға қараң, бозарып өңнен» гөрі «Қарадым  
қыз бетіне бозарып өң» орысша текстінің («И молча на  
деву, бледнея, взирал») төлеміне жарап жатыр.

Басынан шешіп алып қара шәлін,  
Үндемей қанжарымның сурттім қанын.  
Қараңғы түскен кезде құлым менің  
Дунайға атты олардың денелерін.  
Сүйгем жоқ әсем көзді содан бері  
Қөргем жоқ содан бері шат түндерді.

(1-т., 1953, 113-б.)

Басынан шешіп алып қара шәлін,  
Үндемей болатымның сурттім қанын.  
Қараңғы түсісімен құлым менің  
Дунайға лақтырды денелерін.  
Сүймеймін жас сұлуды содан бері,  
Білмеймін содан бері шат түндерді.

(1-т., 1975, 88-б.)

Мұндағы өзгеріс: Ғали алғашқы аудармасынан орыс-  
шада жоқ бір сөзді («Қанжарымның») алып тастап,  
«стальдің» қазақша баламасын («болатымның») қос-  
қан. «Атты олардың» — ұғымға жеңіл еместігі ескеріліп,  
«лақтырдымен» ауыстырылған (орысшасында — «брон-  
сили»). Жалғыз-ақ әсем көзді» («прелестных очей») бұ-  
рынғы қалпында қалдырса қайтушы еді деген ой келеді.  
Бірақ Орманов «жас сұлуды» одан күштірек деп білген.

Орманов «Қысқы жол» («Зимняя дорога») өлеңінің  
тәржімасына да редакциялар жасап, өзінің аударма са-  
ласында ұстанған принципінен айнымайды. Ол қазақша  
текстінің осы қалай деген жерлерін тәжірибе, шеберлік  
елегінен өткізеді.

Толқынға ұқсас тұманнан  
Ай ақырын шығады.

(1-т., 1953, 209-б.)

Толқынданған тұманинан  
Ай бұлқынып шығады.

(1-т., 1975, 156-б.)

Екінші редакциясын орысшадағы: «Сквозь волнистые туманы Пробирается луна» тармақтарының лайықты ба-ламасы дерліктей.

Аудармасының соңғы нұсқасында Фали бұрынғы 1953 жылғы: «Желеді аттар бұлдырапты» 1975 жылы «Желеді үш ат зымырап» («Тройка борзая бежит»), «Жалғыз үнмен қоңырауды» — «Біркелкі үнмен қоңырау» («Колокольчик однозвучный») деп өзгертуден.

«Құлағыңа сүйкімді тиеді әні жәмшіктің» енді «Естисің бір жақын үн әндерінен жәмшіктің» («что-то слышится родное в долгих песнях ямщика»), «Нинашым» емес, түпнұсқадағыдай «Нина» деу табиғи болып көрінеді. Аудармашы үйқастағы селкеулікті де естен шығармай, үн жарастығына, келісім келістігіне көп мән беріп отырган.

«Ескерткішті» («Памятник») Фалидан онды аударған ақын жоқ. Солай бола тұrsa да, ол өз тәржімасына көңілі толмай, 1937 жылғы басылымнан кейін де бірнеше рет өңдеулер енгізді. Енді сол өңдеулерді кезеңдер бойынша қадағалап, аудармашының қашшалық жақсартқаның қадағалап көрейік.

Екінші шумақтың соңғы екі жолы:

Бар болса жалғыз ақын ай астында,  
Ардақтап қасиеттер мені әр күнде.

(Бір томдық, 1949, 79-б.;  
1-т., 1953, 333-б.)

Жалғанның жарығында мен ардақты,  
Жасаса жалғыз ақын, керегі не!

(1-т., 1975, 29-б.)

Осы арада бір мән бар. Ол — Ормановтың бұрынғы қазақшалауындағы «ай астында» («в подлунном мире») тіркесін түпкі мағынасына қарай өзгертип, сөзбе-сөздікten арылуында, Пушкин өлецінің астарын дұрыс ұфынудында. Анығында, біздің көршілес республикалардың, түркі тілдес халықтардың ақындары «в подлунном мире» дегенді «әлем, жаһан» мағынасында қабылдап, әр-қайсысы өз ана тілдеріне осылай тәржімалаған.

Өзбекше (М. Шайхзада аудармасы):

Олам ичра биронта шоир-поир коларкон  
Булажакмап шухратим-ла донгдор<sup>3</sup>.

Азербайжанша (М. Рахим аудармасы):

Сон бир сәнәткар белә галан заманларадәк  
Яшарам адлы-санлы, һәр заман өлер әдәрәк<sup>4</sup>.

Қырғызша (У. Абдукаимов аудармасы):

Калса да эгер сыңар болуп жалгаз ақын  
ааламда,  
Жашай бермек бүгүнкүдәй арбагым<sup>5</sup>.

Үйғырша (Х. Абдуллин аудармасы):

Тани пани дүнияда бир шаир қалса,  
Мениң исмим мәдһайлиниң зади сизилмай<sup>6</sup>.

Көріп отырыздар, бәрінде де «ай астында» емес, әлем, дүние дейтін ұғымдар алынған. Талдауымызды жалғастырып, Г. Орманов өндеулерінің сыйпаттарына зерсалайық. Бірінші шумақтың төртінші жолы:

Жоғары оқшау шығып, тұрар дербес.

(І-т., 1953, 333-б.)

Жоғары ескерткішім шықты дербес.

(І-т., 1975, 29-б.)

Сонғысы түпнұсқаға мейлінше жуықтайдын. «Окшау» мен «туардың» өшірілуі, орысшасындағы «он» анықтап аталаған «ескерткішім» делінуі тәржімаға жаңа бір реңк берген. «Тұрар дербестен» гәрі «шықты дербес» мығым сияқты. Сонда

Вознесся выше он главою непокорной  
Александрийского столпа

бұл күнде былайша оқылады:

Асқақтап Александр мұнарасынан  
Жоғары ескерткішім шықты дербес.

Ғали Орманов «Ескерткіштің» басқа шумақтарына

<sup>3</sup> Пушкин А. С. Таңланған асарлар. Ташкент, 1949, 1-т., 248-б.

<sup>4</sup> Пушкин А. С. Әсәрләри: Алты томдық. Баку, 1951, 2-т., 207-б.

<sup>5</sup> Пушкин А. С. Үрлар, поэмалар жаңа драмалар: Жинак. Фрунзе, 1950, 92-б.

<sup>6</sup> Пушкин А. С. Шеирлар. Алматы, 1974, 115-б.

да шүкшия қарап, кейбір тармактарын бұрынғысынан ажарландыра түскен.

Жок, өлмен — жаңым жасар өлеңімде,  
Шірімей, жасаңтырар денем мұлде.

(1-т., 1953, 333-б.)

Жок, өлмен — жаңым тірі өлеңімде,  
Жаңғырад, курамайды денем мұлде.

(1-т., 1975, 29-б.)

Жыр етіп тар заманда еркіндікті,  
Марқабат фақырларға тілегемін.

(1-т., 1953, 333-б.)

Қытымыр заманымда еркіндік деп,  
Шапағат пақырларға тілегемін.

(1-т., 1975, 29-б.)

Бұл тұста бір дау «еркіндік» төңірегінде болуы ықти-  
мал. «...В мой жестокий век восславил я Свободу» деп  
отырған Пушкиннің (байқаңыз ба, «Свободу» бас әріп-  
пен жазылған ғой) аузына өзге мағынадағы «еркіндік»  
дайтін сөзді салу қалай болар еken? Және ерекше еске-  
ретін жәйттің бірі: ұлы ақынның саяси лирикасында  
осынау «свобода» жиі кездеседі.

Біз Фали Орманов аудармаларына айрықша назар  
аудардық, өйткені оның еңбегі творчестволық жұмысқа  
мейлінше жауапты қараудың, талғампаздықтың, көркем  
аударманы өнер деп бағалай білгендіктің бір мысалы  
бola алады деген сенімдеміз.

Ілгеріректегі аудармаларына тиісінше редакция жур-  
гізіп, бірқыдыру өндеулерден өткізіп отыратын ақындар-  
дың санатына К. Бекхожинді қосу қажет. Біз оның бар-  
ша тәржімаларын тәптіштеп жатпай, Пушкиннің екі өле-  
ңі төңірегінде ғана әңгіме қозғамақпаз.

«Тілек» («Желание») өлеңі 1949, 1953 және 1975  
жылдардағы үш басылымға да енгізілген. Өлең сырын,  
сөз қасиетін білетін ақын аудармасының алғашқы нұсқа-  
сында-ак әжептәуір еңбек сіңіріп, ұтымды нәтижеге жет-  
кенін көрсетті. Алайда ол мұнымен тынып, тоқтал қал-  
май, өлеңнің қазақшасындағы шубәлі жерлерін қайта  
қарап, текстерге өзгерістер жасады. Бірінші шумақ:

Пушкинде:

Медлительно влекутся дни мои,  
И каждый миг в унылом сердце множит  
Вся горести несчастливой любви  
И все мечты безумия тревожит.

Бекхожинде:

Күндерім баяу ғана барады өтіп,  
Бақытсыз махаббатым қайғы үдетіп;  
Әр нәрсе шер жүрекке шайпау тиіп,  
Есалан, езілумен мазам кетіп.

(Бір томдық, 1949, 12-б.)

Күндерім баяу ғана барады өтіп,  
Әрбір шақ мұғ жүрекке түр үдетіп;  
Бақытсыз махаббаттың қасіретін,  
Бойды езген ессіздіктен мазам кетіп,

(1-т., 1953, 52-б.)

Екінші, үшінші шумақтардың қайтадан тәржімалануы, түпнұсқаға қарай бейімделуі аудармашы үшін ұтымды нәрсе. Мұндағы бір ыңғайсыздық «үдетілтеп» кейін нүкте мен үтір бекер қойылған, өйткені ой әлі аяқталған жоқ қой.

Екінші шумақта «тыным аламын» үйқасы «үнсіз за-  
рым» болып жанартылған болмаса, басқа өнделіске ұшырамаған.

### Үшінші шумақ

Пушкинде:

О жизни час! лети, не жаль тебя,  
И��ни в тьме, пустое привиденье;  
Мне дорого любви моей мученье —  
Пускай умру, но пусть умру любя!

Бекхожинде:

Уа, өмір түс, бір құр елес көрінген сен,  
Ұша бер түңғылқа мен тілемен,  
Қайғысы махаббаттың маған қымбат,  
Мейлі өлсем, тек өлейін махаббатпен.

(Бір томдық, 1949, 12-б.)

Уа, өмір, сен бір түссін, жоғал мейлін,  
Құр елес, түнекке бат, тілемеймін,  
Сүйемін махаббаттың сор азабын,  
Өлсем де махаббатпен өлсем деймін.

(І-т., 1953, 52-б.)

Тәржіманың соңғы нұсқасы орысша текстіге бұрынғыдан гөрі жуықтау. «Ұша бер тұңғиыққа» енді «түнекке бат», «любви моей мученье» — «қайғылы махаббаттың» емес, «махаббаттың сор азабы», т. т. Тек «Не жаль тебя», «Жизни час» тіркестерінің тиісті баламасы табылмаған тәрізді, алғашқысы «тілемеймін» деліне салған да, кейінгісі түсіріліп тасталған. «Мие дорого» — әуелгі нұсқада «маған қымбат» түрінде дұрыс алынса, кейінгісінде «сүйемінге» айналдырылған.

Оқырманды да, зерттеушіні де дүдәмал күйде қалдыратын бір нәрсе — Пушкин шығармаларының 1975 жылғы бірінші томына Бекхожин тәржімасының өндөлген, соңғы варианты жіберілмей, ертеректегі (1949 жылғы) нұсқасы жарияланған.

«Сөнді күнгі шам-шырақ жарқыраған» («Погасло дневное светило») өлеңінің бұрынғы қазақшасына да Қалижанның қаламы тиіп, бірсыныра түзетулер жасалған, жеке сөздердің мағынасы айқындалған, әлсіз үйқастар жөнделген. Осылардың нәтижесінде аударманың 1953 жылғы нұсқасы едәуір жаңарған, жақсарған.

Шам-шырақ сөнді күндіз жарқыраған,  
Құлады көк теңізге кешкі тұман.  
Еркелі толқындарым шула, шула,  
Алдында шалқы менің мұнды океан.

(Бір томдық, 1949, 22-6.)

Сөнді күнгі шам-шырақ жарқыраған,  
Конды кеп көк теңізге тұнгі тұман.  
Елпілдеп, ергіш желкен желкілдей бер,  
Шалқи бер мұнды мұхит толқындаған!

(1-т., 1953, 110-6.)

Тәржімашы екінші тармақты ішінара, үшінші тармақты түгелдей түзетіп, өлеңдік жағын қүшайткен: «Еркелі толқындарым, шула, шула» мен «Елпілдеп, ергіш желкен желпілдей берді» салыстырсаңыз, Пушкин рухының қайсысынан қатты сезілеттінін байқау қынға соқпайды. Төртінші тармақтың да осылайша өңделуі ойға қонар. «Мұхит» түрғанда «океаның» қажеті қанша? Және ол океаның үйқаста тұрса не болмақ. «Жарқыраған» мен «океан» үйлесе ме?

Үшінші шумақтың алғашкы үш тармағы душарласқан түзетулер де талғампаздықты танытады.

Тағы да көзімнен жас тамшылады,  
Қайнады жаным тағы тұншығады.  
Ессіз шақ махаббаты еске түсті

(Бір томдық, 1949, 22-6.)

Сеземін, көзімнен жас тамшылады,  
Тағы да жаным жанып жанышлады.  
Есіме ессіз ескі махаббат кеп.

(1-т., 1953, 110-6.)

Жалпы осы шумақ орысшасымен бірдей десек, артық айтқандыққа жатпас. Тәржіманың екі нұсқасында да өз-герісіз қалдырылған төртінші тармақты («Қасымнаи таныс қиял ұшты тағы») қосып оқысақ, тұпнұсқаның онды қазақшаланған бір түсіна тап боламыз.

Сондай-ақ аударманың мына жолдары да ойға оралымды, тілге жатық, сезімге соғар әсерлі екені талас тұдымайды:

Ұш, кеме, мені қырың жиекке алып,  
Теңіздің сиқырлы, сүм селін жарып.  
Тек қана тұман басқан отанымның  
Қайғылы жағасына жүрме апарып!

(1-т., 1953, 110-6.)

Осының орысшасы:

Лети, корабль, неси меня к пределам дальним,  
По грозной прихоти обманчивых морей,  
Но только не брегам печальным  
Туманной родины моей.

Тағы да таңғаларлық бір нәрсе: Пушкин шығармаларының соңғы, 1975 жылғы басылымынан Қалижанның жаңа аудармасы орын алмай, бұрынғы, 1949 жылғы бір томдықтағы нұсқасы жіберіле салған. Ешкім ешнәрсені ескермеген, ешкім ештеңе демеген.

Пушкин лирикасын қазақшалауға ат салысып келе жатқан және өз тәржімасын үнемі жетілдіріп отыратын ақындардың енді бірі деп Мұзафар Әлімбаевтың есімін аттай аламыз. Біз мұны бір ғана «Жыршы» өлеңінің тәжірибесі арқылы дәлелдесек дейміз.

«Жыршы» («Певец») небәрі 18 жол өлең. Алғаш 1949 жылғы бір томдыққа Әлімбаев аудармасында енгізілді. Қейін ақын ғана қайта оралып, өзі жасаған дүниенің бойынан табылған кемшін жайларды қырнап-жонды, екінші рет көріктендірді. Мысалдарға жүргінейік:

## Бірінші шумақ

Мұнды зар мен махаббат жыршысының  
Естіп пе едің орманнан түнгі үнін?  
Кыр мұлғіп, таң алдында дем алғанда,  
Зарлы үнін талмаураган сыйзығының  
Естіп пе едің?

(Бір томдық, 1949, 11-б.)

Естіп пе едің тоғайда түндегі үнін  
Махаббат пен қасірет жыршысының?  
Кыр мұлғіп, таң алдында дем алғанда  
Шерлі үнін күніренген сыйзығының,  
Естіп пе едің?

(1-т., 1953, 48-б.)

Мұнда алдынғы екі тармақтың орындары ауыстырылышп қана қоймаған, әрбір сөздің мағынасы анықталып, лайығы қолданылған. «Роща» — орман емес, кішкене тоғай, шоқ тоғай екені ескеріліп, «орманнан» енді «тоғайда» түрінде алынған. Бір шумақта «зар» мен «зарлы» қайталануын жөнсіз көрген аудармашы төртінші тармақтағы «зарлы үнін» тіркесін «шерлі үнінмен» ауыстырган; «талмаураган» жаңа редакцияда «күніренген» дөлінген. Осы тармақтағы «простой» сөзін Мұзафар «қарапайым» дей салмай, шерлі үнге ұласатын күніреніс мағынасында қолданған.

## Екінші шумақ

Қөріп пе едің қойнында түнгі орманиның  
Жыршысын махаббаттың, мұң мен зардың?  
Аңғардың ба, қайғымен езу тартып,  
Сүзіліп мұнды көзбен қарағанын,  
Қөріп пе едің?

(Бір томдық, 1949, 11-б.)

Қөріп пе едің қойнынан қою түннің  
Махаббат пен қасірет жыршысының?  
Аңғардың ба көз жасын, жабырқаған  
Көз қарасын, іздерін құлкісінің  
Қөріп пе едің?

(1-т., 1953, 48-б.)

Өндөуге ұшыратылған үшінші, төртінші тармақтар түпнұсқаға сәйкестендірілу үстінде біраз шираған, жұмырланған. «Қайғымен езу тартып», «Сүзіліп мұнды көзбен қарағанын» жаңаған нұсқада біркелкі жақсарған.

## У ш і н ш і ш у м а қ

Мұң мен зардың, махаббат жыршысының?  
Тебіреніп пе ең есітіп інзік үнін.  
Көргенде орман ішінде жас жігіттің  
Жалыны жанарының сөнгендігін  
Тебіреніп пе едің?

(Бір томдық, 1949, 11-б.)

Тебіреніп пе ең есітіп інзік үнін  
Махаббат пен қасірет жыршысының?  
Көргенде орман ішінде жас жігіттің  
Жалыны жанарының сөнгендігін  
Тебіреніп пе едің?

(1-т., 1953, 48-б.)

Бұл шумақта Мұзафар алғашқы екі тармақтың орындарын, ондағы бірер сөздің орындарын ауыстырумен қаңағаттанған (алғашқысында — «мұң мен зардың», екіншісінде — «қасіреттің»).

1975 жылғы басылымға енгізілген аудармада бірінші шумақтың бірінші тармағына редакция жасалып, «тұн-дегі сыршыл үнін» делінген. Бұл «за рошой глас иночной» тіркесінің бұрынғыдан артық төлемі бола алмайтын тәрізді «тоғайда тұндегі үнін»). Ал екінші шумақтағы «қою тұннің» енді «тылсым тұннің» сипатына көшірілуіне көнүге болар. Орысшасындағы соңғы бір сөздің («лесной») түсіп қалуы мағынаны көлеңкелемейтін сијакты. Ушінші шумақтағы «жас жігіттің» орнына «қыршын ұлдың» қолданылған, бұл үйқас жағынан да ұтымды шыққан.

М. Әлімбаевтың шағын бір өлеңнің қазақшасын қа-дағалай қарап, жеке шумақтарын ширату, сөйтіп аударманы тұтастай жетілдіру бағытында жүргізген жұмысы, міне, осындаї.

Алдыңғы тараулардың бірінде біз К. Аманжолов аударған «Еркіндіктің» екі нұсқасы барын, соңғысына ол бірқыдыру өзгерістер енгізгенін ескертіп өттік. Бірер мысал да келтірдік. Сол тарауда тәржіманың біз көрсеткен міндерімен қатар ұтымды жақтары да жоқ емес болатын. Қайткенде де Қасымның сез өнеріне сергек қарап, тұтас тармақтардың, шумақтардың өлеңдік қасиетін жетілдіргенін атап өтуіміз керек. Өз тәржімасын Қасым қалай өндеген?

## Бірінші шумак

Зұлымдыққа атамын да зілімді

(Бір томдық, 1949, 15-б.)

Тақ пен тәжге атамын да зілімді

(1-т., 1953, 83-б.)

## Үшінші шумак

Жалған жаным түнегі бір шытырман,  
Отыр билеп не бір сұмдар құтырған.  
Құлдық өмір данишпаны қаһарлы  
Киянатты құмарлықта ұмтылған,

(Бір томдық, 1949, 15-б.)

Өсек, сұмдық түнегі бір шытырман  
Отыр билеп ис залымдар құтырған,  
Құлдық өмір данишпаны қаһарлы —  
Даңқы үшін апатқа да апарды,

(1-т., 1953, 84-б.)

Қасымның «зұлымдыққа» сөзін сыйып тастап, «Тақ пен тәжге» тіркесін қолайлы санауында идеялық үлкен мән бар. Пушкин зұлымдық атаулыны жалпылай айтпайдай:

Хочу воспеть Свободу миру,  
На тронах поразить порок, —

ДЕП СӨЗ СЕМСЕРІН НАҚТЫ КҮНЭКАРГА ҚАДАҒАН ЕМЕС ПЕ? СОНДЫҚТАН АМАНЖОЛОВ ОНЫҢ ҚАЛПЫН БҰЗБАЙ ҚАЗАҚШАЛАҒАН:

Дүниенің бостандығын жыр етем,  
Тақ пен тәжге атамын да зілімді,

## Төртінші шумак

Отырмас па патша деген тағында,  
Сорлы халқын езе бермей жәбірлеп.

(Бір томдық, 1949, 15-б.)

Бар обалы түсіп патша басына,  
Тұрмас халық қасіретті зар илең.

(1-т., 1953, 84-б.).

Екі нұсқаның мағынасы екі түрлі емес пе? Біріншісі — тұпнұсқадан ірге аударып, бөлектеу қонғандай, екіншісі — қоныстас, мекендерес қалпын танытқандай.

Төрт ақынның тәржімашылық тәжірибесін тексеріп зерттеу мынадай корытынды жасауға негіз бола алады: Пушкин лирикасының әр кездегі казакшаларын қайта карап, түпнұсқа деңгейіне көтерілу мақсатымен түбекейлі өзгерістер мен өндеулер жүргізу пайдалы творчестволық еңбек саналуға тиіс. Шумактар мен тармактардың өресі биік талғам таразысына тартылыш, көркем аудармаға қойылатын жоғары талаптар тұрғысынан жаңартылуы, жақсартылуы тәржімашылық өнеріміздің ғана емес, сонымен қатар төл әдебиетіміздің де өскен бойын абайлатады.

Зерттеуіміздің осы тарауын аудармашының творчестволық даралығы туралы проблемадан бастауымыз кездейсоқ емес болатын. Енді сол тараудың аяқталар түсінда әлгі мәселелеге түйін ретінде бір токталыш, белгілі аудармашы-жазушы Н. Любимовтың мына пікіріне құлак түрсек дейміз:

«Менің пайымдауымша, автормен тұтасу — аудармашы үшін де зор мұрат. Алайда автормен тұтасу дегеніміз оған құл болу емес. Тұтасу ізденуді, ойдан өрбітуді, тапқырлықты талап етеді, байыптауды, төсөлуді, күйніш-сүйінішке ортақтасуды, көз жітілігін, түйсікшілікті, есту қабілетін талап етеді.

Автордың творчестволық даралығын айқындаі отырып, аудармашы өзінің де даралық қасиетін айқындаиды, бірақ бұл автордың даралық сипатын бүркемелемеуге тиіс»<sup>1</sup>.

Қазақ поэзиясында өз кескін-келбетін, қол таңбасын, творчестволық даралықтарын айқын таныткан Т. Жариков, Ф. Орманов, Қ. Аманжолов, Қ. Бекхожин, Х. Ерғалиев сияқты ақындар аударма саласында да өзіндік мәнерлерін қалыптастыруды дей аламыз. Біз олар жасаған аударманы жаза баспай ажыратамыз. Мұны басқа ақындарға емес, дәл Пушкин поэзиясына тікелей жаңастыра, берік сеніммен баян етеміз. Әсірессе, олардың өз шығармаларындағы сез қолданыстарының аудармаға «аусы», онымен біте қайнасуы сияқты белгі-нышандарды айналтпай аңғару курделі нәрсе емес. Аудармашының сездік коры дегенде айтылар тілек-талаптың бірі — қайсыбір қаламгерлеріміз өткен замандардағы әйгілі ақындарымыздың, халық әдебиетінің тіл кестесіне, образзы-

<sup>1</sup> Любимов Н. Перевод — искусство. М., 1977, с. 80.

стильдік өрнегіне жете көңіл бөлмейтін тәрізді. Орыс классиктерін немесе шығыстың атақты ақындарын қазаша сөйлемпек болғанда олар өмір сүрген дәуірді, тіл ерекшелігін ескермей болмайды. Міне, осындайда қазақтың Абай, Махамбет бастаған ірі ақындарының халықтық эпос пен лирикалық дастандардың, ауыз әдебиетінің басқа да үлгілерінің көп көмегі тиетіні шүбәсіз шындық.

Пушкиннің қай өлеңін болса да қазақ тіліне аудару — еріккеннің ермегі емес. Ол үшін шабыт шаттығымен қатар, творчестволық азап шегуін де ықтимал. Жасыратын несі бар, кейде онайдың қыны дейтін де кездеспей қалмайды. Данышпан ақынның «Қыскы кеш» өлеңінде: «Выпьем с горя; где же кружка?» деген бір жол оқығанында оп-оцай секілденеді. Осындағы «кружканы» не деп қазақшалау керек? «Орысша—казақша сөздікте» (1954) ол «саптыаяқ» деп түсіндірлген. Ал «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (1961) бойынша, саптыаяқ дегеніміз: «әдейі сап шығарып ағаштан ойып жасаған ыдыстың бір түрі» (246-б.). Өлеңнің осы жолын тәржімалаған К. Аманжолов «кружканы» ысырып тастанап, «ішелікші, ыдыс қайда?» деумен тынған. Сөйтіл кружканың дәл баламасы табылмаған.

Пушкинді халқымыздың рухани игілігіне айналдыру арқылы біз ұлттық әдебиетімізді ғана емес, сонымен бірге әдеби тілімізді де байытамыз, оның корын молайтамыз. Атақты орыс совет ақыны Павел Антокольский айтқандай:

Потом, в чужой язык внимая,  
Обогащают свой родной,  
Чтобы сверкала речь людская  
Различием и новизной.

Біз Пушкин поэзиясын аударудағы тәжірибелерді жинақтау, қорыту кезеңіне аяқ бастық. Білмestіk, түсінбестік салдарынан оған қазақтың тымағын кигізуден аулақызы. Мәдени дамуымыздың жаңа кезеңі бізге жаңа міндеттер артады, биік деңгейлер белгілейді. Оның устіне, Пушкин мұрасын игеруде, ана тіліне аударуда туысқан республикаларда қалыптасқан дәстүрлерді құнттап зерттеу шарт.

Көркем аудармада мөлінерлі өлшеу (эталон), дайын ереже (рецепт) жок.

Басқа қаламdas достары тәрізді, қазақ ақындарының да өздеріне бақыт,abyroy санайтын бір нәрсесі бар. Ол — Пушкинді тікелей өз тілінен аудара алатындығы, түпнұсқаның тілін білетіндігі. Ендеше осы мүмкіншілікті барынша сарқа пайдалануымыз керек.

Аударма да асу-асу бел сияқты. Оған көтеріле алмаған шактарымыз кездесе қалса, ондай жәйттер әлі атқарылмаған міндет түрінде үнемі жадымызда жүргені жөн.

## САЛАЛАП СӨЗ САРАСЫН САЛЫСТЫРСАҚ

Бір тілдегі көркем шығарманы екінші бір тілге қалай аудару қажет екені туралы пікір таласы басталғалы

талай замандар өтті. Ол, бәлкім, тұңғыш тәржіме үлгілері жарық көрген кезден-ақ ауызға алынып, әңгіме же лісі тіпті әріден тартылған шығар. Мәселенің қойылысында, талқыға түсінде іркес-тіркес жайлар орын алуда ықтимал. Қалай болғанда да көркем аударма проблемалары әлі де күн тәртібінен түсे қоймайтын, шешілуінің үші-қыры көрінбейтін түбегейлі проблемалардың біріне айналып отыр.

Мерзімді баспасөзде дүркін-дүркін өткізіліп тұратын айтыстар мен пікір алысуларды нақтылад әңгіме етпегеннің өзінде совет және шет ел аудармашылары, аударма теоретиктері тек соңғы жылдардаған «дөңгелек стол» төңірегінде де, бүкілодактық және халықаралық симпозиумдар деңгейінде де бас қосып, толғамалы ойларын ортаға салды. Сол мәжілістер мен кеңестерге қатысушылар теориялық мәні мен практикалық маңызы жағынан әр қылыштырымдарды алға тарта тұрса да, бір мәселе жөнінде — аударма әрі қыын, әрі жауапты, әрі қажетті творчество екені жөнінде ортақ қорытындыға келеді.

Дау-дамай, талас-тартыс туғызбайтын шынайы шындық мынада: қазіргі заманда сөздің мән-мағынасын бір тілден екінші тілге айна-қатесіз түсіретін, дұрыс түсіндіретін алымды да алғыр анғартушы (интерпретатор) тыңғылдықты түсіндірмеші (толкователь), дәйекті дәнекер (связной) ретіндегі аудармашының ролі мен қызметі анағұрлым күшейіп беделі арта түсуде. Өзінен өзі түсінкті, XX ғасыр адамы, бүгінгі парасатты қауым үлттықтар шеңбер ауқымында қалып қоюға тиіс емес. Ол дү-

ние жүзілік мәдениеттің барша байлығымен танысуға ділгер. Әдеби аударма халықтардың бірін-бірі тануына, рухани жағынан жақындасып, туыстасуына айтулы көмек көрсететіні ешбір күмән келтірмейді.

Көркем аударма жекелеген қалам қайраткерлеріне ғана емес, сонымен қатар бүкіл бір елдің әдебиетіне әлуеңті әсерін тигізеді. Мәселен, француз оқымыстыларының баспасөзде жарияланған мойындауларына қарағанда, өткен ғасырдың аяқ кезінде Францияда Пушкин, Лермонтов, Толстой, Достоевский, Гоголь, Тургенев шығармаларының француз тіліне аударылуы айтартықтай жаңаңық болған, ұлтық әдебиеттің өсіп-өркендеуіне зор ықпал жасаған. Олардың пайымдауынша, орыс классикасының шығармалары француздардың өмір және адам жайындағы ұғым-түсініктерін едәуір кеңейткен, байытқан, князь Андрей мен княжна Мария, князь Мышкин мен Акакий Акакиевич француздарға өздерінің Жюльен Сорель, Горио әке, Эмма Бовари сыйды қаһармандарындай туысып кеткен.

Ағылшын әдебиетшілері Пушкин шығармаларын ағылшын тіліне аударудың аса қындығын мойындаиды. Пушкин тілінің бүкіл байлығын, оның таңғажайып сезім дүниесін, оның өрнектері мен бояуларының әр алуан реңкін ағылшын тілінің кестесіне түсіру соңғы уақытқа дейін асу бермес белестей болып көрінген. Тек «Евгений Онегиннің» ең соңғы, 1979 жылғы тәржімасы ғана Англия жұртшылығын қанағаттандырлықтай дәрежеге көтерілген. Сөйтіп, бұған дейін де талайлар күшін сыйнап байқаған ұлы шығарманы ағылшын тіліне аударудың сәті енді ғана түскен.

Әдебиет тарихында бір жазушының шығармасына әр кезде әр түрлі тәржімашылар ілтиpat білдіруі сиякты құбылыс жиі кездеседі. Осының нәтижесінде бір туындының бірнеше аудармасы сакталады. Олардың ішінде сәттісі де, сәтсіз де ұшырасуы ықтимал.

Біз Пушкин лирикасын ана тілімізге аудару тәжіри бесі мен дәстүрі туралы зерттеуге еңбегіміздің ең бір көлемді тарауын дәл осы мәселеге байланысты кеменгер ақын лирикасының әр кезеңде казақшаланған нұсқаларын түпнұсқамен де, сонымен қатар қазақшаға аударылған тәржімаларды өз ара бір-бірімен салыстыруға арнаймыз.

Біздің алдын-ала анықтап алған есебіміз бойынша, Пушкиннің елуден астам өлеңі қазақ тіліне бірнеше рет

аударылған («Чаадаевқа», «А. П. Кернге», «Анчар», «Сібірдің кендерінің тереңінде», «Деревня» т. т.).

Аудармаларды өз ара салыстыра зерттеудегі мақсат не? Мақсат — ақындарымыздың Пушкинді әр кезде қалай ұғынғандығын көрсетуде ғана емес, сонымен қатар төл әдебиетімізде аударма өнерінің өрістеу бағытын да, уақыт озған сайын түпнұсқаға қалай жақындаі түскени- мізді де аңғарту. Әлбетте, бұл — соқпағы мол, қын да қызықты процесс. Асыл нұсқаның касиетін аңғара алмаған, ішкі мәніне бойлай алмаған тұстарды факт ретінде атап өту жеткіліксіз, оларды ендігі аудармашылық жұмысымызда мұқият ескеріп отыру қажет.

Пушкин лирикасынан жасалған бірсыныра аудармалар нұсқасы біздің көзімізді мынаған жеткізді: бізде белгілі бір өлеңнің бірнеше тәржімасы қатар өмір сүріп, олардың көркемдік сапасы жөнінде ешкім ештеңе демейді екен, тіпті кейбір шумақтар өрескел түрде бүрмаланса да қиянат саналмайтын тәрізді. «Күріш арқасында күрмек су ішеді» дегендей, тәуір тармақтар мен жолдардың тасасында тұра беретін көрінеді.

Енді нақты өлеңдердің нақты аудармаларын өз ара салыстырып, қайсысының түпнұсқаға қаншалық жақындағанын немесе одан қаншалық алыстағанын анықтау жағына ауысайық. Әңгімені Пушкиннің саяси лирикасында бастайық.

### «Чаадаевқа» («К Чадаеву») өлеңі

Өлең Пушкиннің көзқарасы қалыптасуына зор әсер еткен эйгілі орыс ойшылы Петр Яковлевич Чаадаевқа бағышталған. Мұнда ақынның еркіндік сүйгіштігі, бостандықшыл жігері ерекше ыстық леппен, патриоттық сезіммен жырланған. Досқа сәлем хат жанрында жазылған бұл шығарма жеке бастың күйін шертумен бірге терең қоғамдық мазмұнға толы. Отан туралы, оған адал қызмет өту туралы ой — өлеңнің өзекті идеясы.

Шығармада Чаадаев пен Пушкин бір сезімдегі адамдар ретінде бейнеленеді. («Алдауы жұбатпады біздерді Ұзак», «Бірақ та әлі бізде жанған тілек...», «Күтеміз талықсумен біз асыға», «...Жазар біздің атымызды»).

Ақын бостандықшыл идеялардың жеңіп шығатынын, бостандыққа құлшынысқа ешиәрсенің де бөгет бола алмайтынын айтады, өз досын болашаққа кәміл сенуге ша-

қырады («Илан, жолдас, тумай қоймас бақ жүлдзызы біз аңсаған»).

«Деревня», «Еркіндік» өлеңдерімен салыстырғанда «Чаадаевқа» өлеңінде «бостандық» сөзіне жаңаша бір ренқ берілгендей. «Сынығына тақыттың» деп келетін өлең жолы патшалық озырылышты толық жою мағынасында ұғынылады. «Чаадаевқа» — Отанға, бостандыққа махабbat жайындағы жалынды шығарма.

Ал, енді осы өлең бізде әр кезде қалай аударылды екен? Осы жәйтке егжей-тегжейлі тоқталып, кеңінен қарастырып көрейік.

«Чаадаевқаның» бізде төрт ақын (І. Жансүгіров, К. Бекхожин, К. Аманжолов, І. Мәмбетов) тәржімалаған төрт нұсқасы бар.

1936—1937 жылдары Пушкиннің қазақ тілінде жарық көрген үш томдығының екінші томына енгізілген І. Жансүгіров аудармасы жөнінде біз ілгерідегі тараулардың бірінде өз көзқарасымызды ішінara білдіргенбіз. Сонда екі шумағын ғана мысалға алып, кейбір сәтті тұстарына назар аударғанбыз. Ал, тұстастай алғанда Жансүгіров орысшасындағы өткір де оралымды ой мен серлінді сезімді мұлтіксіз толық жеткізе алған деу қиын. Әсіресе, екінші, төртінші шумақтардың қазақшасы мағыналық жағынан да, өлеңдік бітім-болмысы тұрғысынан да бір қайнауы ішінде кеткендей. Өлеңнің қазақша нұсқаларын шумақтар бойынша салыстырайық.

І. Жансүгіровте:

Үміт, сую, паң атақ  
Алдаумен аз тұрғандай.  
Бітті біздің жас ойнақ  
Тұтін, таңғы тұмандай<sup>1</sup>.

Бекхожинде:

Махаббат, үміт және шусыз даңқ,  
Алдауы жұбатпады біздерді ұзак.  
Жас ермек сол бір сүйген болды ғайып  
Тұс пенен танертенгі тұман құсан.

Аманжоловта:

Махаббат, үміт, даңқ-мансап,  
Бізді біраз алдаң бақты.  
Балалық желік кетті тарқап  
Таңғы тұман, тұс сияқты.

<sup>1</sup> Пушкин А. С. Таңдамалы шығармалар жинағы. Алматы, 1937, 2-т., 266-б.

Мәмбетовте:

Махаббат, маңғаз даңқ, үміт  
Көңілге медеу бола алмай,  
Балалық ермек қалды ұмыт,  
Көрген түс, таңғы тұмандаї<sup>2</sup>.

Төрт нұсқадағы төртінші тармақ, біздіңше, ешбір дау туғызбайтын тәрізді, өйткені мұнда орысшасындағы тәнеулер дәл берілген. Дау қалған үш тармақтың төніреңгінде болуы ықтимал. Жансүгіровтың «пацы» мен Мәметовтың «маңғазы», Пушкиннің «тихой» дегеніне қарама-қарсы мағынада тұр. Бұл ретте Бекхожиннің «шусызы» («шусыз даңқ») икемге келетін сияқты. «Мансапты» колдану арқылы Аманжолов та түпнұсқадан алыстап кеткен. Екінші тармақта Мәмбетовтың «Көңілге медеу бола алмайы» жадағай-жайдактау, ал Аманжоловтың «бізді біраз алдап бақтысы» — еркінсудің мысалы. Бұларға қарағанда Бекхожиннің «Алдауы жұбатпады біздерді ұзак» деуі «Чаадаевқаның» рухына әлдекайда жақын деуге болады.

Үшінші тармақтағы «Жас ермек», «Балалық желік», «Балалық ермек» дегендер — «юные забавы» тіркесінің баламасы ретінде алынған. Мұндағы «жас ермек» каль-калау, яғни басқа бір тілдегі сөз тіркесін ана тілімізге дәл аударып алу, айнытайпай көшіру үлгісін ұстанғандық деп білеміз. «Забавы» — бұл текстіде ермектен гөрі же-лік дегенге жуықтайдын секілді. Бірақ «балалық желік» емес, жастық (бозбалалық болса бір сәрі) желігі мағынасында алынса теріс көрінбес еді. «Балалық ермек қалды ұмыт» тіркесіндегі «балалық» та, «қалды ұмыт та» шәлкем-шалыс қолданылған. Онан да «болды ғайып» дұрысырақ шығар. Сондай-ақ бірінші мысалдағы «жас ойнақты» да мақұлдау мүмкін емес. Жансүгіров халық өлеңіндегі «ойнақты» қанша дөл көрсе де, ол орыс ақынының ойлау, образдар жүйесіне жанаса қояр ма екен?

Біз зерттеу үстінде де дәл осы шумақты (дұрысында, шумақ қана емес, бүкіл өлеңнің) түркі тілдес халықтар әдебиетінің өкілдері қалай тәржімалағанымен әдейілеп таныстық.

Татарша:

Озак вакыт назлап юатмады  
Безне тын дан, сөю һәм өмет,

<sup>2</sup> Пушкин А. С. Шығармалары. Алматы, 1953, 1-т., 89—91-б.

Юк булдылар яшълек хозурлари  
Иртән төшкән томан, төш кебек<sup>3</sup>,

(Ә. Исхак тәржімасы).

Әзбекше:

Севги, умид, мағрур шұхрат орзуем  
v v  
Булмайди овунгок қизга күп замон.

Утди ёшлигимиз уйин-кулгиси

v v v  
Гүеки түш, — гүё тондаги туман<sup>4</sup>.

(Міртемір тәржімасы)

Біздің аңғаруымызша, Ә. Исхак аудармасы түпнұсқаға мейлінше жақындаудың мысалы. Бірінші және екінші тармақтардың орындары ауыстырыла тұрса да (мұндай ауыстырулар әбден мүмкін нәрсе), тәржімашы мағынаға тіпті де нұқсан келтірмеген. Біздегі «пац атақ», «манғаз даңқ» мұнда жоқ, қайта, Пушкиндегі «тихой славы» татаршада дәл беріліп «тын дан» болып тұр.

Неге екені белгісіз, Міртемір тәржімасында «мағрур шұхрат» — «гордая слава» алынған. Сірә, Міртемір де ұлы ақынның ертеректегі басылымдарына иек артқанға үқсайды.

«Чаадаевқа» өлеңінің екінші шумағына көшейік.

Жансұгровте:

Бірақ бізде от тілек,  
Табанында тағдырдың  
Өрлігімен көнілдің  
Отан үнін естілік.

Бекхожинде:

Бірақ та әлі бізде жаңған тілек,  
Азабын тартып жүріп сор биліктің.  
Асығыс таппай шыдам соғып жүрек,  
Тындаимыз Отан үнін ілілі тым.

Аманжоловта:

Әшпеді бірақ тілегіміз  
Көрсек те заман қаталдығын.  
Асыға соғып жүрегіміз  
Тындауымыз Отан үнін.

Мәмбетовтө:

Құтеміз бірақ асыға,  
Суымай тілек әлі күн.

<sup>3</sup> Пушкин А. С. Сайланма әсәрләр. Қазан, 1954, 1-т., 53-б.

<sup>4</sup> Пушкин А. С. Таңланған асарлар, Ташкент, 1949, 1-т., 141-б.

Кинаған қанау астында  
Отаның атой әмірін.

**Бұлар — Пушкин өлецінің мына төмендегі шумағының төрт түрлі қазақшасы.**

Но в нас горит еще желанье,  
Под гнетом власти роковой.  
Нетерпеливою душой  
Отчизны внемлем призывање.

I. Жансүгіров пен I. Мәмбетов аудармалары мазмұн, түр жағынан ақаулы дүниелер болып шыққан. Алдыңғысында өлең үйқастары нашар. «От тілек» — «естілік», «тағдырың» — «қөңілдің» тәрізді дәрменсіз үйлесімдер (дұрысы — үйлесімсіздіктер) Илияс сынды ақынның қолымен жасалған деуге сене қою қын. Ал, Мәмбетов қазақшасының соңғы үш тармағы қисынсызыдау құрылған. Әсіресе «Под гнетом власти роковой» жолдары жасып кеткен. Аманжолов осы тіркесті «заман қаталдығын» деп, кінәні өкімет орындарына емес, заманға арта салған. Мұның есесіне ол ушінші, төртінші тармақтардың мазмұнын сол қалпында бере білген.

Екінші шумақ Бекхожин бедерлеуінде біршама ұнамды естіледі. Тек төртінші тармақтың соңында үйқаста түрған «іліліп тым» — басы артықтығын айтпағанда, біртүрлі одағайлау тәрізді.

Мәселеге тарихи түрғыдан қарап, өлеңнің аударылған кездерін еске алсақ «Чаадаевқа»-ның ушінші шумағы I. Жансүгіровте, К. Аманжолов пен К. Бекхожинде әсерлі шыққан секілді.

**Аманжоловта:**

Талыға толқып күткен жарын  
Махаббатты жас жігіттей,  
Еркіндік ізгі келер шағын  
Құтуліміз тәтті үміттей.

**Бекхожинде:**

Минутын қасиетті еркіндіктің  
Қүтеміз талыксумен біз асыға,  
Бейне бір күткеніндей жас жігіттің  
Минутын кездесетін ғашығына.

Ал I. Жансүгіровтың дәл осы шумақты бірқыдыру сәтті шығарғанын ілгеріде атап өткендіктен, бұл арада мысалға алып жатуды артық санадық.

Алдыңғы екі аудармада «вольности святой» сияқты

саяси жағынан мәнді сөздердің күнгірттенбей мағынасы сақталғанын құп ікеміз.

«Чаадаевқа» өлеңінің ең күшті шумактарының бірі — төртінші шумактың қалай қазақшаланғанын қарастырылсақ, төмендегі жәйттерді байқаймыз.

Пушкинде:

Пока свободою горим,  
Пока сердца для чести живы,  
Мой друг, отчизне посвятым  
Души прекрасные порывы!

Жансүгіровте:

Журек барда ар үшін,  
Бостандықтан от барда,  
Аскар көніл бар күшін  
Арнайык, дос, Отанга.

Бекхожинде:

Тұрганда азаттық ой бізде жанып,  
Тұрганда соғып жүрек намыс үшін.  
Кел, досым, туған жерге біз арнайык  
Тасыған таңғажайып жаның күшін!

Аманжоловта:

Азаттық аңсан, шөлдегенде,  
Тазасында арымызың  
Арнайык, досым, туған елге  
Ыстық лебін жанымызың.

Мәмбетовте:

Бойда азаттыл от барда,  
Тынғанша аршыл жас жүрек.  
Арналсын, досым, Отанға  
Біздегі жақсы бар тілек.

Аудармаларды айналдыра тексеріп, ақтара қарастырылғанда біздің анықтағанымыз: төрт тәржімада да «души прекрасные порывы!» тармағы түпнұсқаға барабар емес, әлсіздеу де нәрсіздеу болып шыққан. «Ыстық лебін», «Жақсы бір тілек» дегендер Пушкин ойының қуатын, жалыны мен қызуын, терендігін тіпті де жеткізе алмай түр. Сонда «порыв» сөзінің баламасы табылмағаны ма?

Осы шумактың бізді ынтық еткен соңғы екі тармағын өзбек, татар, үйғыр әріптестеріміз өз тілдерінде қалай бере алды екен?

Өзбекшеде:

Дустгином, ватанга жонни тикканмиз,  
Кунгил орзулари фидо ушанга<sup>5</sup>.

<sup>5</sup> Пушкин А. С. Таңланған асарлар, 141-б.

Татарша:

Күнелләрнең гүзәл омтылышын  
Багышлыйк без, дустым, ватанга<sup>6</sup>!

(Ә. Исхак тәржімасы)

Ұйғырша:

Әзиз дост, Вәтән учун жанни һәм  
Пида әйләп өтүмиз биз күрәштә<sup>7</sup>.

(Х. Абдуллин тәржімасы)

Егер біз дұрыс түсінсек, өзекіше мен ұйғыршада «...отчизне посвятим души прекрасные порывы!» жолдара Отан үшін жанымызды пида етеміз деген мағынада тәржімаланған тәрізді. Ал татар ақыны «порывты» — «ұмтылыс» деп алған.

Ұйғыршадағы «Әзиз» бен «Куресте» — аудармашының өз тарапынан қосқандары.

«Чаадаевқа»-ның «соңғы шумағында сол замандағы революцияшыл рухтағы жастардың алдыңғы қатарлы өкілдерінің аяулы сипаттары, жалын атқан жігер-күш, құлшыныс-ұмтылысы, отан сүйгіштік сезімі, «ізгі еркіндіктің» салтанат құратынына сенімі адам айтқысыз эмоционалдық қуатпен айшықталған. Ширығыл, шиыршық атқан осынау шумақ өлеңнің түйіні ғана емес, ақын көзкарасының биігі де еді. Сол тұстағы орыс поэзиясында дәл мұндай шығарма әлі туа қоймаған болатын:

Товарищ, верь: взойдет она,  
Звезда пленильного счастья,  
Россия вспрянет ото сна,  
И на обломках самовластья  
Напишут наши имена!

Осы шумақтың қазақша нұсқаларын қарастырайық-Жансүгіровте:

Атар, жолdas, бақыт таң, —  
Жатпас Ресей мәңгі үйықтаң,  
Патшаның тәж-тақтына  
Жазылады біздің ат!

Бекхожинде:

Сен, жолdas, туар ғажап бақ жүлдзызы,  
Россия көтерілер үйқысынан!  
Сол кезде жазар біздің атымызды  
Патшаның тәж-тағына қирап, сынған!

<sup>6</sup> Пушкин А. С. Сайланма әсөрләр, 83-б.

<sup>7</sup> Пушкин А. С. Шеирлар, 25-б.

## Аманжоловта:

Илан, жолдас, тумай қоймас  
Бақ жүлдізы біз ансаған.  
Қөтерер Россия үйқыдан бас,  
Құл-талқан боп озбыр заман,  
Сынығына атымызды,  
Жазар үрпақ ардақтаған!

## Мәмбетовте:

Жан жолдас, илан: арайлар  
Жұлдызы ғажап бақыттың.  
Россия үйқыдан оянар,  
Сынығына тақыттың  
Атымыз біздің жазылар.

Өлеңнің идеясын да, мазмұнын да айқын аңғарған Илияс Жансүгіров ұлы ақын туындысын қазақ оқырмандарына жатық тілмен жеткізуге көп күш салған. Россияның үйқыдан оянатының өзінше әрлендіріп, «жатпас Ресей мәңгі үйықтаپ» деген. «...Вздохнула она, звезда пленильного счастья» — бақыт таңы атар делініп, түпнұска текстін жалпақ ұғымға қарай бейімдеген. Тәржімада ес-керілмеген екі нәрсе бар. Оның біреуі — «вер» — «илан» сөзінің түсіріліп тасталуы; екіншісі — «и на обломках самовластья» тармағындағы «на обломках» «сынығына» (қираган сынығына) ұғымының жалаң қабат («патшаның» ғана делініп) алынуында.

Орысшасындағы бес тармақты қазақшасында төрт тармаққа сыйғызып жіберген Қалижан Бекхожин әлгіндей «серпінділікке» бармаған. Ол не де болса түпнұсқаның ізінен аумай, текстінің соңына ере отырып, шығарма әсерін сүйтпауға тырысқан. Бір ескертпе: «верь» — «сен» делінбей, «илан» мағынасында аңғартылғаны мақұл еді. Мұндағы «сен» араға «жолдас» сөзі түсіп, үтір арқылы бөлінгендей, есімшениң екінші жақтағы түрін мезгелдей.

Қасым Аманжолов пен Істай Мәмбетов жасаған нұсқалар да түптекстідегіден оншалық ауытқымаған. Солай бола тұрса да, екеуінен екі түрлі мін байқалады. Аманжолов «құл-талқан боп озбыр заман» деу арқылы талқандалуды; қирап-сынуды патшадан, оның тәж-тақытынан заманның өзіне қарай аударый жіберген. Ал, Мәмбетов «самовластья» мағынасын анықтамай, әйтеуір бір «тақыттың» дей салған. Жалпы алғанда, аударма өнеріне едәуір төсөліп қалған ол асіресе осы шумақты жүргіш шылыққа жүдепей жеткізуде құнттылық танытқан.

Енді дәл осынау шумақтың туысқан тілдерде қалай тәржімаланғанын көрсете кетсек дейміз.

Әзбекше:

v

Дустим, ишон: шаксиз болқиб қолқажак,  
Дилбар баҳтиёрлик еруғ юлдози,  
Хам Россия уйқудан тез уйғоножак,  
Хам Россия хокими мутлок вайроносига  
Бизнинг номларимизни албат езажак.

Татарша:

Ышан, иптәш: безне үзенә тарткан  
Бәхет таңы туар бер көнне;  
Россия уяныр йокысыннан  
Һәм күярлар язып патшалыкның  
Жимерегенә безнең исемне!

Ұйғырша:

Сән ишәнгин, ахири бир күн у янар —  
Шу сехирлик бәхит-саадәт юлтузи.  
Россия ғәпләт—үйқидин ойғинар,  
Шунда шаһлар харабиси үстигә  
Йезилиду бизниң намлар-исимлар<sup>8</sup>.

Бұлардың бәрінде де Пушкин рухы, сөз бедерлері мен бояулары берік сақталып, ұлттық поэзия арқылы нақышталған.

«Чаадаевқа»-ның Қ. Аманжолов қазақшалаған нұсқасының соңғы басылымына — Пушкин шығармалары екі томдығының бірінші томына енгізілген тексті туралы елеулі бір ескертпе айтпай өту мүмкін емес. Мұнда Қасымның көзі тірісінде жарық көрген тәржімәра орынсыз өңдеулер жасалған, кейбір шумақтарына бір «суық қол» араласқан. Мәселен, соңғы шумақтың екі тармағы:

Құл-талқан бол озбыр адам,  
Ардақтаң жазар атымызды адам<sup>9</sup>,

болып, мұлде қарама-қарсы мағынада алғынап, бұрынғы вариантындағы «озбыр заман» енді «озбыр адаммен» аудастырылған. Заман мен адамның арасы жер мен көктей емес пе?

Үшінші шумақтың бірінші тармағындағы «күткен жарын» енді «күткен жарқын», «Еркіндік ізгі», енді жайғана, «Еркіндіктің», «Ыстық лебін» — «Игілігін» болып

<sup>8</sup> Илгеріректе ескертілгеніндей, өбзекшеге Міртемір, татаршаға Ә. Исхак, ұйғыршаға Х. Абдуллин аударған.

<sup>9</sup> Пушкин А. С. Таңдамалы шығармалары. Алматы, 1975, 1-т.

окылады. Сөйтіп, Қасым аудармасын «жақсарут» мақсатын көздеген біреулер оны нашарлатып, жасытып жіберген.

«Чаадаевқа» өлеңінің күні бұгінге дейін мәлім болып келе жатқан осынау төрт түрлі тәржімасын талдау, оларды өзара салыстыру нендей қорытынды шығаруды мегзейді?

Біздіңше, барлық жетістіктерімізді ескере отырып, «Чаадаевқа»-ны елеулі кемшіліктерден арылтып қайта аудару қажет. Оны поэзиялық күш-куаты, ырғақ, интонациясы, тіпті үйқастары жағынан түпнұсқаға тең түсेतіндей деңгейге жеткізуіміз шарт.

### *«Сібірдің кендерінің тереңінде» («Во глубине сибирских руд»)*

В. И. Ленин бір кезде: орыстар өздерінің арасынан декабристерді ұсынғанын мактаныш ете алады деп жазған болатын.

Орыс әдебиетшілері ішінен декабристер идеясын дәл Пушкиндей қатты қолданған кім бар? Оның тебіреніс пен буырқанысқа толы шығармалары декабристер қозғалысынан тікелей әсерленуден туғанын, тарихқа және өзі өмір сүріп отырған заманға көзқарасы жағынан ең алдыңғы қатарда болғанын кім білмейді? Россиядағы қоғамдық озат ой-пікірлердің дамуында Пушкиннің айрықша прогрессивтік роль атқарғаны ғасырлар бойы ұмытылар ма?

Тарихтан мәлім, Пушкин ол күні Сенат аланында болмаған, бірақ кейін патшамен көзбе-көз кездескенде ешінерседен тайсалып-тайынбай, жалтақтамай сол күні Петербургте бола қалсам, мен ереуілші ерлердің сапына қосылар едім деген ғой.

Пушкиннің жасөспірім кезіндегі, жас шағындағы айдауда жүргендегі жалынды патриоттық өлең-жырларын декабристер шетінен жаттап алатын болған. Декабристер қозғалысы қарсанында және олар Сібірге жер аударылып, каторгаға жөнелтілгеннен кейін жолдаған сөлемхатында Пушкин алған бетінен қайтпайтын қайсар да табанды адам екенін ерекше танытты.

Оңтүстікке айдалу сапарынан қайтқанмен Пушкин аса ауыр ахуалға душарласты. Николай I патша ақының ізін аңдитып, қатаң қысымға ала бастады. Оның туған елді аралап емін-еркін сапар шегуіне, қолжазбалада

рын көпшілік алдында оқуына біржола тыйым салынды, жазған хаттарын цензура қырағылықпен қарап, еркіндігіне тұсау салды.

Нак осындай темір құрсаудың қоршауында тұрып «Сібірдің кендерінің тереңінде» тәрізді өлең жазу үшін асқан жүректілік, батылдық керек еді. Ондай қасиет ұлы ақынның бойынан табылды да.

Ақын айдаудағы декабристерді өз жүргегінің тубінен қайнап шыққан қажырлы да қарымды өлеңімен сергітіп, демеп-жебегісі келеді, тубінде бостандықтың салтанат құратынына оларды сендіріп, қайраттандыруды мақсат етеді. Ол декабристерге мұнда еркіндікте қалған жолдасты ретінде тіл қатып, «аскар ойдың асқағына» ортақ екенін аңғартады. Пушкин рухтас, күрестес бауырларына ниеттестігін, тілектестігін білдіреді («Жойылмас азап ауыр еңбектерің», «Үмітпен күткен күн де келіп қалар», «Бостандық қуанышпен құшақ жайып» т. т.).

Декабристік мұраттарға адалдығын Пушкин өзінің басқа өлеңдерінде де (мәселен, «Арионда») жариялады. Солардың ішінде «Сібірдің кендерінің тереңінде» шығармасының орны бөлек, маңызы ерекше.

Бұл өлеңің бізде әр кезде мерзімді баспасөзде, басылымдарда жарияланған төрт түрлі тәржімасы бар. Тұңғыш тәжірибе 1937 Илияс Жансүгіровтікі десек, 1949, 1953, 1975 жылдарда бұл саладағы еңбек Гали Ормановтың, Қасым Аманжолов пен Қуандық Шаңғытбаевтың үлесіне тиді. Демек, Пушкинің асыл мұрасы мықты ақындардың қолына тигенін көреміз.

Аударма ахуалын айқындауға хронологиялық тәртіп бойынша кірісейік те, отызынши, қырқынши, елуінши және жетпісінші жылдар не әкелгенін анықтайық. «Чадаевқа» өлеңінің аудармасын талдау тұсындағы әдісімізді сәл өзгертіп, енді бір шумакты емес, қос шумактықатар алып, қарастырайық:

**Жансүгіровте:**

Сібірдің шахтасының шыңырауында  
Име бас, ірілік қыл, шыда, шыда.  
Жойылмас азап ауыр еңбектерій,  
Асқағы асқар ойдың бітпес бұ да.

Қаранды жер астында сорға сыңар,  
Сол үміт — сенімді жар, үміт болар.  
Сергітер көңілінді қайрат беріп,  
Үмітпен күткен күн де келіп қалар<sup>10</sup>.

<sup>10</sup> Пушкин А. С. Таңдамалы шығармалары. Алматы, 1937, 2-т., 267-б.

## Ормановта:

Сібірдің шыңырау кеңінде  
Қайыспай шыдаپ бағындар;  
Еңбек кетпес тегінге,  
Мақсұтта берік қалындар.

Азаптың адап серігі  
Үмітің болып шамшырак.  
Зынданда ашар көнілді,  
Қуантар жетіп күткен шақ<sup>11</sup>.

## Аманжоловта:

Сібірдің кендерінің тереңінде,  
Сабырмен сақтаңыздар өр төзімді.  
Аскар ой, азапты ауыр еңбегін де  
Кетпейді ешбір зая, бақ сезімді.

Бақытсыздық үмітпен бір туысқан  
Айнымас қарындастай шіркін үміт.  
Сергітер тар қапаста құса қысқан,  
Тілеулі мезгіл жақты, сабырмен күт<sup>12</sup>.

## Шандыбаевта:

Сібірде, кенді зынданда,  
Достарың болсын өр тағат.  
Зая бір кетпес жалғанда  
Қайғылы михнат, өр талап.

Іс түссе басқа, тунекте  
Серік бол үміт сергітер,  
Куаныш берер жүрекке  
Сарғая күткен күн жетер<sup>13</sup>.

Әленді қазақ тіліне түцфын тәржімалаган Ілияс Жансүгіров ұлы ұстазының ең бір шұрайлы да шырайлы шығармасын ана тілімізде шынайы қалпында сөйлету үшін бар қабілеттің жұмысашан. Ол Пушкиннің идеялық пафосын, декабрист достарға деген жүрек жылуы мен тілеуlestік сезімін мейлінше еркін жеткізу міндептін алға қойған.

Сібір кендерінің тереңінде деуді Ілияс біле-тұра шахта шыңырауын тіркеп қолдануды лайық көрген. Ал, шыңырау қазақ ұғымында тереңдікті дәлме-дәл нақты бейнелейді. Сөйтіп, алғашқы тармақтан бастап-ақ Жансүгіров түпнұсқаның күш-куатын қайткенде бере білу жолын іздестірген. Екінші тармақтағы: «Храните гордое терпе-

<sup>11</sup>Пушкин А. С. Таңдамалы шығармалары. Алматы, 1949, 52-б.

<sup>12</sup>Пушкин А. С. Шығармалары, I-т., 211-б.

<sup>13</sup>Пушкин А. С. Таңдамалы шығармалары, I-т., 158-б.

нье»—сөзбе сөз суретін түсіруге көнгенімен, сезім серпінін бере алмайтынын аңғарған аудармашы бұйрық райды еселей қайталау тәсілін табады. «Име бас» та, «ірлік қыл» да—әрқайсысы жеке тұрғанда әлсіздеу естілетіндегі көрініп, екеуін қатар қою қажеттігі туған тәрізді. Илияс мұны да азырқанып «шыда, шыда» сөздерін ширата, еспелеп екі рет айту машығын жөн санайды. Үшінші, төртінші тармақтар түпнұсқаның дәлме-дәл баламасы деуге татырлыктай. Әсіресе «Асқагы аскар ойдың...» тіркесі Илиястың тапқырлығының жемісі. Қазақ өлеңінде бұрын-соңды кездеспеген тың тіркес.

Екінші шумақта да Жансүгіров орысша текстіден онша қашықтамайды. Бұл үшінші, төртінші тармақтарға тікелей қатысты. Ал, екінші тармақтағы «сенімді жар»—тәржімашының толықтырмасы. Осындағы «Сол үміт... үміт болар» да көкейге қонымды емес.

F. Орманов бірінші шумақтың үш тармағын дұрыс пайымдайды. Илияс колданған шыңырауды орынды пайдаланып, «шыңырау кенінде» тіркесін жасайды. Бірақ ол төртінші тармақта түпнұсқаның мағынасын басқаша ұфынып, «Максұтта берік қалындар» деп өзіншелеп кетеді. Сондай-ақ «скорбный труд» жайғана еңбек ретінде атала салған.

«В мрачном подземелье» Илияста — «Қараңғы жер астында» болса, Галида — «Зынданда», «Қасымда — «Тар қапаста», Қуандықта — «Түнекте». К. Шаңғытбаев «Во глубине» сөзімен өрілетін өлеңді, «Сібірде кенді зынданда» деп бастап кетеді.

Біздіңше екі ақын да — F. Орманов та, K. Шаңғытбаев та (әсіресе соңғысы) дұрыс қолданбаған.

Зындан дегеніміз не? Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне жүгінейік. Онда былай деп жазылған: «Зындан. Жерден терең етіп қазылған қараңғы үй, абақты»<sup>14</sup>.

Осыдан кейін «кенді зындан» тіркесін қалайша мақұлдауға болар екен?

K. Аманжоловтың «Сібірдің кендерінің тереңінде» деп бастауы ақылға сыйады. «Гордое терпенье» — «өртөзімді» делінген. Орманов тәрізді, Аманжолов та Жансүгіров тәжірибесін ескеріп, «асқар ой», «азапты ауыр» ұфымдарына бой ұрады.

«Несчастью верная сестра» Қасымда — «Бақытсызың үмітпен бір туысқан, айнымас қарындастай шіркін

<sup>14</sup> Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1959, I-т., 265-б.

үміт»; Фалида — «Азаптың адал серігі», Алдыңғысында түсіндіре тәржімалау тәжірибесі байкалады. Оның үстінен Қасым өз жанынан «бақ сөзімді», «құса қысқан» қыстырмаларын қосқан. Ал, К. Шаңғытбаев «Іс түссе басқа, түнекте серік бол үміт сергітер», — деп осынау жанды бейнені тым жайдактатып жіберген. Сондай-ақ оның «Достарың болсын өр тағат» «Қайғылы михнат, өр талап» тәрізді тармақтары да түпнұсқадан шеттеңкіреп кеткен. «Труд» — «михнат» емес, еңбек мағынасында алынса жөн болатын еді (Ілияс, Фали, Қасымдар осылай еткен ғой). «Разбудит радость и веселье» — Шаңғытбаевта «Куаныш берер жүрекке» делініп, қарадүрсіндеу қалыпқа түскен.

Енді өлеңнің үшінші және төртінші шумақтарының қалай қазақшаланғанын байқайық.

Пушкинде:

Любовь и дружество до вас  
Дойдут сквозь мрачные затворы,  
Как в ваши каторжные норы  
Доходит мой свободный глас.

Оковы тяжкие падут,  
Темницы рухнут, — и свобода  
Вас примет радостно у входа,  
И братья меч вам отدادут.

Жансүгіровте:

Как жарып азап інді, азабыңды,  
Сиякты жеткізгенім азат үнді.  
Достықта, махаббат та жетер әлі-ақ,  
Как жарып берік қорған, қарағыны.

Ауырлық бұғау түсер, кісен сынар,  
Ашылар қараңғылық, зындан құлар.  
Бостандық куанышпен күшак жайып,  
Ұстарат қылышыңды туысқандар.

Ормановта:

Түнерген қапас үңгірге,  
Шырқаған даусым жол табар.  
Қамауда жатқан сендерге  
Махаббат, достық апарар.

Кинаған күрсау талқан бол,  
Қараңғы зындан бір құлар.  
Куана қарсы ап бостандық,  
Достарың семсер тапсырап.

## Аманжоловта:

Еріксіз енген сонау індеріне,  
Естілер менің еркін үнім барып.  
Дәл солай махаббат пен достық бірге  
Жетеді тас қамалың бұзып-жарып.

Зіл бұғау күйретіліп тасталғанда,  
Төңкеріп тас құрсаулы түрмелерін.  
Азаттық ашып есік қарсы алғанда  
Ұсынар бауырларың кек семсерін.

## Шаңғытбаевта:

Жеткендей менің ұраным,  
Зынданнан өтіп қат-қабат.  
Капастың бұзып бұғауын,  
Жарқ етер достық, махаббат.

Талқан боп сонда тар қамал,  
Дал-дал боп кісен бос жатар.  
Азаттық аңсан қарсы алар  
Достарың семсер ұстарат.

Бұл шумақтар қандай жайларды абайлатады? Інін-ара ауытқулар мен ақаулар душарласа тұрса да, төрт аудармашы да түпнұсқа әуендерін әміссе сақтауға тырысады. Әсіресе, Г. Жансүгіров пен К. Аманжолов тәржімаларының өлеңдік жағы көңілге тоқ санаарлықтай. Илиястың тармақ орындарын ауыстыруы мағынаға нұқсан келтірмейді. Қайта, жол ішінде ішкі үйқастың қолданылуы («азап інді азабынды») өлеңнің көркін кіргізеуді. Соңғы шумақта «әттеген-ай» дегізерлік бір нәрсе: «И братья меч вам отدادут» текстінде «меч» — «семсер» емес, қылыш қалпында қате алынған. Орманов, Аманжолов, Шаңғытбаевтарда бұл сөз өз мағынасында дұрыс берілген.

Илияс пен Қасымда «норы» — «ін» делінсе, Фалида «ұңгір», Куандықта — «зындан» (тағы да зындан!) сипатында көрінген. Соңғы екеуі көңілге қонымсыз-ақ.

«Свободный глас» тіркесін де Фали мен Куандық өздерінше топшылаған. Фали оны «шырқаған даусым» десе, Куандық «ұраным» деп өзгертуен. Екеуі де «казат» Ұғымынан бойды алыс ұстаган. Орманов пен Шаңғытбаев «братьяны» «достарың» деп тәржімалайды. Соншама тәжірибелі де шебер ақындардың қарапайым нәрселерді аңдамайтынына қайран қаласың. Біз зындан сөзің қолдануға қарсы емеспіз. Мәселең, И. Жансүгіров пен Г. Орманов «темницаны» зындан мағынасында орынды қол-

данған ғой. К. Шацфытбаев өлеңінің басында да, орта-сында да жөнсіз енгізген, яғни «во глубине» мей «норы» оның байыптауынша зындан болып суреттелген. «Оквы тяжкие падут, темницы рухнут...»—К. Аманжоловтың аудармасында еркіндеу, бұра тарттылау болып қалып-танған. «Темницаңдың» зындан тәрізді баламасы түрганда «...тас құрсаулы түрмелерін» деудің қанша қажеті болғаны түсініксіз.

«Сібірдің кендерінің тереңінде» туыскан тілдерге қалай аударылғанын аңғарту үшін бірінші және төртінші, соңғы шумактарын сол тілдерде түгел келтіреік:

Азербайжанша:

Сибир мә’дәпләри дәринлийдә  
Мағрур сәбринизи һифз элайни сиз.  
Чәкдийиниз эмәк һеч итмәйәчәк,  
Өлмәйәчәк бейек әмәлләриниз.

О заман буховлар парчаналочаг,  
Зинданлар чөкәчәк, о заман апчаг.  
Азатлыг күләчәк шән үзүнүзэ  
Вә гылынч верәчәк гардашлар сиз<sup>15</sup>.

(М. Раһим тәржімасы)

Әзбекше:

Сибирь коплариниг тагида  
Мағрур сақлай алдингиз чидам.  
Ғамғиң захмат кетмас бехуда —  
Юксак хёсл, амалингиз хам.

Парчалонур оғир кишанлар,  
Зиндон кулар ве әрк шодуман  
Пешвоз булур эшикде у он,  
Қилич берур тагин ёроплар<sup>16</sup>.

(Міртемір тәржімасы)

Татарша:

Себер рудниклари әчендә сез,  
Горур торып, сабыр итегез.  
Бушка китмәс бөек уйларығыз,  
Теләгегез авыр әшегез.

Бир төрмәләр төшәр жимерелеп,  
Өзелерләр авыр богаулар,  
Сезне сөсп каршы алыр ирек.  
Қылыч бирер сезгә туганнар<sup>17</sup>.

(Ә. Исхак тәржімасы)

<sup>15</sup> Пушкин А. С. Эсәрләри. Баку, 1951, 2-т., 19-б.

<sup>16</sup> Пушкин А. С. Таңланған асарлар, 4-т., 191-б.

<sup>17</sup> Пушкин А. С. Сайланма эсәрләр, 1-т., 89-б.

## Ұйғырша:

Сибирниң бәнд болсандарму канлиериға,  
Йоқатманлар мәгрүр сәбир-тақетни һеч.  
Бекар кәтмәс силәр чәккән жәбри-жапа,  
Бекар кәтмәс силәрдики алый интилиш.

Зәпжир-кишәп пачаклинар ахри бир күн,  
Зәй зинданлар зил-зилидә болур харап.  
Канши елип силәрни биз, достлар, күтүң,  
Туткузимиз қолунларға шәмшәру — шап<sup>18</sup>.

(Х. Абдуллин тәржімасы)

Біз Пушкиннің атақты өлеңінің көркемдік қуатының қай деңгейде жеткізілгені жөнінде билік айта алмаймыз. Ол жағын әрілтес ағайындардың үлесіне қалдырамызы да, тек лұғат түрғысынан байқағандарымызды ғана баян етуді жөн көреміз. Төрт тәржімада да шыдам, төзім, сабырлық ету сөзінің алдындағы «гордое» эпитеті мағрур арқылы елестетілген.

Азербайжан, өзбек, татар тілдерінде соңғы шумактағы «меч» — «қылыш» делінген. Сірә, оларда бұдан қолайлы, бұдан дәл балама жоқ шығар. Тек үйғыршада ғана «шәмшәру—шап» лайығымен табылған.

«Темницы» — азербайжанша да, өзбекше де, үйғырша да «зындан» делінген, тек татаршада ғана түрме мағынасында берілген.

«Свобода» азербайжаншада — «азаттық», өзбекше мен татаршада — «ерік» сөздері арқылы ұғындырылған. Ал, үйғыршада ол басқа бір түсініктегі «біз» сөзімен абылатпаған. Пушкинде кісен сынып, зындан құлатылған кезде оларға семсер ұстаратындар кімдер екені (туықандар, бауырлар) айқын-анық айтылған ғой.

Қазақ қаламгерлерінің, сондай-ақ туысқан республика аудармашыларының Пушкинге баруында, атап айтқанда «Чаадаевқа», «Сібірдің кендерінің теренінде» өлеңдерін ана тіліне аударуында ескермеген бір нәрсесі бар сияқты. Біз мұны әр тілдегі тәржімалармен танысу үстінде байқадық. Ол — тұлнұсқаның формасындағы, нақтылағанда үйқас жүйесіндегі ерекшелікті ескере бермеуінде. Мәселен, «Чаадаевқа»-ның екінші, үшінші шумактары (бес тармақтан тұратын соңғы шумағын айтпағанда), «Сібірдің кендерінің теренінде»-нің тұтас үш шумағы қаусырма үйқасқа (а в в а) құрылған. Тәржімашы-

<sup>18</sup> Пушкин А. С. Шеирлар. Алматы, 1974, 71-б.

лар осындайда кейде кезек үйлесіммен, кейде он бір буынды өлең үйлесімімен шектелген. Біз аударманың жалаң текстін ғана емес, оны тұпнұсқамен салыстырганда тақырыптық, идеялық, эмоциялық, стильдік, ырақ интонациялық жақтарын да қоса қарастырамыз. Өйткені мұның бәрі бірімен-бірі тығыз байланысты, тұтас нәрсе.

Аударма дегеніміз тұпнұсқамен салыстыруға жарағанда ғана, оның рухын, мазмұнын, ондағы өмір шындығын ана тіліне айнатпай түсіргендігі күмән келтірмейтін жағдайда ғана аударма саналуға тиіс. Егер олай болмай, біз танысып отырған дүние тұпнұсқаның өзі емес, оны еркін баяндау, тақырыбын өндөу, қиялға жол беріп, әртүрлі жалғамалар қосу сыңайында жасалса, ол нағыз аударма емес, оған қоңсы қонған бірдене ғана. Неміс ақыны Петер Госсе Пушкиннің «Чаадаевқа» өлеңін тәржімалаган кезде қиялға, жалғамаға жол беріп, өз тарапынан әлденелерді қосқан. Сөйтіп ол Пушкиннің емес, П. Госсенің өлеңі болып шыққан.

Осы орайда аударма процесін әңгімелей кетудің реті бар сияқты.

Шынында, аударма процесі дегеніміз қандай өзгешеліктері бар процесс? Ол бір көріп, бір оқып шығумен тына қалатын нәрсе ме? Бұл мәселе жөнінде әртүрлі пікірлер ұсынылып, топшылаулар мен жорамалдар айтылып жүр.

«Аударма өнері» (1974) кітабында Иржи Левый аударма процесін үш кезеңге бөлу қажет дегенді айтады. Ол үш кезең Левыйдың терминдерімен белгілегендеге мынадай үғымды білдіреді.

- 1) Тұпнұсқаны анғару.
- 2) Тұпнұсқаны түсіндіру.
- 3) Тұпнұсқаны жеткізе айту.

Иржи Левыйше аударма еңбектің мақсаты: «тұпнұсқаны түгел түсіну, сақтау, басқаға жеткізе білу».

Озі де аудармашы және көркем аударма проблемалары хақында үнемі пікір қозғап, одақтық баспасөзде еңбектерін жариялад жүретін Нафи Джусойты «Вопросы литературы» журналындағы мақаласында Иржи Левыйдың аударма процесін үш кезеңге бөлуімен келіспейтіндігін айтады да, меніңше бұл процесті «тұпнұсқаны анғару және жеткізе айту» деп екі кезеңге бөлу әбден жеткілікті дейді.

Тәржімашылдық өнерінде ұлттық көркем дәстүрге сүйену мәселесі жол-жөнекей тоқталудан гөрі өз алдына әңгіме етуді қажетсінетін тәрізді. Бұл ретте біз орыс классиктерінен, олардың ішінде Пушкиннен жасалған аудармалардың тәжірибесі қазақ совет ақындары алдымен Абайға, ол негізін қалап кеткен жаңашыл дәстүрге табан тірептінін байқаймыз. И. Жансүгіровтың, Т. Жароковтың, Ф. Ормановтың, Қ. Аманжоловтың, К. Бекхожиннің Пушкин шығармаларын аудару барысында Абайға иек артқаның аңғару қыныға соқпайды.

Советтік заманымызда Пушкиннің ең әйгілі дүниелерін қазақ оқырмандарының игілігіне айналдыру бағытында айтарлықтай қызмет атқарған. И. Жансүгіров бізде өзіндік бір дәстүр жолын бастап берді дей аламыз. Ол қазақшалаған туындыларды тегіс санаپ жатпай-ақ тек «Чаадаевқа» мен «Сібірдің кендерінің тереңінде» атты екі өлецнің Жансүгіров жасаған аудармасын бір шолып шыққаның өзінде ғана кейінгі ақындардың Илияс үлгісіне соқпай өте алмағанын көреміз. Бұл түпнұсқаның нақты болмысын, дәуір тынысын, мазмұнын сактау, көркемдік ерекшеліктерін жеткізуге дең қою тәрізді белгі-нышандардан ап-айқын білініп тұрады. Екіншіден Жароков, Орманов, Аманжолов, Бекхожин тәрізді ақындарымыз Жансүгіровтың стильдік, бейнелілік, сөз образдарын жасау өнегелерін үйреніп отырған. Илияс тапқан «Асқағы аскар ойдың» кейін Қасымда «Аскар ой...» болып, «Азап ауыр еңбектерің» — «Азапты ауыр еңбегін де» болып жаңғырығуы иені көрсетеді? Немесе аға аудармашы қолданған «шыңырауында», «Ауырлық бұғау түсер» сөздерінің Гали мен Қасымда да қайталанатынын әлдеқалай оқыстап пайдаланып болған, әйтеір ұқсай қалған кездейсоқтық деу орынды ма?

Кейінгі ізбасар қаламгерлердің И. Жансүгіров тәжірибесін үнемі ескеріп отырғандығы Пушкиннің ең батысаяси өлеңдері ғана емес, сонымен қатар, ақын, поэзия туралы, махаббат пен достық хақындағы таңғажайып лириканы қазақшалау тараптарында да белгі беріп, мен мұндалап тұрады.

Біздіңше, И. Жансүгіров аудармаларының әсерін мойындаған К. Бекхожин өзінің де, тұстас қаламдастарының да ой-пікірін былайша дұрыс түйіндеген: «Аударма тарапында да Илияс бізге негізінде жақсы үлгі көрсетті. Пушкин, Лермонтов шығармаларын қазақшага алдымен аударған да Илияс. Орыс поэзиясының ең асылы, құры-

лысы жағынан киын да күрделісі «Евгений Онегинді» аудару қандай қиямет іс. Сол ұлы қазынаны батылдық жасап, тұңғыш аударған Илияс... Пушкиннің «Жәбіреілна-масын» кейінректе мен қазақшаға аударғанымда бұрынғы Илияс аудармасын зер сала оқып, өзіме тағлым тұттым»<sup>19</sup>.

Бұл күнде біз Илияс Жансұғиров ізін салған, бастап берген ігі дәстүр кейінгі дәуірлерде атакты ақындарымыздың тәжірибелерімен молығып, толықты, онан әрі дамытылды деген тұжырым жасай аламыз.

Аудармашының аудармаға, аудармашының аударма-шыға ететін әсері туралы ойымызды әзірше осымен түй-індей тұрамыз.

\* \* \*

Пушкиннің ақын және поэзия жайындағы атакты өлеңдерінің қазақша нұсқаларын өзара мұқият салыстыру, қайсысының қай деңгейде тұрғанын анықтаумен шұғылдану шарт.

Пушкин творчествосында поэзия тақырыбы ақынның қоғамдағы ролі, ақын мен халық туралы ойлар мен толғаныстар аса көрнекті орын алады. «Ақын мен тобыр», «Пайғамбар», «Ақын», «Ақынға» тәрізді арнаулы өлеңдерін айтпағанның өзінде ұлы ақын поэзия мәселесіне баска да туындыларында әлденеше рет оралып, әр кезде өзін тебірендірген, көкірегін толқытып, жан-жүрегін ма-залаған жайларды сыр етіп шертеді. Әлбетте, оның поэзия және ақынның ролі туралы түсінігі бірден қалыпта-сып кетпеді, үнемі бір арнада ешбір өзгеріссіз, жетілді-русіз, екшелусіз болған жок. Оны айтасыз, бір заманда Пушкинді «көркем өнер көркем өнер үшін» дейтін теорияны жактаушылардың қатарына қосуышылар да та-былды.

Бірақ өзіне дейінгі ақындардан, өзінің замандаста-рынан анағұрлым биік тұрған, озат ойлы, ілгерішіл пі-кірді данышпан Пушкин орыстың және дүниежүзілік поэзияның тарихында бұрын-соңды кездеспеген жана көзқарас жүйесін қалыптастырды. Ол ақын мен халықтың қатынасы хақында тұңғыш рет мәселе көтеріп, то-лысу мен өсудің, әбден есейіп марқаюдың барысында сол көзқарасын терендептіп отырды.

<sup>19</sup> Бекхожин К. Дүлдүл ақын өнегесі.— Қазак әдебиеті, 1979, 20 июль.

Пушкиннің Лицейде оқып жүрген кезде жазған өлеңдерінде оған ақын бейнесі біресе күйрек «жыршы», біреке «бойкүйез философ» кейінде көрінсе, жиырмасыншы жылдардың бас шенінде «адамзаттың досы», азамат-акын ретінде елестейді. Бертінде сықақшы, романтик ақынның тұлғасы бой көрсетеді, декабристік идеялармен нәрленген шақтағы туындыларында Пушкин қоғамға, халыққа қызмет ететін поэзияны жақтап, азамат-акынның кескін-келбетін көріктейді. «Қасиетті құрбаңдық» дегеніміз оның санасында ақынның халық алдындағы борышы; ал өнердің мағынасы, сұлуулығы заман шындығын, халық өмірін асқан шынайылықпен, шеберлікпен суреттеуде. Поэзия мәселесіндегі күдіктері мен қайшылыштарының біржола шешімін ол «Ескерткіш» өлеңінде тапты. «Ел ізі оған салған суи білмес» — міне, Пушкиннің ұғымында өнердің ең биік өлшемі, нағыз халықтығы, ғасырлар бойы жасай беруінің шарты осы.

Данышпан ақынның поэзия мәселелеріне қатысты түбегейлі толғамдарына осылайша қысқаша сипаттама бергеннен кейін, негізгі тақырыбымызға көшейік те, оның осынау тақырыптағы үш-төрт өлеңінің қазақшаға қалай аударылғанын сөз етейік.

### «Пайғамбар» («Пророк»)

Өлең 1826 жылдың күздінде, декабристер қайғылы жазаға ұшырағаннан кейін жазылған. Бұл өзі Пушкиннің ақындық декларациясы есепті, программалық шығарма. Қатаң да ұстамды, асқақ шешендік стильдегі «Пайғамбар» Ломоносов пен Державиннің азаматтық, философиялық одаларымен, декабристердің ақын-пайғамбар жайындағы шығармаларымен сабактас.

Таурат кітабындағы пайғамбар тұлғасын есте тұтып, сондай-кайсыбір бейнелер мен сарындарды шебер пайдаланған Пушкин нағыз ақынның дүниеге қалай келетінін, оның тамаша дарынға қалай ие болатынын, «жан шөлінен шаршаған» жанның ғана қабілеттілігін, жолда кездескен бөгеттердің бәрін жеңе алатынын сипаттайды. Пушкиннің түсінуіндегі ақын — өмірдегі ұсақ-түйектерден бойын аулак салатын, өзін билеп-төстеушілер тобына қарсы қоя білетін пайғамбар. Өлеңде ақынның міндегі, поэзияның қоғамдық қызметі, оның идеалық және дүние танытқыштық күші осылай анықталған.

Пушкин пайғамбар образына неліктен бет бұрған? Библия — таурат (әр заманда айтылған, жазылған түрлі ертек, аңыз шығармаларды «құдай сөзі» деп уағыздайтын еврейлердің және христиан діни кітабы). Ондағы образдар оған не үшін керек болған? Ақырында болған оқиғаның автор атынан емес, пайғамбар атынан баяндаудында нендей мән бар?

Декабристер қозғалысы күшпен жаңышталғаннан кейін Пушкин өзін жападан-жалғыз қалғандай сезінген. Бірақ қайғы-мұңға көмілмей, халық пен отан тағдырына жауапкершілік менің мойныма жүктеледі деп түсінген. Осындай ойға берік бекінген ол ашың шындықты айту, халайықтың көзін ашып, оқиғаның шын мәнісін аңғарту, үстем тап өкілдерінің опасыздығын, озығыншылығын аяусыз әшкерелеу тәрізді абыройлы міндеттің бүкіл ауыр салмағын өз иғымен көтеруді көздеген.

Исаи пайғамбардың діни кітабын оқыған Пушкин ондағы образдар мен сарындарды сол күйінде қабылдай салмаған; ұлы ақын діни уағыздаулардан мүлде аулак. Мысалы, Исаи кітабындағы алты қанат есірәфіл Пушкинде жай періште емес, пайғамбарға дүние тану «даналығын» дарытатын күш есебінде суреттеледі. Ұлы ақын Таурат кітабына тексті түрғысынан қарағанда осылайша жақындал, осылайша алыстай да білген.

Ежелгі адамдардың ұғымы мен сенімі бойынша, пайғамбар аллатагаланың ықтияры мен еркін білдіруші, ақиқат ретінде түсіндіруші саналған. Ол бүгінде де, болашақта да алыстан болжаушы сәуегей, екеуіне де баға беретін әділ қазы, кемтарларға, езілгендерге қол ұшын беретін калаулы қамкор деп сенген. Ескілікті түсініктер бойынша оған дүниедегі барша құбылыстың мән-жайына үңіле білетін, бетін, жүзің демей, шындықты ашып айта алатын әулие есебінде қараған.

Пайғамбар бәрін көріп-білетіндей, бәрін жазбай та-нитындағы қасиеттер мен сипаттарға ие болуға тиіс. Ол қоғам мен табиғатты басқарудың ең жоғарғы зандарына әбден қанық, өзі өткір тілді, ыстық жүректі келеді. Оның аузынан шықкан сөз адамның ақыл-ойын, жігер-еркін түгел баурап алатындағы, қалтқысыз сендеретіндей құдіретті де. Пайғамбарлық қызмет аткарылып түрған шакта, творчестволық шабытқа бөлену үстінде тіршіліктері үсак-түйектің, әуре-сарсанықтың, жадағайлықтың, келенсіздіктің бәрі жер бетінен жым-жылас жойылуға, еліп-өшүге, топыраққа, күлге айналуға тиіс.

Пушкин өлеңінде дүниені танып-білудің ең жоғары түрі пайғамбарға қалай келгені, қалай дарығаны асқақ сезімдер арқылы суреттеледі («Сипап өтті құлағымды»). Соңан соң осынау салтанатты әуен хасіретті күйге ауысады: адам өзін құрбандықта шалады (ғаси тілін суырып алуы, аузына дана жыланның тілін салуы, көкірекін семсермен қақ жарып, тітірең, дірілдеген жүргегін суырып алуы, құыс қеудеге жаңған қызыл шоқты тыфуы).

Жәбір-жапа, бейнет-азап шегу арқылы адам пайғамбарға айналады. Оған жүктелетін міндет — «Жалындаған сөзіңмен жандыр адам жүргегін». Міне Пушкин өнердің қогамдық ролін, ұстаздық қызметін осылай белгілейді.

Өлең бір-бірімен омыртқадай жалғасып жатқан үш бөліктен тұрады. Өмірдің тұңғиық сырларын білуге жұмсалған сезім мен ойдың қуаты көрсетілген тамаша шығармада адамға қызмет ететін ақын-пайғамбардың тұлғасы жасалады.

Ақын-пайғамбар бейнесі Пушкиннің басқа да поэзиялық шығармаларында ұшырасып тұрақты образға айналып отырады.

«Пайғамбар» қазақшаға алғаш 1915 жылы аударылып, «Айқап» журналында жарияланғаны, тәржіманың сапасы жайында осы еңбегіміздің «Сөйлейді Пушкин қазақша» тарауында арнайы әңгімелегендіктен, оған енді аялдал жатпаймыз. Біз Ілияс Жансүгіровтың отызынши жылдарда, Қалижан Бекхожиннің елуінші, жетпісінші жылдарда жарияланған аудармаларымен толық танысып, әр қайсысының түпнұсқа рухына қаншалық сәйкес келетіндігін сөз етеміз.

Жансүгіровте:

Жан шөлінен шаршап тым  
Құла түзде қаңғырдым.  
Сұрапылды ұшыраттым  
Торабында жолымның.  
Түсімдей, ейті саусағы  
Көзімді ақырын сипады,  
Шошуындақ қыранның  
Жайнады кез жанарым.  
Құлағыма тиіп ед,  
Кетті айналам у-шу бол.  
Түйдім көктің діттеуін,  
Фаршыда періште ұшуын,  
Теңізде мақұлық босуын,  
Өзекте шілік өсуін<sup>20</sup>.

<sup>20</sup> Жансүгіров I. Шығармалары. Алматы, 1960, 1-т., 460-6.

Бекхожинде:

Жан аңсары сусагаңда,  
Талықтым мен меңіреу жонда.  
Келді есрағіл алты қанат  
Торысқан бір торап жолда.  
Саусагымен, женіл жұмсақ,  
Жанарымды қалды сипап;  
Шошып қалған бүркіттей бір  
Алғыр көзден жарқ етті нұр.  
Сипап өтті құлағымды,  
Қүйді сонда ду, дабылды.  
Естідім мен: көк тітіреп,  
Періштелер гулеп ұшып,  
Әбжыландар суда гүрлеп,  
Самсай қалды жерден шыбық<sup>21</sup>.

Екі аудармада да «Пайғамбардың» идеясын, стилін, бейнелеу жүйесін сақтауға көп зер салынған. Екі ақын да түпкі текстіден ауа жайылмай, тіпті тармағына дейін дәлме-дәл түсіріп отырған.

Дегенмен, бірінші үзіндідегі алғашқы екі тармақ түпнұсқаның рухына едәуір жақын тәрізді. Оның есесіне, үшінші тармақта «алты қанат есрағіл» түсіп қалған. Бәлкім, Илияс «есрағілді» «сұрапыл» ұфымына енгізіп жіберген болар, я болмаса басылуда қате кеткен шығар. Қалижан осы олқылықтың орнын толтырған. Бірак «И их наполнил шум и звон» — «қүйді сонда ду дабылды» болып тәржімалануы құлаққа кіріцкіремейді. Звон — дабыл емес шығар. Қелесі шумаққа қарайық:

Жансүгіровте:

Ол аузыма үңілді,  
Сүм дүние сөз қуар.  
Жұлды ғаси тілімді,  
Ашылып аузым аңырдым.  
Данышпан жылан у тілін  
Қанды қолмен орнатты.  
Тілді қылыш көкіректі  
Тітіретіп алды жүректі,  
Жалындаған шаланы  
Кеудеме әкеп ол тықты.

Бекхожинде:

Қанды колын сап аузыма,  
Бейпіл, сумаң, сөзі күнә,  
Қарысқан сол қу жагыма,  
Дана жылан тілін салды.  
Содан кейін көкірегімді  
Қылышпенен тіліп жарды.

<sup>21</sup> Пушкин А. С. Таңдамалы шығармалары, 1-т., 149-б.

Дірілдеген жүргімді  
Суырды да  
Жұлып алды.  
Салды қызыл шоқты жанған  
Бос кеудеме куыс қалған.

«Пайғамбар» автор сөзі кірістірілмей, пайғамбардың өз әңгімесі түрінде моңолор ретінде жазылған. Аудармашылар бұл үзінділер тұсында да өздерінің ақындық қабілеттерін танытып, өлеңнің бітімі мен болмысын, ондағы әуен сарындарды сақтап баққан. Тек қана «в уста замерзшие moi» тармағындағы «замерзшие» Ілияста қалып қойған («Ашылып аузым»). Қалижан да, Ілияс та «мечті» семсер демей, «қылыш» деп ала салған. Сондай-ақ бірінші үзіндіде «тітіретіп алды жүректі» тармағы орысшасындағы: «И сердце трепетное вынул» деген сөздердің күшін жеткізе алмай тұр. Әсіресе «алды» етіс-тігі жүректі суырып алғандықты аңғартпайды.

Шығарманың пафосын анықтап, бүкіл идеясын ашатын соңғы шумак мынадай:

Пушкинде:

Как труп в пустыне я лежал,  
И бога глас ко мне воззвал:  
«Восстань, пророк, и виждь, и внемли,  
Исполнись волею моей,  
И, обходя моря и земли  
Глаголом жги сердца людей».

Жансүгіровте:

Түзде өліктей жатқанда  
Уахи сөзін қатты алма:  
«Тұр, пайғамбар, көр, тында,  
Әміріме мойын сұн,  
Жерді, суды арала  
Жалындаған сөзінмен  
Жандыр адам жүрегін».

Бекхожинде:

Өліктей бір жаттым жонда,  
Құдірет үні жетті сонда:  
«Тұр, пайғамбар, баста, тында,  
Әміріме ер де менін,  
Жерді, суды кезіп шарла,  
Жандыр сөзбен ел жүрегін».

Мазмұн, мағына жағынан пәлендей бұрыстық бай-қалмайтын бұл шумактарда Жансүгіров идеяны еркін жеткіземін дең тармақ санын асырып жіберген. Бірақ тұнұсқаға да, аудармаға да бұдан келіп тұрған зиян

жоқтың қасы. Анау асыл туындыдағы күрделі де көрікті ойдың өні қашпаған, күші кемімеген.

Калижанның «и бога глас...» тіркесінде алла, тәңір, құдай сөздерінің бірде-біріне соқпай, құдіретке қарай тартуы неліктен?

I. Жансүгіров аудармасындағы бір ерекшелік: «Тау-рат кітабындағы сарындар мен бейнелер белгі беріп тұрған өлеңнің қазақшасына араб, парсы сөздерін орынды енгізген («Фаси тіл», «Фарыш», «Уахи сөз»).

«Пайғамбардың» туысқан тілдерде қалай өрнектелгендін түгел салыстырып жатудың жөні келмес. Сондықтан ең соңғы, қортынды шумақтың әр тілдегі нұсқаларын келтірумен тынайық.

Азербайжанша:

«Әй пейгамбар! Дұр кәл эшил, гиям эт,  
Кет әмрими мәхлугата ә'лам эт!  
Сәһра, дәрә мөвчудатын ояндыр,  
Қәләмымыла халғын гәлбини яңдыр<sup>22</sup>.

(А. Сәхнәт тәржімасы)

Өзбекше:

— «Тур, кур эй пайғамбар, қулогингни сол,  
Иродом-ла тұлиб чинлик таратғил.  
Денгизда, тупроқдо айлап, айт мақол,  
Сұзла, инсонларнинг қалбин ёқабил<sup>23</sup>.

(Міртемір тәржімасы)

Үйғырша:

«Түргин, пәйғәмбәр, көз ач, сал құлак,  
Қәлтүргин бәжә мениң әмримни.  
Деңизу — йәрини چارлап һәммә як,  
Сөз билән яндур инсан қәлбини»<sup>24</sup>.

(Х. Абдуллин тәржімасы)

Үш үзіндіден де біз өзімізге әбден таныс *пайғамбар*, *тұр*, *көр*, *есіт*, *сахара*, *дария*, *жандыр* сияқты сөздердің оқып қана қоймаймыз, туысқан тілдердегі Пушкин лебін, рухын сеземіз. Пушкин азербайжанша, өзбекше, немесе үйғырша осылай сөйлегеніне сүйінеміз.

Мәселе сөздердің сырттай үқастығында емес, ішкі мәнінде, мағынасында. «Пайғамбардың» орысшасы «Духовной жаждою томим», — деп басталмай ма? Сон-

<sup>22</sup> Пушкин А. С. Әсәрләри, 2-т., 12-б.

<sup>23</sup> Пушкин А. С. Таңланған асарлар, Ташкент, 1949, 1-т., 186-б.

<sup>24</sup> Пушкин А. С. Шеирлар, 67-б.

да осындағы жол басындағы сөз дәлме-дәл тәржімаладанда рухани дегенді аңғартпай ма? Біздің көршілес республикамыздың ақындары осылай қабылдапты да.

Азербайжанша:

Рұнани тәшнәләбликлә...

Әзбекше:

Руҳий ташланиқда...

Үйғырша:

Роһий истәктә...

Үшеуінде де — *рухани*. Ал біз «духовной» дегенді өлеңде рухани түрінде алсак, қарадүрсіндікке, прозаизмге апарып соғар еді. Сондықтан да Илияс Жансүгіров оны «Жан шөлінен» тіркесі арқылы берген, мұның өзі негізгі текстінің мағынасына қайшы келмейтін ұғым.

«Пайғамбардың» түркі тілдеріне біршама сәтті аударылуы ағайынды республика ақындарының Пушкинді түсінгендігін ыспаттайты. Жазушының эстетикалық кредосын белгілейтін туындылар әлем әдебиеті тарихында аз кездеспейді (Гетеңін «Суретшінің таңертеңгі жыры», Шиллердің «Коңырау жыры» т. б.). Бірақ «Пайғамбар» ойының даналығы мен тереңдігі, көркемдік қуаты жағынан солардың бәрінен биік тұрған дербес дүние. Ақын ролін анықтау үшін таурат символикасына сүйенген Пушкин декабристер поэзиясының дәстүрін дамыта отырып, оны зәулім заңғарға көтерген.

### «Ақын» («Поэт»)

Ақын мен қоғамның қарым-қатынасы жайындағы мәселе Пушкиннің «Ақынға» (1827) өлецинің тобақазығы. Мұнда творчестволық шабыттың сипаты баяндалады. «Пайғамбармен» сабактасып жатқан осынау өлеңде қандай адамның ақын бола алатыны айтылады. Ол «~~Арсан дүниенің~~» қамынан қол үзуге, «у-шулы орманың ну ағашына» кетуге, мінез-құлықтағы міндерден арылуға, табиғат дүниесінің ұлылығы мен тұтастығын сезінуге, билеп-төстеушілерден өз тәуелсіздігін сақтауға тиіс.

Элбетте, ақындық шабыттың шалқуына, құдіретті күшке айналуына құрылған өлеңде шулы ормандарға қарай жөнеу, табиғат дүниесімен туысу туралы ой козгау «таза» өнерді насиҳаттау емес. Мұнда ақынның анық

сақ оянған бүркітке ұқсатылуы бір жағы «Пайғамбардағы» идеямен астасып жатса, екінші жағынан, шабыт көзінің қайда екенін абайлатады.

Бізде «Ақынның» екі түрлі аудармасы бар. Алғашқысы (1937) Илияс Жансүгіровтікі, кейінгілері — әр жылдардағы басылымдарда (1949, 1953, 1975) жарияланып жүргендері — Қасым Аманжоловтікі.

Пушкинде:

Пока не требует поэта  
К священной жертве Аполлон,  
В заботах суетного света  
Он малодушно погружен;  
Молчит его святая лира;  
Душа вкушает хладный сон.  
И меж детей ничтожных мира  
Быть может, всех ничтожней он.

Жансүгіровте:

Әулие құрмандыққа Аполлона  
Әзірge ақын керек болмағанда,  
Қамында<sup>25</sup> әуре-сарсақ дүниенің  
Ол жүрер байқалмастан батып шанға.  
Ардақты ақындықтың жағы тынар,  
Жаңы салқын үйқыны азық қылар.  
Заманның құнарсызы көп ұлы ішінде  
Бәрінен құнарсызы осы шығар<sup>26</sup>.

Аманжоловта:

Касиетті құрбандыққа  
Бастамаса Аполлоны,  
Ақын сорлы ол уақытта,  
Шырмар оны дүние торы.  
Шертпес лире, күйсіз-үнсіз,  
Жаңын билер салқын үйқы,  
Өңшең құнсыз ортасында  
Ол ең құнсыз, ол ең күйік<sup>27</sup>.

Жансүгіровтің де, Аманжоловтың да қазақшасы түпнұсқамен салыстыруға жарайтындей дүниелер. Екеуі де орысшасындағы мазмұннан, мағынадан алыстамаған. Ертеректе тәржімалана тұрса да, Жансүгіров нұсқасы Пушкинге мейлінше жақын, тіпті кей түстарда дәлме-дәл.

<sup>25</sup> Илияс Жансүгіров шығармаларының бірінші томында (1960 ж. 462-б.) осы сез «қанымда» болып қате басылған. Біз оны бұрынғы басылымдарына қарағ «қамында» дег түзетіп жаздық.

<sup>26</sup> Жансүгіров I. Шығармалары, 1-т., 462-б.; Келесі үзінділерді де осы беттен қараңыз.

<sup>27</sup> Пушкин А. С. Таңдамалы шығармалары, 1-т., 162-б.; Келесі үзінділерді де осы беттен қараңыз.

тәрізді. Илиас «священная жертвы» — «қасиетті құрбандық» демей, «эулие құрмандаққа» деп алған. Ол «пока не требует» дегенді ресми аудармаларда кездесетін «әзірге талап етпейді» тіркесі арқылы бермей, түпнұсқаға сәйкес келетін өлең тілімен «Әзірге ақын керек болмағанда» деп дұрыс қазакшалаған. Бірінші шумақтың келесі екі тармағы да дәлдік нысанасынан көрініп тұр. Қайта, Қасым Аманжолов «Бастамасадан» бастап өзіншелеп жіберген. «Ақын сорлы ол уақытта, шырмар оны дүние торы» тармақтары орысшасындағы: «В заботах светного света он малодушно погружен» деген қос тармақтың төлемі бола алмайды. Мұны Илияс «Қамында әуре-сарсаң дүниенің» деп, орысшасына барабар етіп сомдаған.

Лира сөзін қолданбаған I. Жансүгіров оны ақындықтың ұғымымен алмастырған («Молчит `его святая лира» — «Ардақты ақындықтың жағы тынар») Аманжолов «святая» эпитетін тастан, жайғана «лира» дей салған.

Лираны Қасымша сол күйінде калдыру қажет пе, әлде Илиясша ауыспалы мағына арқылы аңғарту жөн бе? Пушкин өлеңінің әрлінен айрылмайтын тәржімашы оның қасиетті лирасы үндемейді сияқты бірденені аужал етуі мүмкін. Илияс өйтпеген, өленді өлеңмен аударған, түпнұсқадағы поэзия қазақшасында да поэзия болып шығуын көздеген.

Осы шумақтың соңғы екі тармағын тәржімалаған кезде де Қасым өз жанынан қосымшалар («ол ең күйкі») жалғаумен қатар, түпнұсқадағы аса қажетті ұғымды білдіретін мағыналы бір сөзді тастан кеткен. Пушкин «и меж детей ничтожных мира» десе, Қасым мұны «өңшең құнсыз ортасында» тіркесіне айналдырған. Заманын дүниенің дейтін ұғым мұлде қалып койған. Келесі шумаққа ойысайық.

Пушкинде:

Но лишь божественный глагол  
До слуха чуткого коснется,  
Душа поэта встрепенется,  
Как пробудившийся орел.  
Тоскует он в забавах мира,  
Людской чуждается молвы,  
К ногам народного кумира  
Не клонит гордой головы;  
Бежит он, дикий и суровый,  
И звуков и смятенья полн,  
На берега пустынных волн,  
В широкопущимые дубровы..

## Жансүгіровте:

Құн туып сақ құлаққа үн шалатын,  
Бір кезде естіп қалса алла аятын.  
Сілкініп, үйқысынан сергіп қыран,  
Аспанға ақын қағар жап қанатын.  
Дүние ойнап-күлсе, ол мұңайып,  
Жатырқап, жүрт сөзінен шетке тайып  
Халықтың сәждә қалған құбласына  
Имейді ол меммен басын ерге лайық,  
Ақындығы алыш қашып, алас ұрад,  
Толқынды құла түздің жағасына.  
Қашар ол жат мінезді, жабайы бол,  
У-шулы орманның ну ағашына...

## Аманжоловта:

Кенет, бірақ, кереметті үн  
Шалып қалса, құлағын сап.  
Сілкінер кеп ақын шіркін  
Сақ оянған бүркітке үсал.  
Дүние — думан, ол қайғылы  
Безер аулақ жүрт сөзінен.  
Тұрсадағы құдай ұлы  
Бас имес, өр мінезімен.  
Қашады аулақ қатал тағы,  
Дегбірсіз ой, толған бір күй.  
Толқындардың долы ойнағы,  
Шулы ормандар тартар ылғи...

Ілияс Жансүгіров Пушкиннің басқа өлеңдерінде де, нақ осы «Ақын» туындысында да кездесетін «божественный глагол»-ды тастан кетпей, алла аяты мағынасында алған. Қасым Аманжолов мұны «кереметті үн» деп түсінген. Шумақтың басқа тармақтарының көркемдік куатын жеткізуде де Жансүгіровтың тәжірибелілігі, еркіндігі, шеберлігі бесенеден белгілі болып тұр.

«К ногам народного кумира» — «Халықтың сәждә қылған құбыласына» (Ілияс), «Тұрсадағы құдай ұлы» (Қасым). Осы екі жолдың біріншісі тұпнұсқаға тен түскен де, екіншісі кем түскен.

Рас, сәтсіз тармактар Ілиястан да табылады. «И зу́ков и сми́тенья полн» тіркесінің қазақша баламасы «Ақындығы алыш-қашып, алас ұрадтан» гөрі дәлірек, көркемірек болуға тиіс. Қасымның «Дегбірсіз ой, толған бір күйі» орысшасына біршама жақындастындар.

Пушкиннің ақын жайындағы өлеңдерінде жиі кездесетін «чернь», «толпа» сөздерінің мағынасын аныктай кеткен жөн. Бұл тұстарда «чернь» деп ол халық тағдырына, өнер тағдырына немікүрайды қарайтын, тек қарақан басының ғана қамын ойлайтын, билеп-төстеуші ас-

танаалық қауымды айтады. «Чернь» мен халық Пушкинің ұғымында біріне-бірі қарама-қарсы екі түрлі ұғым. М. Горький айтқандай: «...Чернь» деп ол өзін қоршаған ақсүйектік, астаналық қоғамды меңзеп отыр \*.

Өзі өмір сүрген заманда халықтан қол үзуді, «тобырдың» арасында жалғыз қалуды Пушкин аса ауыр сезінді. Сондықтан да оның поэзиясында «Патша өзің, өзіңше жүр», — деп тіл қататын, жалғыз қалған ақынның бейнесі бой көрсетті. «Тобырдың» пікіріне құлақ аспау, онан еркін болу, творчество бостандығын көксеу нағыз поэзияға қажетті жағдай ретінде есептелді. Осынау жәйт «Ақынға» өлеңінен де байқалады.

### «Ақынға» («Поэту»)

«Кітап сатушының ақынмен әңгімесі», «Ақын», «Ақын мен тобыр» сияқты өлеңдерінен кейін Пушкин ақын және поэзия тақырыбын онан әрі терендете келіп, «Ақынға» (1830) сонетін жазады. Сонette ақындық творчествоның еркіндігін талап ету бүріншідан да айқынырақ, анырырак айтылады.

Бастапқы тармақтарында-ақ ақынға: ел махаббатын бұлдама, патшасың жеке өмір сүр деп тіл қататын Пушкин шынында халық пен ақынның қарым-қатынасы туралы мәселеге дең қояды. Бірақ ол өнердің қоғамдық өмірден дербестігін жақтамайды, поэзияны өмірге қарсы қоймайды. Оның пайымдауынша, ақын творчествода еркін болуға, билеуші таптың ырқына көнбеуге, «еркін жолмен» жүруге, «еркін ақыл ым қақкан жаққа» қарай жөнелуге тиіс. Сайып келгенде Пушкин мұнда ақынның идеялық және творчествоның еркіндігін жоқтайды. Ол өнердің автономиялығы дегенді қорғамайды.

Шабыт және поэзияның қоғамдағы орны, — міне, Пушкин мәселені осы екі түрғыда шешеді. Шабыт, творчество еркіндігі ол үшін шешуші шарт болып табылады.

«Ақынға» сонетін бізде төрт ақын — И. Жансүгіров, F. Орманов, К. Бекхожин және К. Аманжолов казакшалаған. Әр аударманың сапасын түпнұсқамен салыстыру арқылы анықтап көрейік.

Пушкинде:

Поэт! Не дорожи любовию народной,  
Восторженных похвал пройдет минутный шум;

\* Горький М. Орыс әдебиетінің тарихы. М., 1939, 101-б.

Услышишь суд глупца и смех толпы холодной;  
Но ты останься тверд, спокоен и угрюм.  
Ты царь: живи один. Дорогою свободной  
Иди, куда влечет тебя свободный ум,  
Усовершенствуя плоды любимых дум,  
Не требуя наград за подвиг благородный.

### Жансүгіровте:

Ақынам! Бұлдама елдің махаббатын,  
Мақтаулар масайрасқан аз тұратын.  
Естірсің есер сотын, көп құлқісін,  
Бол бірақ өзің тыныш, берік, салқын.  
Патшасың, жеке өмір сүр. Жолда еркіндер  
Еркін ақыл ым қаққан жаққа жөнел.  
Игілік ерлігіңе сый сұрама,  
Үнатқан ой жемісін жетілте бер<sup>28</sup>.

### Ормановта:

Ақынам! Елпілдеме ел сүйді деп,  
Өткінші өтер-кетер бос гүілдек.  
Естісөң ақымақ сынын, ез құлқісін,  
Қалпыңдан қатал, салқын айныма тек.  
Патша өзің, өзіңше жүр, жолың айқын,  
Солай бас, қайда тартса еркін ақыл.  
Жемісін жетілте бер, сүйікті ойдын,  
Ізгілік ерлігіңе тілеме ақы<sup>29</sup>.

### Бекхожинде:

Ақын, сен, бәлсінбе жүрт мақтады деп,  
Мадактау минут шуы өтер гүлеп.  
Естірсің надан сынын, сүм құлқісін,  
Бірақ сен сакта сабыр, берік бол тек.  
Патша өзің, жаса жалғыз еркін жолмен,  
Еркін ой тартса қайда, еркінде көн.  
Сүйікті қиялыңды шалқыта бер,  
Тілеме ізгі ісіне мақтауды сен<sup>30</sup>.

### Аманжоловта:

Ақын! Халық сүйді деп, таспа бекер,  
Минуттік мақтау шуы өтер-кетер.  
Естірсің ессіз сотын, сүмдар ниетін,  
Сонда да сабырлы бол, саспа, бекін.  
Өзің патша, түр жалғыз. Еркін жолмен  
Ақылыңа ердағы журе бер сен.  
Өршіт ойдың жемісін игілікті,  
Бірақ оған сұрама сен сыйлықты<sup>31</sup>.

<sup>28</sup> Жансүгіров I. Шығармалары, 1-т., 461-б.; Келесі үзінділерде осы беттен қараңыз.

<sup>29</sup> Пушкин А. С. Шығармалары. Алматы, 1953, 1-т., 271-б.

<sup>30</sup> Сонда, 272-б.

<sup>31</sup> Пушкин А. С. Таңдамалы шығармалары. Алматы, 1975, 1-т., 194-б.

Тұтастай алғанда, әр кездे әр ақынның қолымен жасалған төрт тәржіма орысша текстінің маңайынан үзап кетпей; ондағы ойды бүрмалап, бұлдыратпай айқын жеткізуге қүш салған. Өлеңді алғаш қазақшалаған Ілияс Жансүгіров түпнұсқаға мейлінше жақындаған, кей тармақтарды тіпті дәлме-дәл бере алған. Тек қана «смех толпы» деген сөздерді «көп күлкісі» ретінде ұғындыруы көкейге қонбайды. Мұны F. Орманов «ез күлкісі», К. Бекхожин «сүм күлкісін», К. Аманжолов «сүмдар ниетін» деп алған екен. Біздіңше, Бекхожин баламасы түпнұсқаға бір табан жақын тәрізді.

Сонеттің бірінші шумағының бірінші тармағындағы «не дорожи любовию народной» тіркесіндегі соңғы екі сөз — Ілияста «елдің махаббаты», Ғалида «ел сүйді», Қалижанда «жұрт мақтады», Қасымда «халық сүйді» болып келеді. Сондай-ақ, «свободный ум» да екі-үш түрлі тәржімаланған: Ілияс пен Ғалида — «еркін ақыл», Қалижанда — «еркін ой», Қасымда жай ғана «ақылыңа» делінген. Бұл тұста соңғы екі қаламгер дөп баса алмаған, оның біреуі — Қасым «ақылдың» алдындағы аса маңызды «еркін» эпитетін ескермеген.

Кейбір тармақтардың қазақшалануында кәдімгідей бір ізділік, ұқсастық байқалады: «Ұнатқан ой жемісін жетілте бер» (Ілияс), «Жемісін жетілте бер сүйікті ойдың» (Ғали); «Игілік ерлігіне сый сұрама» (Ілияс), «Ізгілік ерлігіне тілеме ақы» (Ғали). Мұндағы сәл айырма — тармақтардың орындары ғана ауыстырылған. Осы екі тармақ келесі екі аудармашыда екі түрлі: «Сүйікті қияльыңды шалқыта бер» (Қалижан), «Өршіт ойдың жемісін игілікті» (Қасым). «Киялды шалқыту мен ойды өршіту сырттай құлаққа жағымды естіле тұрса да, орышшадағы «усовершенствуя плоды любимых дум» сөздерін жеткізе алмаса керек. Сонеттің қалған алты тармағы мынадай.

Пушкинде:

Они в самом тебе. Ты сам свой высший суд;  
Всех строже оценить умеешь ты свой труд.  
Ты им довolen ли, взыскательный художник?  
Доволен? Так пускай толпа его бранит  
И плюет на алтарь, где твой огонь горит  
И в детской ревности колеблет твой треножник.

Жансүгіровте:

Олардан өзің биік, өзің сотсың,  
Сөзінді бағалауға елде жоқсың.  
Талғампаз шебер іске ырзасың ба?

Үрзасың? Ендеше көп сөге берсін,  
Шам жаққан михрабыңа топ түкірсін,  
Баладай шырағыңды қозғасын да.

### Ормановта:

Өзінде ол. Өз басында өзің қазы,  
Өзіндей еңбегіңе кім таразы!  
Суретшім, ез көңілің ұнатса оны,  
Тобырлар шулай берсін бол паразы.  
Менсінбей ер жанынды от маздаған.  
Баладай есіргенмен, жоқ лажы.

### Бекхожинде:

Өзіңе өзің тәңір, төрешісін,  
Басқадан өзіңе артық бересін сын.  
Мақтау — мадақ өзінде, алғыр акын,  
Осыған қанағат қып көнемісін?  
Көндің бе? Онда мейлі жұрт не десе,  
Мейлі, тобыр гулеп, күңкілдесе.  
Құрбан шалған мосынды балаша ырғап  
Алтарьға отың жанған түкірсе де.

### Аманжоловта:

Сыйлық та бар, өзінде билік те бар,  
Өз еңбегің өзінмен бағаланар.  
Ризамысың, сен соған, суреткерім?  
Ризамысың? Мейлі олар сөге берсін,  
Саған қарсы қарғысын төге берсін.  
Мейлі сениң бұлдірсін треножникін.

Төрт үзіндінің Пушкин рухына анағұрлым жақындағыны — Ілиастікі дер едік. Ушінші, төртінші тармактарда түпкі мағынадан алыстамаған, дәлдікті көздеген қазақ ақыны бесінші, алтыншы тармақтарда өзге бір әдіске ауысып, «алтарь» мен «треножникті» сөзбе-сөз тәржималамай, сол екеуінің төлемін табады. Алтарь — шіркеудің басты бөлмесі, құрбандық шалатын орын дейтін ұғымдарды қабылдай салмай, ақындық балама іздейді де, түркі тілдеріндегі михрабқа тоқтайды. Мешіттің құбыла жағындағы имам тұратын орын михраб оған алтарьдың сынары сияқтанып көрінеді. Расында да, «шам жаққан михрабыңа топ түкірсін» демей, «шам жаққан алтарыңа топ түкірсін» десе, сорақылау естілуі мүмкін бол. Сол сияқты, Ілияс «треножникті» үш аяқ мосы немесе шідер деп алса, оқырман бұдан не үзар еді? Сондықтан аудармашы «Шам жаққан михрабыңа» тіркесінің мағыналық жағынан жалғасы етіп «шырағыңды» сөзін қолданған. Біздіңше, «алтарьді» өзгертией сол күйінде қалдырған, «треножникті» — «мосы» деп тәржіма-

лаған Бекхожин үтпаған тәрізді. Ф. Орманов осы тармақтарды қазақшалауда еркіндікке жол берген. «Мен сінбей өр жаныңды от маздаған», «Баладай есіргенмен, жоқ лажы» — орысшадан одағайлау емес ле? К. Аманжолов өзінше сай өрлеп, «Софан қарсы карғысын төге берсін» тармағын өз жанынан жалгайды да, соңғы тармақты «Мейлі сенің бұлдірсін треножнигің» деп басқа жаққа қарай ойысады.

Бірінші тармақтың алғашқы «Они в самом тебе» деп келетін ықшам да айқын нұсқасын Ілияс аударусыз қалдыrsa, Қасым «сыйлық та бар» деп өңге ұғыммен ауыстырған. Қалижан оларды үшінші тармаққа қарай ығыстырып, «Мактау-мадақ өзінде» ретінде түсіндірген. Дұрысында, олай емес. Пушкин бұл арада «Они в самом тебе» тіркесінде «они» деп сүйікті ойдаңы жемістерін (орысшада — плоды любимых дум) айтып отыр.

«Толпа» сөзін Ілияс әуелі «көп» деп («Ендеше көп сөге берсін») алыша «топқа» ауыстырған.

Пушкиндегі «взыскательный художник» Ілияста «талғампаз шебер», Галида жайғана «суретші», Қалижанда «алғыр ақын», Қасымда «суреткер» мағынасында берілген.

Сонеттің осы шумақ тұсындағы үйқас жүйесін Ілияс Жансұғіров қана сақтай білген (а а б в в б). Фали ушінші тармақтағы «доволен» деп басталатын интонациялық ерекшелікті ескермеген. Ал Қалижан сонеттің соңғы алты тармағын сегіз тармаққа дейін жеткізген.

Сонымен, «Ақынға» сонеттің сәтті шыққан шумақтарымен қатар ажарсыз, ақаулы тұстары да мен мұндалап тұрғанын көреміз.

\* \* \*

Әлдеқашан оймызыға орнығып санамызыға сіңген қашанғы қағида: лирика дегеніміз адамның ішкі әлемін, ой-сезімін анағұрлым толық, мейлінше мол суреттеуге мүмкіншілік беретін ерекше жанр, поэзияның келелі бір саласы, түрі. Әлбетте, лириканы таза субъективтік түйсіктердің көрінісі деп қарау ағаттық болар еді, ол, сонымен бірге, адамды қоршаған сыртқы дүние фактілерінің ақындық сәулесі, жүзеге асырылуы. Лирика халық өмірінің барша жақтарын қамти алады, ол үлттық характеристерді айқындау мен сипаттаудың да күшті құралдағының бірі.

Лириканың реализмі. Егер мұны Пушкинге жаңастыра айтсақ, дүниежүзілік әдебиетте өзінің ішкі дүниесін, күйініш-сүйініштерін, өз тұлғасының ірілігі мен байлығын лирикада дәл Пушкинше терең аша білген ақын сирек шығар.

Ұлы ақын лирикасы жанр жағынан мейлінше алуан: саяси лирика, поэзия, ақын туралы толғаныстар, көңіл күйі, табиғат лирикасы, сәлем хат түріндегі өлең мен баллада, ода мен эпиграмма, элегия мен роман, роман—лириканың барша жанрында ол қайталанбас қолтаңба-сын жасап, әр қайсысына мұлде жаңа рең, жаңа мазмұн, ажар-көрік беріп, сыңырлаған сұлу сөз, сиқырлы үн бітірді.

Пушкиннің кейбір лирикалық өлеңін белгілі бір жанрдың шенберіне ғана сыйғыза алмайсың. Мәселен, «Андрей Шенье» өлеңінде ода мен элегияның, «Атымнан саған не пайдада» элегия мен альбомдық жырдың принциптерін үштастырады.

Біз данышпан ақынның табиғат лирикасы саласынан екі өлеңін ғана бөліп алып, олардың әр кезеңде қалай қазақшаланғанын қадағалай қарастыруды мақсат етеміз. Бірақ біз оларды таза табиғат лирикасы дейтін ұфым-түсінікпен шектемейміз. Өйткені мұнда адамды, ақынды қоршаған дүниенің, жаратылыстың сыртқы суреті ғана емес, сол туындылар авторының ішкі дүниесі мен сезім күйлерінің де сыр-сипаты, сымбаты бар.

### «Қысқы кеш» («Зимний вечер»)

«Қысқы кеш» (1825) — қазақ тіліне төрт рет тәржі-маланып, әр жылдардағы басылымдарда жарияланған. Алғашқы тәжірибе — Сәду Машақов тәржімасы 1935 жылғы жинақтан орын алған; кейінгі Ә. Тұрманжанов, Қ. Аманжолов, Т. Жароков аудармалары 1937, 1949, 1953, 1975 жылдардағы томдықтарда басылған.

Төрт нұсқаны қатар қойып, салыстыра оқығанымыздада біз ақындарымыздың кей түстарда түпнұсқаны дұрыс түсінгенін, қазақша шебер сөйлеткенін аңғарамыз; ал қайсы бір шумақтарда орысшадан орағыта қыстап, жырақтай кететіндігінің куәсі боламыз. Алдыңғысының да, артқысының да мысалын нақты үзінділер арқылы дәлледейік.

## Пушкинде:

Буря мглою небо кроет,  
Вихри снежные крутя;  
То, как зверь, она завоет,  
То заплачет, как дитя,  
То по кровле обветшалой  
Вдруг соломой зашумит,  
То, как путник запоздалый,  
К нам в окошко застучит.

## Машаковта:

Боран түтеп көкті жапқан,  
Қарды ніріп, қуалай.  
Кейде ұлды аңша тыстан  
Кейде жылап баладай.  
Кейде тозған үй үстінен  
Судыrlайды саломы.  
Жолаушыдай тым кеш жүрген  
Үй әйнегін қағады<sup>32</sup>.

## Тұрманжановта:

Боран бүркеп көк бетін,  
Қарлы құйын зырлайды.  
Кейде ұлып бәрідей,  
Баладай кейде жылайды.  
Тәбелік тозған саломдай  
Кейде әнге салады.  
Кешіккен жолшы адамдай,  
Кейде есікті қағады<sup>33</sup>.

## Аманжоловта:

Кешкі боран көкті бүркеп,  
Қарды үйіріп, сокты үдей.  
Жас баладай өксиді кеп,  
Кейде ұлып бәрідей.  
Тозған лашық қамысындай  
Суылдайды кей уақыт.  
Түн қатқан бір жолаушыдай  
Қағады әйнек бей уақыт<sup>34</sup>.

## Жароковта:

Боран түтеп көкті жапты,  
Қарлы құйын қуалай.  
Кейде ұлыған аң сияқты,  
Кейде жылайд баладай.  
Тәбесінен үйдің тозған  
Сыбыrlайды саломы.

<sup>32</sup> Пушкин А. С. Шығармалары. Алматы, 1935, 48-б.

<sup>33</sup> Тұрманжанов Ә. Таңдамалы өлеңдер мен поэмалар. Алматы, 1951, 123-б.

<sup>34</sup> Пушкин А. С. Таңдамалы шығармалары. Алматы, 1975, 141-б.

Жолаушыдай кешеу қалған,  
Терезені қағады<sup>35</sup>.

Төрт тәржімада да түпнұсқадан алшактау белгілері біліне қоймайды. Сондықтан мәселе қайсысында қай сөздің анағұрлым дұрыс, шебер қолданылуында.

Бірінші тармақта Тұрманжанов, Аманжолов «мглою небо кроет» тіркесін «бұркеп көк бетін», «көкті бұркеп» деп қазақшалаған. Мұнда мағыналық жағынан бұрыстық жоқ, жатық оқылады. Бірақ орысшасындағы «мглою» тәржімада түсіріліп тастағандықтан, түпнұсқаның әсерлілігі кемитін тәрізді. Біздіңше, Тайыр Жароков осы сөздің қазақша баламасын («түтеп») дәл тапқан. Ал, Аманжолов боранға «кешкі» анықтамасын бекер қосқан. Мұның есесіне, ол үшінші тармақтағы «как зверь» теңеуін Машақов пен Жароковтағыдай «аңша», «аң сияқты» мәнінен ауыстырып, «бөрідей» деп өзгерткен (Тұрманжановта да осылай). Сірә, Аманжоловқа, «аңнан гөрі, «бөрідей» қазақша күштірек, әсерлірек көрінген болар.

Біздің көршілес республикалардағы әріптестеріміз осы теңеуді өз тілдерінде қалай қабылдады екен:

Өзбекше:

Дам хайвондай букириб үтар<sup>36</sup>.

(Міртемір тәржімасы)

Татарша:

Я ерткычтай укерә ул<sup>37</sup>.

(М. Садра тәржімасы)

Қырғызша:

Бирде жырткыч айбанча улуп<sup>38</sup>.

(У. Абдукаимов қотормасы)

Бәрі түсінікті: өзбекте — айуандай, татарда — жыртқыштай, қырғызда — жыртқыш айуанша...

Екінші шумак Аманжолов аудармасында ажарлы да, жұмыр да. Басқа тармақтарын былай қойғанда бір ғана «то, как путник запоздалый»; Қасымда — «Түн катқан бір жолаушыдай» (Салыстырыңыз: С. Машақовта —

<sup>35</sup> Пушкин А. С. Шығармалары, Алматы, 1953, 1-т., 197-6.

<sup>36</sup> Пушкин А. С. Таңланған асарлар. Ташкент, 1979, 182-6.

<sup>37</sup> Пушкин А. С. Сайланнамә әсәрләр. Қазан, 1954, 79-6.

<sup>38</sup> Пушкин А.С. Ырлар, поэма жаңа драмалар. Фрунзе, 1950, 28-6.

«Жолаушыдай тым кеш жүрген»; Тұрманжановта — «Кешіккен жолшы адамдай»). «Зашумит» етістігін Тұрманжанов «әнге салады», Машақов «сұдырлайды» десе, Аманжолов дыбыс және мағына жағынан жақын «суылдайды» сөзін қолданады.

Тұрманжанов тұпнұсқадағы «окошканы» «есікке» айналдырып жіберген. (Аманжолов пен Машақовта — әйнек, Жароковта — терезе). Келесі шумақ мынадай:

Пушкинде:

Наша ветхая лачужка  
И печальна, и темна.  
Что же ты, моя старушка,  
Приумолкла у окна?  
Или бури завыванем  
Ты, мой друг, утомлена,  
Или дремлешь под жужжаньем  
Своего веретена?

Машақовта:

Біздің үйшік ескергенге,—  
Қаранғы әрі көнілсіз.  
Кемпірім сен терезеде  
Неге отырың үн-түнсіз.  
Әлде қардың бүрқауына  
Қажыдың ба серігім.  
Әлде үршырың зырауына  
Қалғыдың ба өзінің.

Тұрманжановта:

Қайғылы һәм қаранғы,  
Біздің ескі баспана.  
Қарт шеше айна алдында  
Неге қалдың токтала?

Аманжоловта:

Әрі мұңлы, әрі күнгірт  
Баспанамыз кешкүрым.  
Алдында әйнек болып жым-жырт,  
Неге отырың, кемпірім?  
Әлде, досым, қажыдың ба,  
Боран ұлып, бұйырып?  
Әлде талың қалғыдың ба,  
Үршырынды иіріп?

Жароковта:

Біздің лашық тозған мұлде,  
Күнгірт әрі көнілсіз.  
Қәрі әжем-ау терезеде  
Неге отырың сен үнсіз?  
Әлде, боран сыңсуымен  
Серігім, қажып біттің бе?

Әлде иірген үршығының  
Зырымен қалғып кеттің бе?

Осынау үзінділерден ә дегенде байқалатын бір нэрсе:  
Тұрманжанов өлеңінің келесі төрт жолын тәржімаламай,  
тастап кеткен. Ал, тәржімаланған бөлігін алсақ, өлеңдік  
жағы онша емес.

Жеке сөздердің мағынасы әр аудармада әртүрлі болып келетініне таңғалу қын: «лачужка» — «үйшік» (Машақовта), «баспана» (Тұрманжанов пен Аманжоловта), «лашық» (Жароковта). Сірә, соңғысы дәп шығар. «У окна»—«Терезеде» (Машақов пен Жароковта), «Айна алдында» (Тұрманжановта), «Алдында әйнек» (Аманжоловта). Жалпы алғанда, осы үзіндінің әсіресе екінші шумағы Қасым Аманжолов аудармасында әрі жанды, әрі мәнді болып шыққан. Онан соң.

Пушкинде:

Выпьем, добная подружка  
Бедной юности моей,  
Выпьем с горя, где же кружка?  
Сердцу будет веселей.  
Спой мне песню, как синица  
Тихо за морем жила;  
Спой мне песню, как девица  
За водой поутру шла.

Машақовта:

Кел, ішейік, ак ниеткер  
Жас күндеі серігім.  
Кел, ішейік, күрөшке әкел,  
Көтерілсін көңілім,  
Жырла маған бір сарышышық  
Тұрған дария аржағын.  
Жырла бір қыз ерте тұрып  
Суға қалай барғанын.

Тұрманжановта:

Жазған сорлы жастыққа  
Ал ішейік, жақсы дос!  
Ішейік, қайда стакан,  
Ішейік, болсын көңіл хош.  
Жырлашы, қалай қек торғай  
Жайлатаң теніз аржағын.  
Жырлашы, қалай таңертеп  
Қыздың суға барғанын.

Аманжоловта:

Кел, ішелік, осындейда,  
Жарлы жастық серігім.

Ішелікші, ыдыс қайда,  
Бір тарқасын шер бүгін.  
Жырлашы бір, көк шымшық құс  
Теңіз жайлап қалғанын.  
Жырлашы бір, жас мұңлышқ қыз  
Ертемен су алғанын.

## Жароковта:

Кел, ішелік, ізгі досым  
Қайран жастық шақтағы.  
Кел, ішелік, шер тарқасын,  
Шалқып жүрек шаттығы.  
Жырла теңіз аржағында  
Шымшық қалай тұрганын.  
Жырла, ертемен сұлу қыз да  
Су алуға барғанын.

Т. Жароков пен К. Аманжолов қазақшалары әрі жастық, әрі біртегіс ұтымды деуге татитындей. Тайырдың «Кружканы» тастан кеткені, шүқшия қарамасаңыз, бай-қалмайтындей. Қасым оны «ыдыс», Өтебай «стакан» депті. «Синицаны» — Өтебай «торғайға» айналдырған («көк торғай»), Қасымда — «көк шымшық», Сәдүде — «саraphыпшық», Тайырда — «шымшық». «Добрая подружка бедной юности моей» — Өтебайда мұлде өзгер-тілген («Жазған сорлы жастыққа»), Қасымда — «Жарлы жастық серігім», Тайырда — «...ізгі досым қайран жастық шақтағы». Тұпнұсқаға таяу тұрганы — осы екі ақындікі. Төрт тәржімада да «тихо» дейтін мәнді бір сез қаға берісте қалған.

## «Қысқы таң» («Зимнее утро»)

«Қысқы кеш» сияқты, «Қысқы таң» (1829) өлеңі де табиғат әлемін, әсіресе қыстықұнгі таңғажайып таңды, соған байланысты көңіл күйін, сезім сипаттарын суреттеуге арналған. «Әрі аяз, әрі шұақ» тамаша күнге сүйсінген автор үйқыға берілген сұлуға тіл қатады, кеше кешті ұлыған боранды, «қуқыл тартып», «өңі қашқан» ойды еске салады да, оған жаратылыстың жайдары шағынан, таң шапағына бөленген төңіректен ләззат алу керек екенін ескертеді. Кілемдей құлпырған ақша қар, қарауытқан селдір орман, қырау басқан жасыл аршалар, мұз астында жалтыраған өзен, үй ішіне түскен сәулө, жағылған пеш — осының бәрі аруды табиғат аясына шақырғандай әсер етеді. Таңертеңгі ақ қарда шана жегіп, кең даланың төсін кезу, серуендер қайту адам жанын

сергітетін сүйкімді бір дүние екенін желпіне жырлаумен өлең аяқталады.

Бізде «Қысқы таңың» негізінде екі тұрлі қазақшасы бар. Біріншісі — Қасым Тоғұзақовтікі де, екіншісі — Тайыр Жароковтікі. Тоғұзақов тәржімасы Пушкиннің 1938 ж. «Өлеңдері» жинағында жарияланған; Жароков аудармасы 1949, 1953, 1975 жылдардағы томдықтардан орын алған. Екі аударманы орысшасымен салыстырмас бұрын, елеулі бір жәйтке тоқтап, ескертпе жасап өту қажет тәрізді.

Пушкиннің 1949 жылғы қазақша бір томдығына енгізілген аудармасында кеткен кемшіліктерді байқаған Тайыр Жароков «Қысқы таңың» кейбір шумақтарын өндеп, түзеткен болатын. Аударманың түзетілген нұсқасы кейінгі, 1953—1954 жылдардағы басылымдарда (атап айтқанда бірінші томда) жарияланған. Осыған қарамастаң, Пушкиннің 1975 жылғы екі томдығын баспаға әзірлеушілер Жароковтың көзі тірісінде түзеткен нұсқасын енгізбей, сонау 1949 жылғы бір томдықтан ала салған. Соның салдарынан аудармашыға қиянат жасалғандай қисынсыз бірденелер сол қалпында кете барған.

Өлеңнің бірінші шумагының алтыншы тармағы 1975 жылғы басылымда: «Жарқ етіп көрін Сібір жұлдызынша» деп оқылады. Оқырманның ойына бірден құдік келеді: бұл араға «Сібір» қайдан қыстырылған! Бақсақ орысшадағы «Звездою севера явись!» тіркесінің теріс тәржімаланған бір сөзі екен. Тайыр әуелде «Сібірді» сыйып тастап, «терістіктің» деп дұрыс өзгерткен. Мына басылымда оның дұрысы бұрысқа шығарылған. Мұндай мысалдар басқа шумақтардан да ұшырасады.

Тоғұзақов пен Жароков тәржімаларын түпнұсқамен салыстыру үстінде аңғарғанымыз: алғашқы тәжірибе ретіндегі Тоғұзақовтың, өзі қайта қараң, екінші басылыммен түзетулер жасаған. Жароковтың нұсқаларында орысша текстіден шама-шарқынша ауытқымау, алыстамау ниеті байқалады. Бірі ертеректе, екіншісі кейінректе қазақшаланған өлеңде екі кезеңнің ізі жатпауы мүмкін емес.

Біз «Қысқы таңың» бірінші шумагының орысшасы мен қазақшасын осы еңбегіміздің ілгерідегі бір тарауында салыстырып, екеуінен де үзінді келтіргендіктен, бұрынғымызды қайтalamай, Қасым Тоғұзақовтың 1938 жылғы бір-ақ рет жарық көріп, кейін ешбір · басылымдарға енгізілмеген тәржімасының алғашқы шумағымен таныстырайық:

Аяз бен күн, тамаша күн жалтырап!  
Өлі үйқыда жатырмысын, сен шырақ?  
Тан нұрына тура қарап көзінді аш,  
Оян, сұлу, қазір міне тұрар шақ.  
Солтүстіктен атқан таңға қарсы шық.  
Солтүстіктің жұлдызындај жарқырап<sup>39</sup>.

Үшінші, төртінші, бесінші тармақтардағы сөз селкеу-  
ліктерін («Қазір міне тұрар шақ», «...таңға қарсы шық»)  
ескермегендеге, үзіндіде текстің ұзын-ыргасы сақталған.  
Рас, «друг прелестный» тіркесіндегі «прелестный» эпите-  
тін Қасым да, Тайыр да жыр жолына сыйғыза алмаған.  
«Друг» Тайырда — «досым», Қасымда — «шырақ» делін-  
ген. Келесі шумақтарға үнілейік.

Пушкинде:

Вечор, ты помнишь, выюга злилась,  
На мутном небе мгла носилась,  
Луна, как бледное пятно,  
Сквозь тучи мрачные желтела,  
И ты печальная сидела —  
А нынче... погляди в окно...

Тогұзақовта:

Есінде ме, кешкі боран шамасы,  
Тұнек еді жер мен көктің арасы;  
Бозғыл ноқат секілденіп ай жүзді,  
Бұлт ішінде сарғылттанып шарасы:  
Сен де кеше тым мұңайып отыр ең,  
Енді міне... терезеден қарашы<sup>40</sup>.

Жароковта:

Кеше, кеш есінде ме, боран ұлып,  
Томсарған кекке ұласып қараңғылық.  
Ай мұнды құқыл тартып, өні қашқан,  
Сарғайып қалың бұлттан әрең жылжып.  
Жабырқау тартып жүзің отырып ең,  
Қарашы терезеден енді тұрып...<sup>1</sup>

Екі нұсқада да түсінікті, жеңіл оқылады. Орысшасын-  
дагы ойды бүрмалағандық сезілмейді. Қайта, оған бара  
бар бейнелер іздеушілік бар. «Луна, как бледное пятно»—  
«Бозғыл ноқат секілденіп ай...» (Тогұзақов). Табылған  
балама.

Пушкинде:

Под голубыми небесами  
Великолепными коврами,  
Блестя на солнце, снег лежит;

<sup>39</sup> Пушкин А. С. Өлеңдері. Алматы, 1938, 29-б.

<sup>40</sup> Пушкин А. С. Шығармалары. Алматы, 1953, 1-т., 254-б.

Прозрачный лес один чернеет,  
И ель сквозь иней зеленеет,  
И речка подо льдом блестит.

### Тоғұзақовта:

Аясында көкшіл аспан түп-тұнық,  
Төсеп қойған кілемдей боп құлпырып,  
Құн нұрына шағылысып қар жатыр;  
Қырау басқан талдар дағы көрінед.  
Мұз жамылып жатыр өзен бұлқынып.

### Жароковта:

Астында зенгер аспан жайнап тұрган,  
Раждайып кілемдей боп мын құлпырған.  
Ақша қар жатыр құнмен шағылысып,  
Жалғыз-ак қарауытад селдір орман,  
Аршалар қырау басқан жасылданып,  
Тек өзен мұз астында жалтыраған.

Одағайлық, оғаштық көрсетпейтін бұл үзінділерден бұраландық, бұра тартушылық жок, әсіресе Тайыр қазақшасы орысшаның толық төлеміне татиды. Қасымда «великолепными» эпитеті тәржімаланбай тасталған; «ель» «талға» айналдырылған; «прозрачный» — «қалың» дөлінген.

### Пушкинде:

Вся комната янтарным блеском  
Озарена. Веселым треском  
Трещит затопленная печь.  
Приятно думать у лежанки,  
Но знаешь: не велеть ли в санки  
Кобылку бурую запречь?

### Тоғұзақовта:

Меруерттей үйдің іші жап-жарық,  
Пеш ішінде бытырлайды от жанып.  
Тым сүйкімді жылы төсек үстінде  
Жата беру бойын балқып ойланып.  
Сондадағы қайтер еді жектірсем  
Тұрған күрең биені анау сыланып.

### Жароковта:

Үй іші сәулелі бір нұрға еніп,  
Жаққан пеш шырт-шырт жанып,  
көнілденіп.  
Шынтақтап жатып қана орынында,  
Шомғаның қандай ракат ойфа мұлгіп.  
Немесе, қайтер еді шанасына  
Биені қара бурыл шықсақ жегіп?

Екі аудармада да бірінші тармақтағы «янтарным блеском» шынайы қалпында шықпай жатыр. «Меруертей» де, «нұрға еніп» те көліспейді.

Бие түсі біреуінде курен, екіншісінде қара бурыл, сіра соңғысы жанасыңқырайтындай. Сол биені шанаға жектіру жайлы анық айтыла тұрса да Тоғұзақов «в санки» сөзін қалдырып қойған.

Пушкинде:

Скользя по утреннему снегу,  
Друг милый, предадимся бегу  
Нетерпеливого коня  
И навестим поля пустые.  
Леса, недавно столь густые,  
И берег, милый для меня.

Тоғұзақовта:

Таңтертегі қар үстімен сырғанап,  
Қыдырайық, тартар қызып тұрған ат.  
Қымбат досым, сау желдіріп, самғатып,  
Есіз қарды көрейікші аралап.  
Кеше ғана өте қалың орманды,  
Мен сүйетін су жиегін жағалап.

Жароковта:

Ақ қарда таңтертегі зырғып, досым,  
Алысқан ауыздықпен ат желісін  
Желпінген жанмен сүйіп көңіл ашып,  
Қайтасың кең даланың кезіл тасын.  
Мұнартқан қалың орман, өзен бойы,  
Сүйкімді бір дүние менің үшін.

Орышадағы «предадимся бегу нетерпеливого коня» бірінде — «қызып тұрған ат», «сау желдіріп самғатып», екіншісінде — «алысқан ауыздықпен ат желісін».

«Поля пустые» — Қасымда — «есіз қырды», Тайырда — «кең даланың». Алғашқысына ден қоямыз. Тайырда «друг милый» — жай ғана «досым», Қасымда — «қымбат досым». Милый — қымбат емес шығар.

Осы екі үзіндіде де әлгілердің бәрінен асып түсетін бір түсінікіздік бар. Ол бағанағы қара бурыл биенің енді атқа айналдырылуында. Рас, Пушкинде «коня» дөлінген. Бірақ биені бие деп алғаннан кейін келесі шұмақта оның ат бола қалуы қалай? Бұл арада ауызға түссе қойған «ат» орышадағы «коня» сөзінің дәлме-дәл тәржімасы болған да шыққан. Анығында дәл осы арада оны ат демей, жылқы немесе жануар (батырлар жырындары «шүуу, жануар, шүү» — дедіні еске түсірейікші) ма-

ғынасында алу қисынды сияқты. Өйткені биенің де, атың да жалпы аты жылқы емес пе? Қазақ тілінде конный завод — жылқы заводы (ат заводы емес), коневодческая ферма — жылқы фермасы (ат фермасы емес) дегендей ме?

«Қысқы таң» өлеңінің азербайжанша, өзбекше, татарша, қырғызыша нұсқалары қолымызға түспегендіктен, әлгі сөздердің ол тілдерге қалай тәржімаланғанын аныктай алмадық. Әзбек лұғатында «кобыла» — «байтал», татар сөздігінде — «байтал», «бие». Ал, үйғыршада екі ретте де ат мағынасында аталған.

Чанина атларни тез — чапсан қошсун?

Үчқур ат әмригә пүткүл берилip<sup>41</sup> . . . . .

Дәл осындай хал осетин ақыны, сыншысы, зерттеушісі Н. Джусойтың басында да болған көрінеді. «Мера совершенства»<sup>42</sup> мақаласында ол өзінің 1949 жылы, Пушкиннің туғанына 150 жыл толуына орай, «Қысқы таң» өлеңін осетин тіліне тәржімалап, әдеби кештердің бірінде оқып беріпті. Сонда залдағы тыңдаушылардың бірі оған: Биеніздің екі жолдан кейін атқа айналуы қалай? — деп сұрақ қойыпты. Джусойты қатты үялыш, қысылыпты. Қысылғаннан оның өзінде осылай деп, кінәні Пушкинге аудара салыпты.

«Қысқы кеш» пен «Қысқы таңның» қазақша нұсқалары, қашама жетіспеушіліктері бола түрганымен, Пушкин қазынасына барынша мұқият қарағандықты, шамадан келгенше бейнелеу жүйесін, сөз өрнегін сақтауға ден қоюшылықты ыспаттайты. Мұндай ұмтылыс, әсіресе, Тайыр Жароков пен Қасым Аманжоловтың аудармашылық өнеріне тән нәрсе.

\* \* \*

А. С. Пушкин лириканың элегия жаңрында көптеген керемет дүниелер туғызған, осы жанрды жетілдірген, тың нәр-нақыстармен байытқан ақын. Элегия жаңры орыс әдебиетінде XVIII ғасырда, Сумароков тұсында пайдаланған. Оナン кейін Батюшков пен Жуковскийдің поэзиясынан берік орын алған элегия мұнды табиғеніс, өмір құбылыстары туралы философиялық толғаныс жаңры

<sup>41</sup> Пушкин А. С. Шеирлар, 90-б.

<sup>42</sup> Джусойты Н. Мера совершенства. — Вопросы литературы, 1978, № 10.

ретінде XIX ғасырдың бірінші ширегіндегі ақындардың (Пушкин, Баратыцкий, Языков т. б.) назарын аударған.

Пушкин әлегияны өзін толқытқан ойлар мен сезімдердің білдірудің анағұрлым қолайлы түрі деп есептеген. Оның әлегиялышқа өлеңдерінде философиялық тебіреністер басым, сонымен қатар кіршіксіз махаббат сезімдері де шебер шертіледі. Пушкин әлегиясының ерекшелігі негізінде, оның тақырыптық ауқымына, толғанысының сипаттарына, ақынның ішкі дүниесін ашатын сыршылдығына, монологиялық құрылымына, өмірбаяндық шыншылдығына тіреледі. «Сөнді күнгі шамшырақ жатырқаған», «Кезсем де көше бойын дуылдаған», «Теңізге» сияқты өлеңдер ұлы ақын әлегиясының асылдарынан саналады.

Біз Пушкиннің әр мезгілде қазақшалаған үш әлегиясына тоқталамыз.

### «Қиялымнан түңілдім» («Я пережил свои желанья»)

Небәрі он екі тармақтан тұратын, қысқа ғана «Қиялымнан түңілдім» (1821) өлеңі монолог түрінде жазылған. Мұнда, автор атынан баяндалған көңіл күйінде қиалдан түңілу, тілекті тауысу, азаппен алысу, жағымсыз тағдырдың дауылы өмір гүлін солдыруы, жабырқаулық, жалғыздық сезімдері шертіледі. Элегияны алғаш отызынши жылдардың орта тұсында Илияс Жансүгіров, кейін елуінші жылдардың бас шенінде Ізтай Мәмбетов аударған.

Пушкинде:

Я пережил свои желанья,  
Я разлюбил свои мечты;  
Остались мне одни страданья,  
Плоды сердечной пустоты.

Жансүгіровте:

Қиялымнан түңілдім,  
Тілегімді тауыстым;  
Жемісі бос көнілдің  
Тек азаппен алыстым<sup>43</sup>.

Мәмбетовте:

Тілекті түгел тауыстым,  
Арманнан бездім, түңілдім.  
Азаппен үнсіз табыстым —  
Сыйымен күыс көнілдің<sup>44</sup>.

<sup>43</sup> Жансүгіров I. Шығармалары, 1-т., 456-б.

<sup>44</sup> Пушкин А. С. Шығармалары. Алматы, 1953, 118-б.

Екі ақын да орысшасындағы сезім қуатын, ой серпінін анық аңғарып, көрікті етіп жеткізуге көп жігер жұмсаған. Олар бастаң-аяқ ырғақ жүйесін де сактаған, он бір буынды өлең үлгісіне салмай, жеті-сегіз буынды өлемшемді қолайлы көрген.

Айырма жеке сөздерде ғана: «Мечты» — Ілияста — «қиялымнан», Істайды — «арманнан», «плоды» тиісінше — «жемісі», «сыйымен»; «сердечной пустоты» — біріншісінде — «бос көнілдің», екіншісінде — «куыс көнілдің».

Істайдың «АЗАППЕН үнсіз табыстым» деуі Ілияс нұсқасынан әлсіздеу тәрізді. Аға ақын мұны «Тек азаппен алыстым» деп күштейтіңкіреп жіберген. Сондай-ақ «плоды» — сый емес, жеміс болуға керек.

Пушкинде:

Под бурями судьбы жестокой  
Увял цветущий мой венец —  
Живу печальный, одинокий,  
И жду, придет ли мой конец?

Жансұгіровте:

Дауылы тас тағдырдың  
Солдырыды өмір гулімді.  
Жабырқаумын, жалғызыбын,  
Тұрмын күтіп өлімді.

Мәмбетовте:

Дауылы қатал тағдырдың  
Жас гүлін жанның семдірді.  
Кайғыда қалған жалғызыбын,  
Зарығам күтіп өлімді.

Мұнда да түпнұсқаға мейлінше жақындау, ондағы сөз мағыналарын, сарындарын сақтау салты берік. «Венеңті» әріп қуа «тәж» демеу, өмір гуліне қарай ойыстыру — ауытқу емес. Бәлкім оны «гүлтәжім» деп алу да сөкеттікке соқпас еді.

Үшінші тармақтағы «жабырқаумын, жалғызыбын» орысшасына сәйкес қаққан қазықтай, қадап айтылған. Оған қарағанда «қайғыда қалған» созылыңқылау.

Пушкинде:

Так, поздним хладом  
пораженный,  
Как бури слышен зимний свист,  
Один — на ветке обнаженной  
Трепещет запоздалый лист!...

## Жансүгіровте:

Соңғы сұнық соққандай,  
Қалған кейін жапырақ.  
Тоңып бұрсен қаққандай,  
Түр бұтақта қалтырап!..

## Мәмбетовте:

Таянса қыстың бораны,  
Үскірік шалған жапырақ,  
Осылай жалғыз тұрады  
Ку бұтақта қалтырап...

Бірінші тармақты дәл қазақшалаған Ілияс екінші тармаққа келгенде мағынадан жырақтап кеткен, қысқы боран ысқырығы естілмей қалған. Оның есесін Істай толтырганға ұксайды. Және Істай жол басындағы салыстырма «так» сөзін «осылай» арқылы жеткізген.

«На ветке обнаженной» Істайда — «Ку бұтақта», Ілияста — «бұтақта» ғана. Ілияс үшінші тармақты әсерлендіріп, әрлендірген. «Запоздалый лист» — «Қалған кейін жапырақ» қалтырап түр дегенді місе тұтпай, екі тармақтың рухын еркін аңғартатын «тоңып бұрсен қаққандай» тіркесін батыл қолданған.

### *«Алдаса егер сені өмір» («Если жизнь тебя обманет»)*

Әуелде бір қызың альбомына жазылған «Алдаса егер сені өмір» (1825) өлеңі альбом ауқымынан алғып, тіршілік толқынында адам басына түсетін небір ауыр жайларды жену, болмашы нәрсеге болдырып, шаршамау, қайрып, қапаланбау, болашаққа сену сарынына толы. Осының бәрі сегіз жолға сыйған да кеткен.

Біз «Алдаса егер сені өмірдің» Өтебай Тұрманжанов, Бүркіт Ысқаев, Қайнекей Жармағамбетов қазақшалаған үш нұсқасын білеміз.

## Пушкинде:

Если жизнь тебя обманет  
Не печалься, не сердись!  
В день уныния смирись:  
День веселья, верь, настанет.  
Сердце в будущем живет;  
Настоящее уныло:  
Все мгновенно, все пройдет;  
Что пройдет, то будет мило.

## Тұрманжановта:

Егер сені алдаса өмір,  
Жабықпа да, қайғырма тым!  
Қайғы күнге көнсін көңіл,  
Илан, келер куаныш күн.  
Көңіл көзі келешекте,  
Бүгінің көңілсіз — мұн.  
Бәрі де өтер бір мезетте  
Откен болар сағынышың<sup>45</sup>.

## Ысқақовта:

Алдаса егер сені өмір,  
Қапаланба, қайғырма!  
Қаралы күнде — көне біл,  
Жақсы үміттен айрылма.  
Ертеңді жүрек күтеді,  
Бүгінгі күн — қаяулы.  
Баянсыз бәрі өтеді,  
Не өтсе, сол аяулы<sup>46</sup>.

## Жармағамбетовте:

Алдаса егер сені өмір,  
Қайғырма, ашу шақырма!  
Қапалы күні сене біл;  
Женеді шаттық ақырда.  
Жүректің орны болашак,  
Бүгінгі өмір мұндырак.  
Өтеді бәрі зымырап,  
Қөрінер жылы өткен шақ<sup>47</sup>.

Үш нұсқаны салыстырмас бұрын ескертте кететін бір жэйт: өлеңді 1949 жылы тәржімалаған Б. Ысқақов 1975 жылғы басылымға әзірлегендеге азын-аулақ өндеулер жа-саған. Мәселен, 1949 жылғы бір томдықтағы:

Қаралы күнге төзе біл,  
Илан, шаттық алдында,—

деп келетін екі тармақ соңғы редакциясында:

Қаралы күнде көне біл,  
Жақсы үміттен айрылма!—

болып оқылады.

Екінші шумактың екінші тармағы бұрынғы «Қазіргі шақтың» орнына «Бүгінгі күн» деп алынған.

<sup>45</sup> Тұрманжанов Ө. Таңдамалы өлеңдер мен поэмалар. Алматы, 1951, 129-б.

<sup>46</sup> Пушкин А. С. Таңдамалы шығармалары. Алматы, 1975, 1-т., 132-б.

<sup>47</sup> Пушкин А. С. Шығармалары. Алматы, 1953, 1-т., 187-б.

Біздіңше, Бұркіт Ысқақов «Илан, шаттық алдында» тармағынаң бекер бас тартқан. Неге десеніз, орысшасына сай келетін бұл тіркестен әсіресе «илан» («верь») сөзінің түсіріліп тастауы — орынсыз. Жақсы уміттен айрылмай — шаттық күні туар мағынасын абайлата алмайды. Бұркіттің тауып кеткен бір жері — «төзе білді» «көне білмен» ауыстыруы, сөйтіп тұпнұсқа рухына сәйкестендіруі. Ал, өлеңнің соңғы екі тармағы анау асыл нұскамен барабар дерліктей: орысшасында, қазақшасы да тілге женіл, жұп-жұмыр дүниес.

Тұрманжановта «Не печалься, не сердись!» мағыналары жуықтас екі сөзбен («Жабықпа да; қайғырма тым!») берілген. «Не сердись!» — «Қайғырма тым!» емес. Бұл тармақты Қайнекей Жармағамбетов дәл ұғынған. Ол Тұрманжановтағы «көнсін» мен Ысқақовтағы «көне біл» орнына «сене білді» енгізген. Бірақ, Қайнекейдің төртінші тармағы («Жеңеді шаттық ақырда») тұпнұсқаға тең түскен екен деуге келінкіремейді.

Екінші шумақтың Тұрманжанов жасаған қазақшасы — мазмұн, мағына, сөз көріктеу жағынаң көкейге ұяламайды. «Көніл көзі келешекте», «сердце в будущем живет» емес, уныло» — «көнілсіз мұн» ба? «Откен болар сағынышын» — «что пройдет, то будет мило» емес, онан едәуір жырақтап кеткен, өрі өлеңдігі де нашар.

«Алдаса егер сени өмір» басқа түркі тілдеріне қалай тәржімаланған?

Өзбекше:

Хаёт сени алдаса агар,  
Қалб уртама, хеч чекма захмат.  
Дардли кунга қилғил қаноат:  
Инон, қувноқ кунлар хам  
нелар.  
Дил келажак ишқида яшар;  
Бу кундаги ғам чекиши, кадар.  
Бир лахзалик, хаммаси үтар  
Неки утса; уша мұ‘табар<sup>48</sup>.  
(Шұхрат тәржімасы)

Үйірша:

Әгәр сени алдиса һаят,  
Үзмә үмүт ғәм құлма пәкәт.  
Мұңлук құндә әйлә итаэт,  
Ишән, келәр шатлик күн, әлбәт.  
Дил келәчәк үмүттә яшар,  
Бугунки күн мұңлук һәм  
даглиқ.

<sup>48</sup> Пушкин А. С., Тацланған асарлар. Ташкент, 1949, 184-6.

Нәммә чапсан нәгиду качар,  
Өткөн нәрсә һәр качан татлиқ<sup>49</sup>.

(М. Абдурахманов тәржімасы).

Форма жағынан алғанда өзбекше мен үйғыршада өлеңнің бірінші шумақтағы а б б а түріндегі үйқас жүйесі сақталған. Бізде шалыс үйқаспен берілген. Шалыс үйқасты олар, орысшасына сәйкес, екінші шумақта қолданған.

«Сақта мені, тұмарым»  
(«Храни меня, мой талисман»)

А. С. Пушкиннің толық шығармаларының он томдығында берілген қысқаша ғана түсініктемеге қарағанда, «Сақта мені, тұмарым» (1825) ақын көзі тірісінде жарияланбаған. Болжам бойынша, өлең Одессада Пушкинге «сақина — тұмар» сыйға тартылумен байланысты жазылған болса керек.

«Сақта мені, тұмарым» алғаш отызыншы жылдардың екінші жартысында Илияс Жансүгіров аудармасында жарияланбаған. Кейінгі басылымдарда (1953, 1975) Сырбай Мәуленов тәржімасы енгізіліп жүр.

Екі дәуірде екі ақынның шабыты мен дарыны арқылы дуниеге келген өнер туындысын салыстыру, сапасын тап басып белгілеу, ерекшеліктерін екшеу оңай шаруа емес. Біз Илияс Жансүгіровтың Пушкин шығармаларын қандай жағдайда қазақшалағанын жақсы білеміз. Данышпан суреткердің мерт болғанына 100 жыл толу қарсаңында басқа да бауырлас әрінестері тәрізді, қазак ақындары да қауырт іске жұмыла кірісіп, небір тамаша өлеңдер мен поэмаларды аз ғана уақыттың ішінде аударып, қалың қауымның иғілігіне айналдырып үлгірді. Әлбетте, асығыстық кері әсерін тигізбей қоймады. Сонда да болса біз олардың осыдан қырық жылдан астам уақыт бұрын жасалған аудармаларын оқып, сәттілеріне сүйініш сезімін білдіреміз. Әсіресе, Илияс Жансүгіров сияқты ірі дарын иесінің көркем аударма саласында да өз қолтаңбасын қалдырғанына қайран қаламыз. «Сақта мені, тұмарым» — осының бір мысалы. Өзінің мазмұны мен түрі жағынан келбетті келісім тапқан бұл аударма кейінгі жылдар жемісінен кем түспейтіні былай тұрсын, көп ретте мойны озық тұр. Салыстырма әдіске сөз берейік.

<sup>49</sup> Пушкин А. С. Шеирлар. Алматы, 1974, 56-б.

## Пушкинде:

Храни меня, мой талисман,  
Храни меня во дни гоненья,  
Во дни раскаянья, волненья;  
Ты в день печали был мне да...<sup>50</sup>

Когда подымет океан  
Вокруг меня волн ревучи,  
Когда грозою грянут тучи —  
Храни меня, мой талисман.

## Жансүгіровте:

Сакта мені, тұмарым,  
Куган күні сен сакта.  
Өкініште, опықта;  
Тар күнімде ұшырадың.

Сапырып теніз суларын,  
Айналамда әкірсе,  
Бұлт басып, жай жеткірсе,  
Сакта мені, тұмарым<sup>50</sup>.

## Мәуленовте:

Сакта мені, бойтұмар,  
Сакта мені тар күннен.  
Сакта жаным қайғырар  
Ауыр кезде алдым мен.

Асау мұхит бүрқанса,  
Ойнақтаса толқындар.  
Нажағайын бұлт атса,  
Сакта мені бойтұмар<sup>51</sup>.

Жансүгіров тәржімасындағы бір ерекшелік: ол салған жерден тұпнұсканың мазмұнымен қатар формасын да сақтауға, орыс өлеңінің өлшемімен бірге үйқасын да сол қалпында келтіруге күш жұмсады, а б б а түріндегі қаусырмалы үйқасты өлеңнің басынан аяғына дейін сақтайды. Ал Мәуленов Пушкин әлегиясының осы өзгешелігін мұлде ескермейді де, баяғы шалыс үйқасқа қарай үйріле береді.

Жеке сөз қолданыстарда да айырмашылық бірден көзге түседі. «...Во дни гоненья» Илияста — «Куған күн», Сыrbайда — «тар күннен». Пушкин мені тар күннен сакта демейді, құғынға ұшырағанда сакта дейді. «Во дни рас-

<sup>50</sup> Пушкин А. С. Таңдамалы шығармалар жинағы. Алматы, 1937, 2-т., 276-б.

<sup>51</sup> Пушкин А. С. Таңдамалы шығармалар. Алматы, 1975, 1-т., 130-6.

каянья, волненъя» Ілиястың түсінуінде «Өкініште, опықта», Сырбай оны «жаным қайғырар» деп қазақналайды. Екі аударманың нәрі де, әрі де екі түрлі: Ілияс мейлінше дәлдікті көздейді де, Сырбай еркіндеу кетеді.

«Ты в день печали был мне дан»: Жансұгіровте — «Тар күнімде ұшырадың», Мәуленовте — «Ауыр кезде алдым мен». Ауыр кез — тар күн емес.

Екінші шумакта Мәуленов «Вокруг меня воли ревучи» тармағын «ойнақтаса толқындар» тіркесімен ауыстырады. Жансұгіровтегі «Айналамда» мұнда мұлде жок. «Ревучиді» Мәуленов ойнақтау деп түсінсе, Жансұгіров дәл мағынасында («өкірсе») қолданады.

Пушкинде:

В уединенье чуждых стран,  
На лоне скучного покоя,  
В тревоге пламенного боя  
Храни меня, мой талисман.

Священный сладостный обман,  
Души волшебное светило...  
Оно сокрылось, изменило...  
Храни меня, мой талисман.

Жансұгіровте:

Жерінде жат жұрттардың,  
Жалғыз үйде қалғанда,  
Жалындаған майданда,  
Сақта мені, тұмарым.

Сиқырлы жан шырағым,  
Касиетті тәтті алдау...  
Айныды да, жоғалды-ау.,.  
Сақта мені, тұмарым.

Мәуленовте:

Жүрсем жалғыз жат елде  
Жаным салқын, жоқ құмар.  
Софыс күні қатерде  
Сақта мені, бойтұмар.

Касиетті, тәтті алданыш  
Жан сәулеті жарқырар.  
Жоғалды енді ол да алыс,  
Сақта мені, бойтұмар.

Бірінші шумактың бірінші тармағы екі тәржімада да жатық берілген. Бірақ келесі, екінші тармақта екеуінде де жетісінкіремей жатыр. «Жалғыз үйде қалғанда» мән «Жаным салқын, жоқ құмар» түпнұсқадағы «На лоне

скучного покоя» тіркесінің төлеміне жүре қояр ма екен?

Мәуленовтің «Софыс күні...» — «Жалындаған майданда» («пламенного боя») ұғымынан ғері кеңдеу; софыс — война, майдан — жалпақ түсініктегі «бой» (бұл арада «бой»—ұрыс, шайқас мәнінде алынбағаны онды болған). «Души волшебное светило». Жансүгіровте — «Сикырлы жан шырағым», Мәуленовте — «Жан сәулеті жарқырар». Біріншісі қекейге қонады. Тек «священный сладостный обман» ғана екі аудармашыда бірдей: Илияста — «қасиетті тәтті алдау», Сырбайда — «қасиетті, тәтті алданыш». Айырмасы Мәуленов екі сөздің арасын үтірмен бөлген де, Жансүгіров ешбір тыныс белгісін қоймаған (орыссында солай). Соңғы шумақ.

Пушкинде:

Пускай же ввек сердечных ран  
Не растрavit воспоминанье.  
Прощай, надежда; спи, желанье;  
Храни меня, мой талисман.

Жансүгіровте:

Сеппесін ой уларын,  
Жүрек жара, күшті дерт.  
Ұйықта, тілек, хош, үміт:  
Сақта мені, тұмарым.

Мәуленовте:

Жарасымен қалсын жан,  
Соқпа өткенге ой-қиял.  
Қош бол үміт, ұйықта, арман,  
Сақта мені, бойтұмар.

Алғашқы екі тармақтағы күрделі ойды, мән-мағынаны Илияс өрнекті өлең тілімен емін-еркін жеткізген. «Не растрavit» — «ушықтырмасын, қоздырмасын» дегенді «сеппесін ой уларын» арқылы аңғарту үшін шеберлік керек емес пе? Мәуленов «Соқпа өткенге» тәрізді қарашайым ұғыммен шектелген. «Жарасымен қалсын жан» да — сондай.

Жансүгіров үшінші тармақтың да суретін айнытпай дәл түсірген. Суретін ғана емес, ондағы сөз екпінін, мағына салмағын сараптай білген.

«Сақта мені, тұмарым» өлеңінің қазақша нұсқаларының мән-жайы, сыр-сымбаты осындай.

\* \* \*

Данышпан ақынның қаламынан туған шүрайлы, шырайлы лириканың қомақты саласына сұлулық дүниесі, махаббат сезімі туралы өлеңдері жатады. Атакты «А. П. Қернге» сондай-ақ «Жырлама сұлу, жанымда», «Атымнан саған не пайды», «Мен сізді сүйіп едім», «Ішем Мери саулығына» тәрізді асыл бітімді, өте-мөтө өрнекті, өркешті өлеңдерінде мөлдір махаббат, шынайы сүйіспен-шілік жайлары ғана шертілмей, сонымен қатар ақынның өз басына байланысты жәйттер де қоса түйінделеді.

Пушкиннің махаббат тақырыбындағы өлеңдерінде құштарлық тебіреністері мен құмарлық құлшыныстары кіршіксіз көңілдің кейде кіrbінді, кейде кіrbіңсіз күйлөрі, бірде шалқар шаттыққа шомған, бірде түпсіз мұңға батқан мезеттері, творчестволық шабыттың шырқау шақтары алма-кезек аудиысып, тоқайласа тоғысып отырады. Элбетте, олардың бәрін бірдей тек қана өмірбаяндық тұрғыдан түсіндіріп, жеке эпизодтардың тәңірегіне топтастыру біржақтылық болар еді.

Енді махаббат тақырыбындағы екі өлеңнің қазаша нұсқаларын талдау, аударма сапасын анықтау жағына зер салайық.

### K\*\*\* («Я помню чудное мгновенье»)

Пушкин лирикасында «А. П. Қернге» (1825) өлеңі сезім терендігімен, өлеңнің мейлінше келісті көркемдігімен ерекше орын алады. Ол орыс поэзиясында ғана емес, бүкіл дүниежүзілік поэзияда махаббат гимні саналады. Өлеңнің әр кезде қалай қазақшаланғаны жайында сез қозғамас бұрын оның жазылу тарихы мен қайталанбас ерекшелігіне тоқталып өту қажет.

Өмірбаяндық материалдардың молдығы, Анна Петровна Қерннің естеліктері, Пушкиннің оған жазған хаттары, замандастарының әнгімелері бұл шығарманы кейбіреулердің өмірбаян шенберінде қарастыруына тұрткі болғаны мәлім.

А. П. Қерн мен Пушкин алғаш 1819 жылы Петербургте Олениндер үйінде кездескен. Ай десе аудиызы, күн десе көзі бар, аса сұлу Аннаның жасы он тоғызға қараған кезі екен. Ол осыдан екі жыл бұрын Е. Ф. Қерн деген қарт генералға тұрмысқа шыққан. Астаналық қауым ор-

тасында Пушкинмен жүздесү оған қаты асер етп. Гүмбәзи естен кетпестей оқиғага айналған.

Арада алты жыл откешнен кейін, 1824 жылы Пушкин Тригорское деревнясында Керім мен екінші рет кездескен. Үштаптылаған сезім қайта сянып, ақын жүргегінен кірмәксіз пәктік терең тебіреніс жырлары туған. Пушкин әйгілі өлеңін Керн Ригага аттанар алдында өз қолымен табыс еткен.

Осынау алты жылда ақын елеулі оқиғаларды (Петрбургтен қуылу, онтүстікте болу, декабристер қауымымен жақындасу, Михайловское деревнясына жаңадан жер аударылу) бастан кешіргенін ерекше ескеру шарт. Өйткені осы кезеңдер өлеңнің екінші, үшінші, төртінші шумақтарында соншалық ықшам, соншама дәлме-дәл суреттелген.

Шығармада сұлулыққа сүйсіну, масаттану сезімі суреттелген. Пушкиннің түсінігінде махабbat — адам бойындағы аса күшті сезімдердің бірі және адам арасындағы қатынастардың ең табиғи көрінісі. Поэзия тәрізді махабbat та адамның еркін билеп, оның ішкі қуатын қимылға келтіреді. Пушкинде махабbat пен поэзияның апалы-сіңлілі екі сұлудай қатар алынуы тегін емес.

Алайда «А. П. Кернге» махабbat тақырыбына ғана арналған шығарма ма? Бұл мәселе жөнінде В. Вересаев, А. И. Белецкийлер пікір қозғап, түрлі топшылаулар жасаған. Дұрысында, сұлулыққа таңдану, сүйсіну Пушкинде екінші бір тақырыппен — творчестволық шабыт тақырыбымен үштасқан, мәнерлесіп қыысқан. Өлеңде өмір сүрудің философиялық мәні, творчество шаттығы терең бейнеленген. Сонымен, «пәк таза сұлулық кеменгерінің» образы — Анна Петровна Керннің портреті емес, өлеңде осынау образ арқылы ақындық шалқар шабыттың пәктігін, тазалығын, табиғилығын баса көрсету мақсаты көзделген.

«Гений чистой красоты» — Жуковскийде үшырасатын бедерлі сөз кестесі. Жуковскийдің сипаттауыша, ол «Аспан періштесі», «Әуеде көрген тұс», «Жоғарыдан келген қонақ». Ал, Пушкинде сұлулық сымбаты мен мұраты ретінде алып тұрса да ол жер бетіндегі нақты адам, асқан сұлу, онда әдеттен тыс, табиғилықтан тыс ештеңе жоқ. Сол ғайыптан жолықкан аса ажарлы әйелдің бейнесі ақын бойында өмірге, творчествоға құштарлық сезімін оятқан.

«А. П. Кернге» өлеңінің мықтылығы мынада: мұнда ақын өмірінің фактісі, оның сезімі, сүйініш-күйініші творчестволық шабытты сипаттаумен біте қайнасып, бөлінбестей бірлікте үштасқан.

Шығарманың қазақша үш нұсқасы бар. Алғашқы тәжірибе — Қасым Тоғұзақовтікі (1938). Кейінгі тәржімалар — Куандық Шаңғытбаев пен Фали Ормановтікі (1949, 1953 жылдар). Ал 1975 жылғы екі томдықтың бірінші томына Шаңғытбаев нұсқасы енгізіліп, әзірге ең тәуір аударма ретінде ұсынылған.

Үш нұсқаны салыстырmas бұрын, бір ақынның, атап айтқанда Куандық Шаңғытбаевтың қазақшалауындағы шумағының тәртінші шумағы әуелі «Тәңіріндегі ғазиз көріктің» (1949) күйінде алынса, кейін «Тәңірі сұлу көріктің» (1953) делінген. 1975 жылғы басылымда «ғазиз» — емес «әзіз»; екінші шумақтың үшінші, тәртінші тармақтары — «Естіліп ұдай нәзік үн, түсімнен шықпай тарықтым» (1949, 1975), өзге басылымда «Естіліп сол бір нәзік үн, шықпады түстен ақ жүзің» (1953); ең соңғы шумақтың үшінші тармағы — «қызық та, жас та махаббат» (1949, 1975), аралықтағы басылымда «Қасірет, шабыт, махаббат» (1953). Тұпнұсқаға осылардың қайсысы сәйкес екенін салыстыру тұсында көреміз.

Пушкинде:

Я помню чудное мгновенье:  
Передо мной явилась ты,  
Как мимолетное виденье,  
Как гений чистой красоты.

В томленьях грусти безнадежной,  
В тревогах шумной суеты,  
Звучал мне долго голос нежный  
И снились милые черты.

Тоғұзақовта:

Әлі есімде көрген елес тамаша,  
Қарсы алдында түр екенсің қарасам.  
Сұлулықтың әулиесі тәрізді,  
Сағымдай бол өте шықкан жанаса.

Үміті жоқ қасіреттің ішінде  
Қатты хауіп жеңген шақта күшімді,  
Тұрды естіліп сениң нәзік дауысың,  
Түсте көрдім жаным сүйген пішінді<sup>52</sup>.

<sup>52</sup> Пушкин А. С. Өлеңдері. Алматы, 1938, 21—22-б.

## Ормановта:

Есімде шарқы соң бір шақ:  
Алдыма жайнап көніп ен,  
Жарқ етіп шұғылаң нұрга ұқсан,  
Жүзінен сәуле көріп ем.

Умітсіз арман талдырып,  
Сарылсам — әркез ішімде.  
Тәтті үнің жүрді жаңғырып,  
Бейнең бір шықпай түсімнен<sup>53</sup>.

## Шаңғытбаевта:

Шіркін-ай өткен со бір сәт,  
Ғайыптан маган жолықтың;  
Көрініп кеткен түске ұсан,  
Тәңіріндей өзіз көріктің.

Даңаза шумен қажыдым,  
Умітсіз мұнға толып күн.  
Естіліп ұдай нәзік үн,  
Түсімнен шықтай, торықтым<sup>54</sup>.

Бірінші шумактың бірінші тармағы алғашқы нұсқада — тамаша елес, кейінгі екеуінде — «шіркін сол бір шақ» пен «Шіркін-ай... со бір сәт». Алдыңғысы түпнұсқадан алшақтау тұрса, кейінгілерінде «чудное мгновенье» тіркесіндегі «чудное» сөзінің мән-мағынасы, күш-куаты жетпей тұр. Шаңғытбаев осы тармақтағы «Я помню» дег басталатын өзекті ойды тастан кеткен. Осындағы «өткен» сөзі — қажетсіз, бос тұр. Оған «Есімде» қосылса бір сәрі.

Үш тәржімада да «как гений чистой красоты» орысшасындағыдан да емес. «Как гений» Тоғұзаковта — «әулие тәрізді», Шаңғытбаевта — «тәңіріндей». Ал Орманов оны мұлде басқашалау етіп жіберген.

«Генийді» кемеңгер немесе данышпан демей, тәңірімен ауыстырған, сондай төлем тапқан Шаңғытбаев «чистой красоты»-ды «әзіз көріктің» түрінде дұрыс алған ба? Біздінше, бұл екеуі орысшасының дәлме-дәл баламасы бола алмайтыны тәрізді. «Фазиз, әзіз» дейтін араб сөзі аяулы, қадірлі, қымбатты, ардақты деген мағынаны білдірмей ме? Онан соң «Қөріктен» гөрі «сұлулық» лайық емес пе?

Гений мен тәңірге келейік. Қазақ ұғымында тәңір күштірек естілуі мүмкін. Сонда әйгілі қазақ ақыны Жұ-

<sup>53</sup> Пушкин А. С. Шығармалары. Алматы, 1953, 1-т., 178-б.

<sup>54</sup> Пушкин А. С. Тандамалы шығармалары. Алматы, 1975, 131-б.

бан Молдағалиев өзінің «Пушкинді көрген бұл жерлер» атты топтамасында «А. П. Кернеге» өлецінің осы «как гений чистый красоты» тармағын бейне бір аударғандай: «...пәк сұлулық кеменгері»<sup>55</sup> дегеніне қалай қарауымыз керек? Молдағалиев неге басқа бір балама іздемеген? Біздіңше, Жұбан тәжірибесі ескерерлік те, елenerлік те.

Сонымен, «как гений чистой красоты» тармағының қазақшасы әлі де іi қанбаған, сәті туспеген күйде демекпіз.

Екінші шумақтағы «нәзік дауысың», «нәзік үн» тіркестері көңілге қонымды. Тогұзақовта бірінші, екінші тармақтар — әлсіз.

Уш аударманың да елеулі бір міні Пушкиндең аса маңызды «милье черты» қазақшада соншалық әсерлі еместігінде, «милье» эпитетінің тәржімаланбауында (Ормановта — «бейнең бір», Шаңғытбаевта — «Тұсімнен шықпай»).

Пушкинде:

Шли годы. Бурь порыв мятежный  
Рассеял прежние мечты,  
И я забыл твой голос нежный,  
Твои небесные черты.

В глухи, во мраке заточенья  
Тянулись тихо дни мои  
Без божества, без вдохновенья,  
Без слез, без жизни, без любви.

Тогұзақовта:

Жылдар өтті... Апат дауыл тым  
катты  
Бұрынғы ескі қиялымды таратты.  
Мен ұмыттым сенің нәзік даусынды,  
Софан біткен аспандағы сымбатты.

Түнегінде қамалудың көңірсіп,  
Тізбектеліп кундер өтті көңілсіз.  
Тәнірісіз, алып үшқан шабытсыз,  
Көзде жассызы, махаббатсыз, өмірсіз.

Ормановта:

Жылжыды жылдар. Дауылдың  
Бұрқағы бәрін ыдыратты.  
Үнінен нәзік жанылдым,  
Сымбатың ұмыт сиякты,

<sup>55</sup> Молдағалиев Ж. Шығармалар жинағы: Өлеңдер. Алматы, 1979, 1-т., 597-б.

Тым-тырыс, қапас түнекте  
Аярмен етті күндерім.  
Тәңіріні, жырды, тірлікті,  
Махаббат, шерді білмедім.

### Шаңғытбаевта:

Сапырып жылдар дауылын,  
Өмірді отын үміттің.  
Есімнен шықпай нәзік үн,  
Көркінді асыл ұмыттым.

Күндерім етті бұлдырлап,  
Мекен бол жапан, түнек дүз;  
Көңілсіз, жарсыз, көзқұрғап,  
Өмірсіз, жарқын тілексіз.

Екінші шумақ түсында да Орманов нұсқасы орысша-  
сына едәуір жақындаған, өлеңнің дауыс екпіні мен ыр-  
ғағы да сақталғанға ұқсайды. Тек қана «без вдохнове-  
ния» «шабыт» түрғанда «жыр» болмауы керек еді. Сондай-  
ак, қазақша жатық оқылатын Шаңғытбаев аудармасын-  
да кайсыбір ұғымдар орынсыз алмастырылған (без бо-  
жества — көңілсіз, без любви — жарсыз, т. т.). Куандық  
«небесные черты» тіркесіндегі бірінші сөзді Тоғузаковша  
«аспандагы» демей, «көркінді асыл» деп сол ұғымды бе-  
ретін балама тапқан. Фали мен Қасымның «сымбаты» да  
«черты» сөзінің төлеміне жарағандай. Куандықта 1949,  
1953 жылдардағы басылымдарда дұрыс тәржімаланған  
«Есімнен шықты...» 1975 жылғы жинақта «Есімнен шық-  
пай...» болып теріс магына беріп тұр (Пушкин «И я за-  
был...» демей ме?).

«Рассеял прежние мечты» — «Өшірді отын үміттің»  
сырттай әуезді болса да, мазмұнында бөлектік жоқ емес.  
«Рассеял» Фалида — «ыдыратты», Қасымда — «тарат-  
ты». Қасымның «бұрынғыға» жалғаған «ескісі» — басы  
артық нәрсе.

«В глухи, во мраке заточенья» Ормановта — «Тым-  
тырыс, қапас түнекте». Дәл айтылған. Шаңғытбаевтың  
«Жапан, түнек түзі» де бөтен емес. Тоғузаков нұсқасын-  
дағы: «Түнегінде қамалудың көңірсіп» — басқашалау.

Келесі шумақты түгел келтірмей (соңғы екі тармағы  
бастапқы шумақты қайталайтындықтан) бірінші, екінші  
жолдарының ғана тәржімаларын салыстырамыз:

### Пушкинде:

Душе настало пробужденье:  
И вот опять явилась ты...

### Тоғұзаковта:

Бір мезгілде жан оянды таласа,  
Қарсы алдында тағы тұрсың қарасам.

### Ормановта:

Жадырап жаным жетті шак,  
Тағы да жайнап келдің сен.

### Шаңғытбаевта:

Оянар көңлім жетті сәт:  
Файыптан тағы жолықтың.

«Дүше...» Орманов пен Тоғұзаковта — «жан», Шаңғытбаевта — «көңлім».

«Пробужденье» Тоғұзаков пен Шаңғытбаевта — «оянды», «оянар», Ормановта — «жадырап». Соңғы шумакқа көңіл аударайық.

### Пушкинде:

И сердце бьется в упоенье,  
И для него воскресли вновь  
И божество, и вдохновенье,  
И жизнь, и слезы, и любовь.

### Тоғұзаковта:

Соқты жүрек, тапты жүрек рахат,  
Оған тағы қайтып келіп болды таң.  
Әрі тәңірі, әрі шабыт, әрі өмір,  
Әрі көз жас, әрі ардакты махаббат.

### Ормановта:

Күйылып ләzzат жүрекке,  
Жарқырап ішім нұр алды.  
Тәңірі де, жыр да, тірлік те,  
Махаббат, шер де оралды.

### Шаңғытбаевта:

Кеңелді көңіл, болды шат,  
Өмір де жарқын тілекте.  
Қызық та, жас та, махаббат  
Оралды қайта жүрекке.

«Шабыттың» орнына «жыр», «көз жасының» орнына «шер» сөздерін қолданған ескермесек, бұл шумақ Ормановта тәржіма өз көркін тапқан. «Күйылып ләzzат жүрекке» — «И сердце бьется в упоенье» тіркесінің қазаша өтелімі тәрізді. Тоғұзаков тәржімасы да әсерсіз емес. Екі рет қайталанған «жүрек» сөзінің алдындағы «соқты», «тапты» етістіктері өлең екпінін күштейте түс-

кендей. Қасым «и» жалғауын еселең айтылған «әрі» арқылы әрлендірген.

Шаңғытбаев аудармасындағы «тілекте» бірге жазылмауға тиіс. 1935 жылғы басылымда ол «тілек те» болып белек жазылған. Куандық «и божество, и вдохновенье» тармағын түгелімен тәржімаламаған да, «и жизнь» сөзін «қызық та» дей салған. Сонда өмір, тірлік сияқты ұфымдарды ұмыт қалдырығаны ма?..

«А. П. Кернге» өлеңінің туысқан тілдерге де қалай аударылғанын түгелдей болмағанымен, жеке шумақтар арқылы аңғарта кету жөн тәрізді.

Татарша:

Мин хәтерлим гәжәп бер минутны:  
Килем чыктың минем каршыма,  
Даңие күк керсез матурлыкның,  
Тиз үтүчән матур тәшсыман<sup>56</sup>.

(Ә. Исхак тәржімасы).

Мұнда «чудное мгновенье» — ғажап минут мағынасында алынған. «Как гений чистой красоты» өз мәнінен өзгертілмей, кіршіксіз сұлулықтың данышпаны (кеменгері) тәрізді делінген. (Даңи — данышпан, кеменгер, күн сияқты, секілді, тәрізді).

«Как мимолетное виденье» тіркесіндегі «виденье» — түс түрінде тәржімаланған. Ә. Исхак оның алдына «матур» (сұлу, көркем) сөзін қосқан. Енді ең соңғы шумақтың татаршасын оқып көрейік:

Үорәк тибә тағын шатлық белән,  
Иске хисләр тағын кузгалды:  
Табыну, илһам, тормыш, күз яше һәм  
Сөю миндә тағын уянды.

Мұнда Пушкин ойын түгел жеткізу талабынан туған мейлінше дәлме-дәлдік, мұқияттылық бар. Біздің кейір ақындарымыздың қазақшаламай, тастап кеткен сөздері татаршада түгел сақталған. Соңғы екі тармақта орысша-дағы «и божество, и вдохновенье, и жизнь, и слезы, и любовь» татаршада қалай берілгенін байқадыныздар ма? Тіпті, орындары да ауыстырылмаған. «Божество» — тәңірі емес, табыну мағынасында аңғартылған.

Әзбекше:

Ёдимдадир у фусункор, гузал дам,  
Сен қаршимда ..  
бүлган эдинг номоён.

<sup>56</sup> Пушкин А. С. Сайланма әсәрләр. Қазан, 1954, 1-т., 78-б.

Гүё саёқ бир хаслии күп мубқам,  
Нафосатниң парисидай хуромон<sup>57</sup>.

(Ә. Исхак тәржімасы).

Өлеңді өзбекшеге аударған ақын алғашқы екі тармақты өз мәнінен өзгертулған. Бірақ ол тұпнұсқаңың ең күрделі, ең бедерлі, соңғы тармағын соңырқағандай, өзгертіп басқа бейнемен ауыстырған. «Қак гений чистой красоты» Шайхзада тәржімасында — көркемдіктің (нәзіктіктің) періштесі делінген. Біз мұны сірә, әр халықтың ойлау, ұғыну-түсіну жүйесіндегі ерекшелікten туған құбылыс деп қарайтын шығармыз.

Соңғы шумақтың соңғы екі тармағы:

Илком хам бор, хаёт хам бар, худованд,  
Бордир ортиқ күз ёши ва мухаббат.

Мұнда илхом — шабыт, хаёт — өмір, худовонд — тәңір, құдауанда, күз еши — көз жасы, мухаббат — махаббат мағынасын білдіріп түр.

«А. П. Кернге» өлеңінің қазақша нұсқаларын орысша-сымен салыстырудан түйетін түйін: шығарманы әбден жеріне жеткізе, тұпнұсқаға барабар етіп сомдау үшін оған қайта оралу қажет.

*«Жырлама, сұлу, жанымда»*  
*(«Не пой, красавица, при мне»)*

Бұл шығарманың жазылу тарихы ықшам да қарапайым. Зерттеушілердің тұжырымдарына қарағанда, «жырлама, сұлу, жанымда» (1828) өлеңінің тууына ойда жокта Пушкин құлағына шалынған грузин әуені себепкер болған көрінеді, ол әуенді Глинкаға Грибоедов жеткізген.

«Жырлама, сұлу, жанымда» қазақ тіліне алғаш отызыншы жылдардың орта кезінде, Пушкиннің қайтыс болғанына 100 жыл толу қарсаңында аударылған. Екі ақынның — Ілияс Жансүгіров пен Өтебай Тұрманжановтың жарыса жасаған тәржімасы орыс әдебиеті атасының 1936—1937 жылдары қазақ тілінде жарық көрген үш томдығының екінші томында жарияланған. Кейінгі, 1949, 1953, 1975 жылдардағы басылымдарда оқырмандар назарына Қуандық Шаңғытбаев аудармасы ұсынылып келеді. Шаңғытбаев нұсқасы екі басылымда да (1949,

<sup>57</sup> Пушкин А. С. Таңланған асарлар. Ташкент, 1979, 1-т., 178-б.

1953) бірдей болып келсе, соңғы екі томдықтың бірінші томында (1975) ішінәра өзгерістерге үшыратылған. Мәселен, бұрынғы басылымдарда бірінші шумақтың екінші, үшінші тармақтары:

Мұнды грузин әнін сап  
Түседі еске жадыма, —

турінде оқылса, енді:

Жылама грузин әнін сап,  
Тулайды менің жанымда, —

болып өнделген.

Эрине, кейінгі нұсқада бұрынғысынан әлсіз, мұның ең бір қолайсыз жері — мағына, мазмұн мүлде өзгеріп кеткен. «Жылама» — түптекстіге жуықтамайтын, кисынсыз бірдене. Сондай-ак, «тулайды» етістігі де ебедейсіздікті абыллатады. Орысшасы «напоминают» болса, ол бұрынғы тәржімадағыдан «түседі еске» емес пе?

Үшінші шумақтың үшінші, төртінші тармақтары Шаңғытбаев аудармасының алдыңғы екі басылымында: «Естілсé әнің егерде — ол түсер еске қомескі» болып келуші еді. Енді ол «Әніңе еркін берем де, сол қызды көрем қомескі» жолдарына айналдырылған. Пушкинде «қызы» деген сөз жоқ. Оның «его» деп отырғаны — «призрак». Мұны Илияс «үрэй» деп, Өтебай «елес» деп қазақшалаған.

Илияс Жансүгіров «Жылама, сұлу, жанымда» өлеңін екі рет аударған тәрізді. Біреуі Жансүгіровтың 1960 жылы жарық көрген бірінші томында «Жылама, сұлу, мен барда» деген атпен енгізілген де, екіншісі ертеректегі (1937 жылғы) екінші томда орналастырылған. Илияс томындағы тәржіма бұрын жасалған сияқты. Ол Пушкин өлеңін еркін аударып, тіпті жол санын да асырып жіберген: орысшасындағы төрт тармақты алты тармаққа орайластырған. Мәселен, мынадай:

Тілегім, сенен, сұлуым,  
Жылайтын жырды грузин.  
Мен барында жырлама  
Өртеп жанды алады,  
Ол жыр еске салады  
Ұмытқанды біржола<sup>58</sup>.

Біз салыстырмада Илиастың 1937 жылғы аудармасына сілтеме жасауды жөн көреміз, өйткені ол алғашқы

<sup>58</sup> Жансүгіров I, Шығармалары. Алматы, 1960, 1-т., 435-6.

тәжірибе ретіндеғі мына нұсқадан көш ілгері. Енді өлең-  
нің қазакша үш нұсқасын қарастырайық.

Пушкинде:

Не пой, красавица, при мне  
Ты песен Грузии печальной;  
Напоминают мне они  
Другую жизнь и берег дальний.

Жансүгіровте:

Жырлама, сұлу, жанымда  
Грузиннің мұң жырын.  
Түседі еске бұл жырда  
Алыс жақ, бір өмірім<sup>59</sup>.

Тұрманжановта:

Жырлама, сұлу, жанымда  
Грузин мұнды жырларын;  
Түсірер менің есіме  
Қыыр шет, жат ел сырларын<sup>60</sup>.

Шаңғытбаевта:

Жырлама, сұлу, жанымда  
Мұнды грузин әнін сап.  
Түседі менің жадыма  
Басқа бір өмір, алыс жақ,

Бірінші тармақ үшеуінде де бірдей. Екінші тармақтағы «...песен Грузии печальной» Илияс пен Өтебайда бірдейге жақын: біреуінде «жырын», екіншісінде — жырларын». Куандық «әнін сап» сөздерін «не пой»-дың қазақшасы ретінде қосқан. Ушінші тармақ «Түседі еске», «Түсірер есіме», «Түседі жадыма» түрінде ұқсас болып келеді. Тек төртінші тармақта Тұрманжанов жаңсақ түсініп, «другую жизнь и берег дальний» жолын «қыыр шет, жат ел сырларын» деп, түпнұсқадан едәуір алыстап, ауытқып кеткен. Илиястың «Алыс жақ, бір өмірім», әсіресе Куандықтың «басқа бір өмір, алыс жақ» деуі дәлдікті аңғартады.

Пушкинде:

Увы! Напоминают мне  
Твои жестокие напевы  
И степь, и ночь — и при луне  
Черты далекой, бедной девы!..

<sup>59</sup> Пушкин А. С. Таңдамалы шығармалар жинағы. Алматы, 1937, 2-т., 274-б.

<sup>60</sup> Пушкин А. С. Таңдамалы шығармалар жинағы. Алматы, 1937, 2-т., 309-б.

## Жансүгіровте:

Айлы тұнді, даланы,  
Сонда сорлы қыз өнің,  
Ah, есіме салады  
Өртеп мені бұл әнің.

## Тұрманжановта:

Ah, ойма салады  
Ағы даусың — қатты үнің.  
Айлы тұнді, даланы,  
Сорлы, алыс қыз кескінің.

## Шаңғытбаевта:

Мейрімсіз үнің, дарифа-ай  
Жадыма менің салады.  
Бөлеген нұрға жарық ай,  
Бишара қыз бен даланы!

Бұл үзінділерде «жестокие напевы» әркімде әртүрлі. Илияста — жай ғана «бұл әнің», Өтебайда — «Ағы даусың — қатты үнің» (еселене, қосарлана айтылған), Куандықта — «мейрімсіз үнің».

«Черты далекой, бедной девы!...» Илияста — «сорлы қыз» («далекой» — аударылмаған, қалып қойған), Өтебайда — «сорлы, алыс қыз» — мағынасы түгел сакталған; Куандықта — «Бишара қыз» («далекой» мұнда да қазақшаланбаған).

Ө. Тұрманжанов нұсқасының бір кемшилігі — үйқастары нашар («қатты үнің» — «кескінің»). Бұл жағынан К. Шаңғытбаев нұсқасы — ұтымды.

## Пушкинде:

Я призрак милый, роковой,  
Тебя увидев, забываю;  
Но ты поень — и предо мной  
Его я вновь воображаю.

## Жансүгіровте:

Тәтті тағдыр үрейін,  
Сені көріп ұмытсам.  
Қез алдымда көремін,  
Сен бұл әнді шырқатсаң.

## Тұрманжановта:

Болмыстың тәтті елесін,  
Сені көріп, ұмытам;  
Алдымда бірақ жырлайсың,  
Ойма оны тағы алам.

## Шаңғытбаевта:

Ұмытам, сені көрем де,  
Сүйікті, арман елесті;  
Естілсе әнің егерде —  
Ол түсер еске көмескі.

Жансұгіров пен Тұрманжанов «призрак милый, роковой» тармағындағы бастапқы екі сөзді «тәтті тағдыр», «тәтті елес» мағынасында түсінген, ал Шаңғытбаев орысша текстінің мәнін сақтап, «сүйікті елес» деп қазақшалаған, сөйтіп дәлдікке ұмтылған. Тұрманжанов «роковой» сөзін тастан кетсе, Шаңғытбаев оны «карман» деп ұққан. Мұның басқа бір баламасын табу керек тәрізді.

Төртінші шумақ өлеңнің бірінші шумағын қайталайтын болғандықтан, ілгерідегі салыстыру, талдаулармен тынамыз.

«Жырлама, сұлу, жанымда» өлеңінің кейбір туыс тілдердегі нұсқасымен танысу зерттеуші үшін ғана емес, қалың жұртшылық, ғылыми, әдеби қауым үшін де қызықсыз болмас деген ой мен жекелеген шумактарын алдарыңызға тартайық.

## Әзбекше:

Куйлама, сохибжамол, менинг алдымда —

Ҳасратли Грузия күшигин, хайхот.

Сенинг күшикларинг тинглаганимда .

Эсланар йироқ сохил ва узга хаёт<sup>61</sup>.

(Міртемір тәржімасы)

## Татарша:

Жырлама син, чибәр, минем алда

Грузиянең мондың жырларын.

Минем искә тәшә еран калган

Бүтән илнең гүзәл қырлары<sup>62</sup>.

(Ә. Ерикай тәржімасы)

## Қырғызша:

Мен барда сулуу, ырдаба

Мундуу грузин ырын так:

Әсиме түшөт кыйнаба,

Башка бир турмуш, алыс жак<sup>63</sup>.

(Токтамушев қотармасы)

## Үйғырша:

Ейтмиғин, дилбәр, алдымда

Фәмкин Грузия күйлирин.

<sup>61</sup> Пушкин А. С. Таңланған асарлар. Ташкент, 1949, 1-т., 208-б.

<sup>62</sup> Пушкин А. С. Сайланма әсәрләр. Қазан, 1-т., 1954.

<sup>63</sup> Пушкин А. С. Ырлар, поэмалар жана драмалар. Фрунзе, 1950,

Келидү мечиң ялымға  
Жирақ әл, өзгә күнлирим<sup>64</sup>.

(М. Абдурахманов тәржімасы)

«Красавица» сөзінің ғана әр тілде әртүрлі — өзбекте «сохибжамал», татарда «чибәр», қыргызда «сулуу», үй-ғырда «дилбәр» болып аударылуының өзі қызықты факт емес пе?

«Не пой» — өзбекше «куилама», татарша «жырлама», қыргызша «ырдаба», үйғырша «ейтмигин».

«...Песен Грузии печальной» — өзбекте «мұнды» сөзі «жырға» жаңастырылмай, Грузияға қатынастыра айтылып, «Ҳасратли Грузия» делінсе, сол үғымдағы үйғыр ақыны да Ғәмкин Грузия» деуді лайық көрген. Қырғызда да осылай: «Мундуу грузин» (бірақ Грузия емес), тек татарда ғана қазақтағыдай — «мұңцылы жырлар» (бізде Ілияс пен Өтебайды осылай, Куандықта басқаша — «мұңцылы грузин» (Грузия емес).

Туыс тілдердегі тәржімаларда жалпы ұқсастықтармен қатар әлгіндегі айырым жайлар, өзгешеліктер жоқ емес. Қөркем аударма тәжірибесі туралы сөз қозғалғанда мұндай жәйттер ескерілуі шарт.

А. С. Пушкиннің Совет өкіметі жылдарында әр кезде әр ақын аударған лирикалық өлеңдерінің қазақша нұсқаларын салыстыра зерттеуден қандай қорытындылар шығаруға болады?

Алдымен, түпнұсқаны негізге ала отырып, аудармаларды өзара салыстыру қажет пе еді? деген сұрақ қойыла қалса, біз бұған мақұлдай жауап береміз. Өйткені ұлы ақынның қөркемдік қарапайымдылығы, ой күрделілігі, образ байлығы, ырғактары мен бояуларының әр алушандығы жағынан тенденсіз, таңғажайып лирикасын аудару қашанда жеңіл міндет емес. Әр аудармада мезгілдің табы, рухы жататыны, ол өз тұсының ғана жемісі ретінде танылатыны даусыз нәрсе. Атап өтерлік ~~штейлі~~ құбылыстың бірі — ақындарымыз Пушкинге таман талпынып, оған мейлінше жақындай түсү бағытынан айнымаган. Осының нәтижесінде қайсыбір өлеңдердің бірнеше немесе жекелеген шумақтары түпнұсқамен барабарлық деңгейіне көтерілген. Бір ақынның тап басып,

<sup>64</sup> Пушкин А. С. Шеирлар, Алматы, 1974, 76-6.

дәл айта алмаған жерлерін екінші бір ақын қыстыра қазақшалаған.

Салыстыра зерттеудің бір пайдасы — аудармашылардың ізденістері мен жетістіктерін бағдарлауымызға мүмкіндік береді.

Әлбетте, Пушкин мұрасын игеруде, қазақ тіліне аударуда олқылықтар, шалағайлықтар мен шикіліктер орын алғаны ешбір күмән келтірмейді. Асыл нұсқаны төрнедеп ұғыну аударма барысында көркемдік шеберлікті жетілдіру, шындау жағы жетіспеген.

Пушкин қазақ тілінде де Пушкинише сөйлеуге тиіс.

Әлбетте, ұлы ақын шығармаларын ана тілімізге бұдан былай аудару барысында өз олжамызбен қатар туысқан халықтар тіліндегі тәржіма тәжірибесі де мүқият ескерілуге тиіс. Тұпнұсқаның текстін ғана емес, бүкіл руҳын, көркемдік қасиетін, сөз өрнегі мен сиқырын оқырманға айна-қатесіз абайлату, анғарту үшін шалқар шабыт, салиқалы шеберлік жұмсалуы қажет. Тіпті, опонай болып көрінетін тармақтың өзі де, жеке сөздер де аудармашыны ойландыруы шарт.

Осылардың бәрін бір сөзбен түйіндең айтар болсақ, Пушкин шығармаларын қазақшалау тұсында талант талғампаздығы мен жауапкершілігі бұрынғыдан да арттырыла, күшейтіле түссе екен демекпіз.

## ТАЛДАУДАН ТҮҮНДАЙДЫ ТҮЖЫРЫМДАР

Әдебиеттің келелі бір мәсесін немесе бірімен бі-

рі сабактас, салалас сындарлы жайларын ғылыми зерттеудің обьектісіне айналдырып, арнаулы әңгіме жүйесіне түсірудің, ол жайында байыпты сөз қозғаудың, өзінді қызықтырған құбылыстар хақында егжей-тегжейлі ой тербел, барынша байыпты талдау жасаудың нәтижесінде сол айтылғандардан түжырым-түйіндер жасалуға тиіс, яғни тоғыз ауыз сөздің тобықтай түйіні керек. Құн тәртібіне қойылған мәселе жан-жақты қарастырылғаннан кейін онан қорытынды шығарылуы шарт.

Пушкин лирикасын қазақ-тіліне аудару дәстүрі деп ат қойылып, айдар тағылған тақырып кездейсоқ алына салмаған, біздің назарымызға ойда жоқта оқыс ілікпеген. Ол ғылыми ортада акылдаса-кенесудің, алдын-ала талқылаудың барысында бірте-бірте айқындалып, көтөрілуге, қозғалуға, зерттелуге тиісті жәйттер нақтыланған, тұтас күйінде болмаса да, жекелеген фактілер, детальдар, ойдым-оидым ойлар әуел баста-ақ оралып, бір ізге түсе бастаған.

Данышпан ақынның бүткіл поэзиясын қамтymай, тек лирикасын ғана нысанага алу әңгіме өресін тарылтпау былай тұрсын, қайта терендей зерттеуімізге мүмкіншілік туғызды деп есептейміз.

Пушкин лирикасын қазақ тіліне аудару дәстүріне айрықша көңіл бөлу — әдеби процестің өзінен, оның даму барысында, көркем аударма саласына зер салу мұқтаждығынан туған заңды құбылыс. Осы ретте біздің бетіміз орыстың классикалық әдебиеттің шығармаларын ана тілімізге аударудың жайына байланысты зәру мәселеге бұрылды да солардың қатарында ең алдымен Пушкин поэзиясы бірінші кезекке қойылды. Осыдан келіп ақын-

ның әр кездегі айтулы лирикалық туындыларының қалай қазақшаланғанын мұқият қарастыру қажеттігі туды. Мұның негізгі себептерін біз кіріспе тарауда да, сол тәрізді негізгі талдау тұстарында да толығырақ әңгімелдеуге, ойымызды негіздеуге талаптандық.

Қазақ топырағында Пушкин туындыларын ана тілімізде алғаш сейлеткен ақынымыздың Абай болғанын және мұның өзі үлттық поэзиямыздың жаңаша іэрленуіне алушті әсерін тигізумен қатар біздегі көркем аударма өнерінің өрелі өрісін танытқан зор мәдени құбылысқа айналғанын баса айту қажет. Абай деңгейі — биік деңгей. Оған кім көрінген котеріле бермес. Бірак Пушкин өлеңдерін қазақшалауға Абайдан кейінгі кезеңдерде талаптағандардың бәрі де оның тәжірибесін елемей-ескермей кете алмады. Революциядан бұрынғы дәуірді былай қойғанда, совет заманында өмір сүрген ірі ақындарымыз да Абай дәстүрінен іргесін аулақ салып көрген жоқ. Элбетте, ұл ақынға иек арту — оның көркемдік принципінде, тәржімашылық тәжірибесін де қайталау емес.

Біз зерттеу жұмысымында Пушкин лирикасын қазақ тіліне аудару ісінің бір ғасырга жуық уақытқа созылғанын, оған әр заман өз бедері месітаңбасын салып отырғанын ескердік, сойте тұра мәселеге ұны ақын мұрасының зәулім мұнарасы тұргысынан қарау қажеттігін де жадымызда сактадық. Өнерде жеңілдік жасау әдеті орын алмауға тиіс.

Монографияда Пушкиннің әйгілі өлеңдерін әр ақынның әр кезде қалай аударғаны, тіпті бір туындыны бірнеше қалам қайраткерлерінің жарыса тәржімалағаны кенинен әңгімеленіп, әр кімнің тұпнұсқаны қалай түсініп, қалай қазақшалағаны нақты мысалдар арқылы дәлелденеді. Осы бағытта біз кейбір ақындарымыздың аудармаға айрықша жауапкершілікпен қарап, ертеректегі тәжірибесіне қайта-қайта үціліп, тұпнұсқаға жақындей түсү мақсатымен үнемі түзетіп, өндеп, жетілдіріл отырғаның назардан тыс қалдырмауды жөн көрдік.

Біз өз енбегімізде зерттеу шенберін аз да болса кеңейтіп, Пушкиннің атақты өлеңдерінің Орта Азия халықтарының тілдеріне қалай тәржімаланып жүргенін аңғарту мақсатын көзdedік. Бір өлеңнің өзі ғана емес, жеке тармактары мен шумақтарының, бейнелі тіркестерінің, мәселен, азербайжан, өзбек, қыргыз, татар, ұйғыр тілдеріндегі нұсқаларын қаз-қалпында келтіріп, оларды өзара салыстыру қызықты тұжырымдар жасауға мүмкінші-

лік туғызатын тәрізді. Бұған 1983 жылғы июньде «Совет халықтары әдебиетінің бірлігімен өзара көркейтіп, баюмда көркем аударманың атқаратын міндеті туралы» тақырыпта Алматыда откізілген Бүкілодақтық аймақтық кеңесте біздің көзіміз әбден жеткендей болды. Кеңесте көркем аударманың түбекейлі проблемалары қатарында Пушкин поэзиясын түркі тілдеріне тәржімалаудың дәстүрі хакында да сөз көзғалды. «Партияның идеологиялық, бұкаратың-саиси жұмысының актуальды мәселе-лері» туралы ариаулы қаулы қабылдаған КПСС Орталық Комитетінің шоғы (1983) Пленумынан кейін іле өткізілген осынау аймақтық кеңесте аударма ахуалы, оның кезек күтпейтін келелі міндеттері жан-жақты әңгімеленді, келешекте жүргізілетін жұмыстардың ауқымы белгіленді. Көркем аударманың маңызы мен ролі туралы сөз болғанда біз партияның XXVI съезінің нұсқауларын, КПСС Орталық Комитетінің шоғы Пленумының қаулысын басшылыққа аламыз. Қаулыда атап көрсетілгеніндей, «СССР-дегі ұлттар мен халықтардың туысқаандық одағы, олардың бірлескен еңбегі, ұлттық мәдениеттердің барған сайын жақындасуы, бірін-бірі байытуы — совет халқының топтасқандығын нығайтудың, социалистік интернационализм рухында тәрбислеу міндеттерін ойдағыдай шешудің аса маңызды факторлары».

Мінс, осындағы мұраттарға қызмет ететін көркем аударма идеологиялық жұмысымыздың бір буыны саналуға тиіс. Қемеңдіңгөн социализм қоғамында жаңа адамды қалыптастыру коммунистік құрылыштың аса маңызды мақсаты болып отырғанда біз әдебиет пен өнердің ықпалды күш екенін ендиқтада да естен шығармаймыз.

Біз барлық халықтардың классикалық рухани мұрасы, адамзаттың асыл үлгілерін өз бойына жинақтаған бүгінгі әдебиетті бәріміздің ортақ казынамыз деп білеміз. Сол халықтардың ұзы ақындары мен жазушыларының өлмес-өшіпес шығармалары адамдарға, әсіресе жастарға адамгершілік, эстетикалық тәлім-тәрбие беру жолындағы ісімізде бізге зор қөмегін тигізетініне сенеміз. Бұл ретте дүниежүзілік әдебиет алыптарының ішінде Пушкиннің орны ерекше.

Ұлы ақын лирикасын қазақ тіліне аудару мәселесіне келгенде біз бұл тәрізді елеулі әдеби процестің бір өзіне ғана тән өзгешеліктері мен қыындықтары, олжасы мен олқылықтары болғанын ашып айтамыз. Бір еңбектің көлемінде барлық мәселе қапысыз қамтылды демейміз.

Қаншама тәуір тәржімаланды десек те, біз Пушкин туындыларын ана тілімізде мінсіз, мұлтіксіз сөйлете алдық деп мардамсы алмаймыз. Қайта, бірсыныра ретте толық түсінбеген, жөнді ұғынбаған, теріс топшылаған тұстарымыз, көркемдік, поэзиялық қасиеттерін сактай алмай қарадүрсіндікке бой алдырган шақтарымыз аз емес екен. Барды барша, жоқты жокша айтуда парызы.

Ендігі жерде науқаншыламай, ақынның белгілі даталарын қуаламай, асығыстыққа ұрынбай, аударма ісіне зор жауапкершілікпен қарап, Пушкиннің көптеген өлеңдерін (тіпті басым көпшілігін) қайта тәржімалау қажет. Және мұны кешеуілдетіп, кейінге қалдыра бермей, нақ кázіргі кезенде, аудармашылық өнеріміздің өрістеген тұсында жеделдете қолға алу керек.

Пушкин шығармаларын қазақшаға аударудың мәнжайын анық білгіміз келсе, сериялы зерттеулер жүргізуге белсене кірісейік. Мәселен, Пушкин поэмаларының қазақшалануы, Пушкин прозасының тәржімалануы туралы аринаулы монографиялар жазуды неге қолға алмасқа?

Орыс поэзиясының сөнбес күні, баршамыздың ардақ тұтар алып ақынның Александр Сергеевич Пушкиннің өз туындылары ғана емес, ол қалдырган мәңгілік құнды мұраның ұлт тілдеріне аударылуы жайындағы мәселе де дәйім маңызды, актуальды бола бермек.

## МАЗМУНЫ

ҮЛТТАР ЫНТЫМАҒЫНЫҢ ҰЙТҚЫСЫ . . . . .	3
СӨЙЛЕИДІ ПУШКИН ҚАЗАҚША . . . . .	13
ӘҢГІМЕ АРҚАУЫ — АУДАРМА АХУАЛЫ . . . . .	29
ТҮПНҰСҚА: ТЕҢ ТУСУ МЕ, КЕМ ТУСУ МЕ? . . . . .	41
ТАРМАҚТАР ТАРАЗЫҒА ТАРТЫЛҒАНДА . . . . .	73
САЛАЛАП СӨЗ САРАСЫН САЛЫСТЫРСАҚ . . . . .	91
Чаадаевқа (К. Чадаеву) өлеңі . . . . .	93
Сібірдің кендерінің тереңінде («Во глубине си- бирских руд») . . . . .	102
Пайғамбар («Пророк») . . . . .	113
Ақын («Поэт») . . . . .	119
Ақынға («Поэту») . . . . .	123
«Қысқы кеш» («Зимний вечер») . . . . .	128
Қысқы таң («Зимнее утро») . . . . .	133
«Қиялымнан туғілдім» («Я пережил свои же- ланья») . . . . .	139
«Алдаса егер сені өмір» («Если жизнь тебя об- манет») . . . . .	141
«Сақта мені тұмарым» («Храни меня, мой та- лисман») . . . . .	144
К*** («Я помню чудное мгновенье») . . . . .	150
«Жырлама, сұлу, жанымда» («Не пой, красавица, при мне») . . . . .	155
ТАЛДАУДАН ТУЫНДАЙДЫ ТҰЖЫРЫМДАР . . . . .	163

*Сагингали Сеитов*  
ТРАДИЦИИ ПЕРЕВОДА  
ЛИРИКИ ПУШКИНА  
(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом  
Института литературы и искусства им. М. О. Ауэзова  
Академии наук Казахской ССР

Редакция менгерушісі М. А. Ращев  
Редакторы З. Егебаева  
Көркемдеуші редакторы Н. Чурсин  
Техникалық редакторы Б. Тұрабаев  
Корректорлары С. Қаймодина, И. В. Пименова  
ИБ № 1873

Теруге 04.09.84. тапсырылды. Басылуға 06.09.85. қол қойылды.  
ҮГ10108. Форматы 84×108<sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Тип. қағ. № 1. Гарнитурасы  
әдебиеттік. Басылымы күрделі. Шарт б. т. 8,4. Шарт. бояу  
көлемі 8,4. Есепке алынатын басна табак 9,7. Тираж 1100.  
Заказ 74. Бағасы 1 с. 40 т.

Издательство «Наука» Казахской ССР  
480100, Алма-Ата, Пушкина, 111/113  
Типография издательства «Наука» Казахской ССР  
480021, Алма-Ата, Шевченко, 28